

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.091.12:004

Қолжазба құқығында

**БУКАНОВА АСЕЛЬ КАЙРАТОВНА**

**Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика  
мұғалімдеріне информатика тарихын оқытудың әдістемелік негіздері**

6D011100 – Информатика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдаст. профессор  
Ошанова Н.Т.

Шет елдік кеңесші  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор  
Пак Н.И.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>1. БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ИНФОРМАТИКА ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>12</b>
1.1 Болашақ информатика мұғалімдерін информатика тарихы саласы бойынша дайындаудың жағдайы.....	12
1.2 Білім беруді цифрландыру жағдайында төңкерілген оқыту ресурстары оқытудың тиімді құралдарының бірі .....	18
1.3 Болашақ информатика мұғалімдерін информатика тарихы саласы бойынша цифрлық білім беру технологиялары негізінде дайындауды жетілдірудің қажеттілігі.....	37
<b>2. БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ИНФОРМАТИКА ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>47</b>
2.1 Білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсы оқытудың мазмұны.....	47
2.2 Білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсы оқыту құралы.....	55
2.3 Болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсы төңкерілген оқыту ресурсы пайдаланып оқыту әдістемесі және педагогикалық эксперимент нәтижелері.....	76
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>101</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>103</b>
<b>ҚОСЫМША А – Өз бетінше орындауға арналған эссе тақырыптары.....</b>	<b>112</b>
<b>ҚОСЫМША Ә – Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар.....</b>	<b>113</b>
<b>ҚОСЫМША Б – Ендіру актілері.....</b>	<b>117</b>
<b>ҚОСЫМША В – Сауалнама сұрақтары.....</b>	<b>120</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы: 2022 жыл 24 қараша, №941.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жыл 10 қаңтар).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары: 2022 жыл 20 шілде, №2.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары: 2022 жыл 3 тамыз, №348.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі: Қазақстан халқына Жолдауы (2020 жыл 1 қыркүйек)

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына Жолдауы (2021 жыл 1 шілде).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасы: 2021 жыл 30 желтоқсан, №961.

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Білім беру ресурстары** – Интернет желісіндегі дидактикалық құндылығы бар материалдар.

**Mentimeter** – презентация форматында нақты уақыт режимінде сауалнамалар мен дауыс беруді құруға арналған онлайн-сервис.

**Miro** – топтарда виртуалды тақталарды құруға және толтыруға арналған ағылшын тіліндегі қызмет.

**Менталды карта** – бұл ақпаратты визуалды түрде ұйымдастыру үшін қолданылатын диаграмма.

**Off-line (асинхронды режим)** – ақпаратты қабылдау-беру үдерісі және онымен жұмыс істеу үдерісі уақытында ажыратылған жұмыс режимі.

**On-line (синхронды режим)** – ақпаратпен жұмыс істеу (қарау, оқу, ал қажет болған жағдайда жаңа материалды дайындау) байланыс сеансы үдерісінде жүзеге асырылатын жұмыс режимі.

**Canva** – веб-шолғышта өңделетін шаблондар негізінде графика, инфографика, веб-сайттар, есептер, жаттығулар парақтары, плакаттар, парақшалар және презентациялар жасауға арналған онлайн-платформа.

**Төңкерілген сынып (Flipped Classroom)** – бұл мұғалім білім алушының үйде өздігінен білім алуы үшін материал ұсынатын, ал білім беру ұйымындағы сыныпта практикалық тұрғыда өткізетін оқыту моделі.

**Төңкерілген білім беру ресурсы** – мазмұны қысқаша, көрнекі теориялық ақпаратпен және түсіндірме практикалық мысалдармен қамтамасыз етілген цифрлық оқыту құралы.

**Хронологиялық уақыт таспасы** – тарихи оқиғалар хронологиялық ретпен белгіленетін сызық.

**Цифрлық контент** – электрондық контент – деректер желілері мен ұялы байланыс желілерінің абоненттеріне цифрлық нысанда ұсынылатын және цифрлық құрылғыларды пайдалану арқылы тұтынылатын ақпарат, сондай-ақ оларға қатысты өнімдер мен қызметтер.

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау жүйесі үнемі қарқынды дамып келе жатқан информатика пәнін оқытуға сәйкес оның мазмұнын, нысандарын, құралдары мен әдістерін жетілдіріп келеді. Бүгінгі таңда ғылымда және қоғам өмірінде болып жатқан интеграциялық процестер жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби дайындығына үлкен талаптар қояды, бұл өз кезегінде болашақ мамандарды даярлауды үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігін тудырады. Осы қажеттілікті Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдаған Жолдауынан: «Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды...Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек» байқауға болады [1]. Осы орайда, білім беруді жаңғырту бағыттарының бірі танымдық және кәсіби міндеттерді кешенді шешу үшін пәндік курстардың әлеуетін саналы түрде пайдалануды қамтамасыз ететін оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге мән беру қажет.

Жоғары оқу орындарында информатиканы оқыту әдістемесін дамыту мәселелері теориялық-әдіснамалық бағыттағы көптеген ғылыми зерттеулердің тақырыбы болып табылады (шетелдік ғалымдар Ю.К.Бабанский [2], Я.А.Ваграменко [3], В.В.Давыдов [4], М.П.Лапчик [5], В.С.Леднев [6], И.Я.Лернер [7], А.В. Могилев [8], Н.И. Пак [9], М.И. Рагулина [10], И.В. Роберт [11], С.Р. Удалов [12], Е.К. Хеннер [13], отандық ғалымдар Е.Ы. Бидайбеков [14], Г.Б. Камалова [15], Қ.С. Әбдиев [16], Ж.К. Нұрбекова [17], Е.Ө. Медеуов [18], А.Е. Сағымбаева [19], Ш.Т. Шекербекова [20], Н.Т. Ошанова [21] және т.б.). Болашақ информатика мұғалімдерінің пәндік дайындығын негіздеу мәселелері С.А. Баляева [22], А.Г. Гейн [23], Н.И. Рыжова [24], Ф.В. Толкачев [25], Е.Ы. Бидайбеков [14], Г.Б. Камалова [15], Ж.К. Нұрбекова [17], Е.Ө. Медеуов [18], А.Е. Сағымбаева [19], Ш.Т. Шекербекова [20] және т.б. зерттеулерде қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында «бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын белсенді енгізу, өз бетінше оқыту нәтижелерін тану, кәсіптік дағдыларды сертификаттау, кәсіптік білім берудің барлық жүйесін еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағдарлау» қажеттігі атап көрсетілген [26].

Осы орайда білім беруді жаңғырту бағыттарының бірі білім беруде болашақ маманның жеке мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруға байланысты құзыреттілік тәсілді кеңінен қолдану болып табылатынын байқауға болады. Бұл тәсіл әсіресе информатика саласына қатты әсер етті, өйткені оның ерекшелігіне байланысты бұл ғылым репродуктивті презентациядан басқа, оның пәндік курстарын зерттеудің өнімді әдісін қажет етеді. Бұл әдістеменің негізгі элементтерін көптеген отандық және шетелдік ғалымдар зерттеді (И.Т. Сәлғожа [33], Ошанова Н.Т. [34], В.В.Гриншкун [27], Л.Л.Босова [28], Дж. Дьюи [29],

И.Я.Лернер, А.М. Матюшкин [30], М.И. Махмутов [31], А.А. Поляруш [32],) және тәжірибеде сәтті қолданылады.

Білім беру жүйесін дамыту педагог кадрларды даярлау сапасына жоғары талаптар қояды. Кәсіби дайындау әрдайым педагогикалық білім беру жүйесінде *өзекті* болып отыр, ол тек оқытылатын пәндер бойынша сапалы оқытуды қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың арасындағы байланысты нығайтады. Оқу пәндері арасындағы байланыс қажеттілігі оқытудың дидактикалық принциптерімен, оқытудың өмірмен байланысымен, болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке дайындаумен, олардың кәсіби дайындық деңгейін арттырумен байланысты. Н.Д. Хмель педагогикалық іс-әрекетке дайындығы – бұл арнайы оқытудың және өз іс-әрекетінің тәжірибесінің әсерінен қалыптасатын күрделі білім, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерін, білім мен дағдыларын қамтитын бірқатар элементтерден тұрады деп санайды [35]. Профессор С.И.Архангельский мұғалімнің дайындығы «өз пәнін жақсы, шебер оқыту, қол жетімді, оқу ақпаратын терең жеткізу, баурап алу қабілетінде көрінеді» деп санайды [36]. В.А. Слостенин кәсіби дайындық ұғымын зерттей отырып, педагогикалық іс-әрекеттің арнайы дағдыларды игерудің бастапқы компоненті ретіндегі рөлін атап көрсетеді. Сонымен, кең мағынада «кәсіби дайындық» ұғымы жалпы өмірлік тәжірибеге, жаңа ортаға енуге, шығармашылық қызметте өзін-өзі жүзеге асыруға дайындық ретінде қарастырылады [37].

Қазіргі уақытта адамның цифрлық әлеммен өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іздеу білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістерге әкелуде. Білім беруді цифрландыру нәтижесінде оқу үдерісі икемді болып, әр білім алушының жеке ерекшеліктері ескеріледі. Осыған орай, болашақ мұғалімді даярлауда білім алушылардың назарын цифрлық технологиялардың заманауи құралдарын игеру қажеттілігіне аудару қажет.

Қазіргі кезде болып жатқан жаһандану мен цифрландыру үдерісіне сай құрылған білім берудің жаңа парадигмасында білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға және цифрлық технологияларды белсенді пайдалануға республикамыздың нормативтік құжаттарында аса мән берілген [38, 39].

Цифрлық экономиканың даму қарқыны білім беру жүйесіне тиісті технологияларды енгізуді талап етеді және өзінің кәсіби қызметінде заманауи цифрлық технологияларды қолдана білетін педагог кадрларды даярлау қажеттілігін тудырады. Бұл болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын қалыптастырудың инновациялық тәсілдерін іздеуге ықпал етеді, мұғалімнің ақпараттар мен цифрлық құралдарды басқарудың заманауи құралдарын саналы және әдістемелік сауатты меңгеруін болжайды. Цифрлық білім беру технологияларын зерттеу болашақ мұғалімге оларды игеруге және кәсіби педагогикалық қызметінде тиімді пайдалану дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Цифрландыру жағдайында білім беру ресурстарын біріктіретін ең тиімді және көпфункционалды құралдар ретінде болашақ информатика мұғалімдері үшін маңызды «Информатика тарихы» курсы оқытудың жаңа құралдарын

әзірлеу және нәтижелілігін негіздеу мәселесінің өзектілігі білім беру қызметі саласындағы келесі негізгі өзгерістерге байланысты.

Біріншіден, ақпараттық төңкерістің қазіргі заманғы шарттары және пәндік даярлық саласындағы білім беру бағдарламалары санының өсуі, сондай-ақ елдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін қызметтің әртүрлі салаларында қосымша білім алу білім алудың кең қолжетімді тәсілдері ретінде цифрлық технологиялармен оқыту өзекті болып табылады. Оқу процесін цифрландыру және қолжетімді сапалы цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету мәселесін шешіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін есепке алуға негізделген оқытудың дербестендірілген траекторияларын іске асыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда жастар визуализациясы аз, ұзақ құрылымдалмаған мәтіндерді пәндік оқыту жағдайында нашар қабылдайды. Осылайша, цифрландырылған оқытуды дамыту теориясы мен практикасына арналған зерттеулердің жеткілікті екендігіне қарамастан, бүгінгі таңда педагогика ғылымында білім алушыларды білім беруді цифрландыруды оқытудың нақты қандай құралдары тиімді және оларды қалай дамыту керек деген сұрақ толық зерттелмей отыр. Дегенмен, цифрландыру жағдайында пәндік оқытудың тиімділігін ескере отырып, құрылған іргелі және проблемалық мәселелер мен міндеттер ағашы түрінде ұсынылған «төңкерілген» оқыту ресурстарының жаңа форматын қолдану арқылы арттыруға болады деп болжануда. Яғни, сұрақ-тапсырма тәсілі мен микрооқыту тұжырымдамалары негізінде жасалатын құралдармен оқыту білім алушының пәндік дайындығын жүзеге асыруға арналған «төңкерілген» оқыту ресурстарының ерекшеліктерін сипаттайды. Оқу ақпаратын микропорцияларға дейін қысу қажеттілігі әлеуметтік желілердің, қысқа аудио және бейнематериалдары бар қызметтердің, визуалды форматтағы ең қысқа ақпаратты ұсынатын мақалалардың кең таралуы оны клиптік ойлау тапшылығын өтеу тәсілі ретінде жақсы игеруге және есте сақтауға ықпал ететіндігіне байланысты. «Төңкерілген» оқыту ресурстары сызықтық оқыту стратегиясын сызықтық емес етіп өзгертуді білдіреді, оқу ақпаратының құрылымдық құрамы мен мазмұнын қайта қарау қажеттілігін тудырады. Мұнда сұрақтар мен міндеттерді зерттеуге негізделген тәсілді және оқу материалының «төңкерілуін» ескеру ұтымды. Дәстүрлі презентацияда оқу материалы келесі ретпен беріледі: теориялық материал, сұрақтар мен тапсырмалар, бақылау тапсырмалары. «Төңкерілген» оқыту ресурстары сұрақтар мен тапсырмалардан басталып, мазмұнды және материалды жалпылау ретінде тақырыпты жаңа форматта өтуді ұсынады [40].

Жоғарыда келтірілген пайымдауларды нақтылау үшін цифрландыру жағдайында білім оқытуды жүзеге асыруға арналған «төңкерілген оқыту ресурсы» ұғымын ұсынылып отыр. *Төңкерілген оқыту ресурсы* – мазмұны иерархиялық ағаш немесе сұрақтардың семантикалық желісі түрінде ұсынылатын, әрқайсысы қысқаша, көрнекі теориялық мәліметтермен және индуктивті – дедуктивті байланыстарды (нақтылау-жалпылау) жүзеге асыратын

түсіндірмелі практикалық мысалдармен қамтамасыз етілетін кешенді цифрлық оқыту құралы. Мұндай құралдарды дамытудың негізгі идеясы – «төңкерілген» оқыту ресурстары жаңа оқу материалын игеру кезінде когнитивті процестердің сызықтық емес инверсиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардан болашақ информатика мұғалімінің «Информатика тарихы» курсы бойынша білім деңгейін арттыру үшін педагогикалық білім берудің қалыптасқан жүйесіндегі осы курстың рөлін жете бағаламау мен информатика тарихы курсының негізінен кең таралған репродуктивті әдістемесін жаңғырту қажеттілігі арасында, тарихи аспектілерді аналитикалық қабылдау қажеттілігі және информатика тарихын зерттеудің іздеу әдістері мен осы курсты оқытуды ұйымдастырудың мұндай құралдарының жеткіліксіздігі арасында *қарама-қайшылықтар* анықталды.

Бұл қарама-қайшылықтардан болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда білімді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының әдістемелік негіздері қандай болуы керек деген *зерттеу мәселесі* туындайды.

Келтірілген мәселелердің шешу жолдарын табу зерттеу тақырыбын «*Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихын оқытудың әдістемелік негіздері*» деп тандауға негіз болды.

**Зерттеу мақсаты** – білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының оқытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, оқыту әдістемесін жасау.

**Зерттеу нысаны** – педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ информатика мұғалімін дайындау үдерісі.

**Зерттеу пәні** – білім беруді цифрландыру жағдайындағы «Информатика тарихы» курсының әдістемесі.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер төңкерілген цифрлық оқыту ресурстарын пайдаланатын «Информатика тарихы» курсының оқытудың ғылыми негізделген әдістемесі жасалса, онда білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби пәндік дайындығы бойынша білімдерінің жүйелілігі қамтамасыз етіледі.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** Білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының төңкерілген оқыту ресурстарын пайдаланып оқыту әдістемесінің тиімділігі оқу үдерісіне цифрлық технологиялардың енуімен қатар, болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби пәндік дайындығы бойынша білімін дамытуға мол мүмкіндік бере отырып, қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына ықпал жасайды.

Зерттеудің мақсаты ұсынылған болжамды жүзеге асыру үшін келесі негізгі **міндеттермен** нақтыланады:

– болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихын оқытудың қазіргі жағдайына талдау жасау;

– болашақ информатика мұғалімдерін информатика тарихы саласы бойынша цифрлық білім беру технологиялары негізінде дайындауды жетілдірудің қажеттілігін негіздеу;



– білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының мазмұнын іріктеп, төңкерілген оқыту ресурсын дайындау;

– болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының төңкерілген оқыту ресурсын пайдаланып оқыту әдістемесін жасау және ұсынылған әдістеменің тиімділігін педагогикалық эксперимент жүзінде дәлелдеу.

**Зерттеу әдістері:** философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; педагогикалық тәжірибелерді талдап қорыту; психологиялық-педагогикалық әдістер, оның ішінде: бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, оқу әрекеті нәтижесін талдау, сараптап бағалау әдісі, математикалық-статистикалық әдістер.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздеріне** информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі (С.А. Бешенков [41], Я.А. Ваграменко [3], А.П.Ершов [42], А.А. Кузнецов [43], М.П. Лапчик [5], Е.Ы. Бидайбеков [14], Ж.А.Қараев [44], С.К. Қариев [45], Т.О. Балықбаев [46] және т.б.); педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ информатика мұғалімін дайындау (Ю.С. Брановский [47], М.П. Лапчик [5], А.В. Могилев [8], В.М. Монахов [48], Е.Ы.Бидайбеков [14] Ж.А. Қараев [41], Е.Ө.Медеуов [18] және т.б.) философиялық, психологиялық және педагогикалық зерттеулер алынды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

– болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда цифрлық білім беру технологиялары негізінде информатика тарихын оқытуды жетілдірудің қажеттілігі негізделді;

– білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының мазмұны іріктелді;

– информатика тарихы курсы бойынша төңкерілген оқыту ресурсы дайындалды;

– болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының төңкерілген оқыту ресурсын пайдаланып оқыту әдістемесі жасалды.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы:** жоғары педагогикалық білім берудегі информатика ғылымының мәдени және іргелі идеяларын, информатика тарихы саласының қалыптасуы мен дамуын зерттеу, білім беруді цифрландыру жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ информатика мұғалімін даярлау қажеттілігінің негізделуі, төңкерілген оқыту ресурсы ұғымының айқындалуы және информатика тарихы курсының дидактикалық қағидаларға сай мазмұнының іріктелуі мен оқыту әдістемесінің ұсынылуы педагогикалық ғылымның информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі саласына қосылған үлес болып табылады.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:** зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының оқытуға арналған төңкерілген оқыту ресурсы негізінде ұсынылған электрондық оқу құралының жасалуымен анықталады. Зерттеу жұмысы барысында жасалған электрондық оқу құралын болашақ информатика

мұғалімдерін даярлауда, орта білім беру орындарында, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

– болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда цифрлық білім беру технологиялары негізінде информатика тарихын оқытуды жетілдірудің қажеттілігі;

– білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының мазмұны;

– информатика тарихы курсы бойынша төңкерілген оқыту ресурсы;

– болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының төңкерілген оқыту ресурсы пайдаланып оқыту әдістемесі.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу.**

Зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері «Тұрақты даму мүдделерінде үздіксіз білім беру: жаңа сын-тегеуріндер. 1-кезең (Нұр-Сұлтан, 2019), «Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда» (Алматы, 2020), «Информатизация образования и методика электронного обучения» (Красноярск, 2019), «Цифровой университет: международная глобализация педагогического образования» (Красноярск, 2019), «ICEST-2020: Economic and Social Trends for Sustainability of Modern Society» (Saint-Petersburg – Krasnoyarsk, 2020) атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияларында талқыланды. Диссертация мазмұны бойынша зерттеу нәтижелері 10 жарияланымда көрініс тапқан, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін журналдарда – 1, Web of Science деректер базасына кіретін ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған басылымдарда – 4, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында – 4 (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 2).

**Зерттеу кезеңдері:**

*Бірінші кезеңде (2018-2019)* – психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық зерттеу жүргізілді. Отандық және шетелдік зерттеулердегі болашақ информатика мұғалімдерін даярлау барысында информатика тарихы курсының оқыту мәселелері талданды, «төңкерілген оқыту ресурсы» ұғымының мәні айқындалып, теориялық тұжырымдар жасалды.

*Екінші кезеңде (2019-2020)* цифрлық білім беру технологияларын пайдаланып информатика тарихы курсының оқытудың әдістемесін оқу үдерісіне енгізу жұмыстары нақтыланып, мазмұны іріктеліп, төңкерілген оқыту ресурсы негізінде информатика тарихы курсының оқыту әдістемесі жасалынды.

*Үшінші кезеңде (2020-2021)* болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда информатика тарихы курсы бойынша білім деңгейінің арттыруына септігін тигізетін курсты оқыту әдістемесінің тиімділігі практика жүзінде

зерттеліп, эксперимент нәтижелері тексерілді, әдістеменің нәтижелері қорытындыланды және оны өңдеу жұмыстары жүргізілді.

**Диссертацияның құрылымы:** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# **1 БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ИНФОРМАТИКА ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Болашақ информатика мұғалімдерін информатика тарихы саласы бойынша дайындаудың жағдайы**

Ғылым көпқырлы, көпастарлы әлеуметтік феномен ретінде біздің өмірлік қызметіміздің барлық салаларына белсенді түрде енді. «Ғылым» түсінігінің мағынасын ашу үшін, оның даму барысын қадағалау үшін ғылым мен қоғам, ғылым мен мәдениет арасындағы байланыстардың кең жүйелері негізінде, сол ғылымның өзін нақты тарихи саралау арқылы жүзеге асыруға болады. Ғылым мәдени-тарихи тұтастықпен тығыз қарым қатынаста дамиды. Құбылысты шынайы түсініп, ой-толғамнан өткізу үшін, оның түп тамырын және даму тарихын білу қажет.

Ғылымның даму тарихын зерттеу – бұл ғылымның мәнін дұрыс түсіну және жеке іс-әрекетінің бағыты мен формаларын дұрыс таңдау үшін қажет маман даярлаудың маңызды бөлігі. Ғылыми жаңалықтар мен техниканың тарихымен танысу болашақ информатика мұғалімдерін даярлау нәтижелеріне оң әсер етуі мүмкін. Ғылым тарихын білу өткен сабақтардан үйренуге және осылайша өз қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Егер біз ғылым тарихын жалпы мәдени тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда бұл адамға өзінің кәсіби саласында кең перспективалар береді. Бұл ішкі әлемді және бізге дейінгі ғалым тұлғалардың тәжірибесін зерттеуге ықпал жасайды.

Академик А.Л.Яншин: «ғылымның дамуы оның тарихын зерттемей мүмкін емес. Барлық дерлік көрнекті ғалымдардың өздері жұмыс істейтін білім саласында ғылыми идеялар тарихы туралы еңбектері бар» - десе, академик А.Д.Александров тарихи білім туралы былай деп жазады: «жалпы білім берудегі ең бастысы, менің ойымша, білім тарихи болуы керек. Ол халықтардың өміріндегі дамуын, олардың материалдық және рухани мәдениетін, ғылымын, атап айтқанда, Еуро-Одақтың драмалық оқиғалары мен көрнекті тұлғалардың жарқын сипаттамаларын қамтуы керек. Оқиға – адамдар ойнайтын және жасайтын керемет драма. Бұл Шекспирдің мыңдаған драмалары мен Толстойдың романдары. Ол бізді таң қалдырады, шабыттандырады және терең білім береді» деп жазды [49].

Ғылым тарихы туралы сөз бастамас бұрын, жалпы ғылым түсінігіне тоқталып өтейік. Ғылым – заттардың, құбылыстар мен процестердің ішкі болмысын, табиғатын ашып көрсететін, олардың даму заңдылықтарын, байланыстарын ашып, даралап тұжырымдайтын шынайы ақиқат, жүйеленген, қисынға келтірілген білім және объективті шындық [50]. Ал, ағылшын философы Бертран Рассел ғылым туралы түсінік бере отырып, «ғылым – ол ең алдымен, көптеген бөлек мәліметтерді байланыстыратын, жалпы заңдылықтарды табуға ұмтылатын жалпы заң» деп атап көрсеткен [51].

Отандық ғалым Ж.А. Алтаев ғылым тарихының рөлі мен маңызынан келесі мәселелерді бөліп қарастыруға болады дейді. Біріншіден, әр түрлі табиғи салалар мен әлеуметтік әлемдегі ізденулерді ынталандырады; екіншіден, білім дамуының кең көлемді ауқымына ие; үшіншіден, білімге қол жеткізу жолдары, әр түрлі объектілерді игеру формалары мен тәсілдері туралы ақпаратты шоғырландырады; төртіншіден, зерттеушілердің назарын болашағы жоқ, тығырыққа тірелер жағдайларға аударып отырып, ғылым адасулар мен қателіктерге алып келетін ойлар мен гипотезалардың пайда болу мүмкіндігінен сақтандырады [52].

Ғылым тарихы нақты процесс ретінде бүкіл адамзат тарихымен байланысты. Бірақ ғылымның даму кезеңдері мен адамзат эволюциясының кезеңдерінің арасында параллелизм жоқ. В.И. Вернадский ұзақ уақыт бойы әлемнің бір немесе басқа бөлігінде ғылымның дамуы баяулап, тіпті тоқтап қалуы мүмкін деп есептеді, бірақ ғылыми ой басқа аймақтарда жандануға және сонымен бірге дамудың бастапқы деңгейіне жетуге қабілетті. Сонымен қатар, адамзаттың әлемдік бірегей тарихының болуын жоққа шығарғанымен, ол бүкіл адамзаттың ауқымындағы ғылымның дамуында бірыңғай желі бар екенін мойындады. Ол үшін бұл сөзсіз прогрессивті дамудың желісі болып табылды. Оның пікірінше ХХ ғасырдың басы ғылымның дамуын геометриялық прогрессия түрінде көрсетеді және оны «ғылыми шығармашылықтың жарылысы» деп бағалайды [53].

Ғылым тарихы Т. Гоббс [54], Г. Лейбниц [55], Дж. Вико [56], И. Гердер [57] сияқты ғалымдардың арнайы зерттеу тақырыбы болды: ғылыми білімнің пайда болу уақыты, ескі мен жаңа ғылымның байланысы, бағыт туралы сұрақтар талқыланды, және циклизм, сондай-ақ ғылымның дамуына әсер еткен факторлар талқылауға алынды. Ғылым тарихының дамуындағы ерекше рөл француз ағартушыларына тиесілі: олар тарихи және ғылыми үдерісті әлемдік тарих тұрғысынан қарастырды, оның сәйкессіздігін (ілгерілеу/кұлдырау, прогрессивтілік/үзіліс, бағыт/циклдық) тіркеді, ғылымның пайда болуын зерттеді. Ағартушылықтың тарихи және ғылыми санасының кемелденуі тарихи және ғылыми мектептердің қалыптасуынан көрінді, бұл ғылымның, мәдени аймақтардың даму дәуірлері туралы нақты материалдардың орасан зор массивінің жинақталуына және жүйеленуіне әкелді (Еуропалық/Шығыс, оның ішінде араб ғылымы), сонымен қатар ғылыми білімнің нақты бағыттары да тыс қалмады. Француз ағартушыларының әйгілі «Энциклопедиясында», шын мәнінде, ХХ ғасырдың ортасына дейін әр түрлі вариацияда болған ғылымның дамуы мен ғылым тарихының позитивистік түсінігінің негізі қаланды.

Бүгінгі таңда ғылым тарихы, бір жағынан, белгілі бір білім салалары шеңберінде зерттеледі (физика тарихы – физика ғылымдарында, математика тарихы - математикада, лингвистика тарихы – тіл ғылымдарында және т.б.), ал екінші жағынан, белгілі бір тұтастық ретінде ғылым тарихы (ғылымның негізгі кіші жүйелерінің жиынтығы) философияның зерттеу пәні болып табылады. Ұзақ уақыт бойы ғылым философиясындағы ең танымал ғылым тарихының позитивистік түсіндірмесі болды. Ғылымның позитивистік тарихнамасының

принциптерін В. Уэвелл «Индуктивті ғылымдар тарихында» тұжырымдады. Позитивистік әдістемеде ғылымның даму үдерісі білімнің біртіндеп жинақталуының үздіксіз үдерісі ретінде көрінеді. Оны бірқатар көрнекті ғылым тарихшылары сыни тұрғыдан қайта қарастырды. XX ғасырдың бірінші жартысында А. Койре ғылым тарихындағы ғылыми революциялардың рөлін мойындауға келеді, оның барысында әлемнің ғылыми бейнесі түбегейлі өзгереді және ғылыми ойлау стилі өзгереді; ол үшін ғылым дамуының маңызды факторлары ғылым ішіне жатпайтын болды [58], ал оның замандасы Д. Бернал ғылымнан тыс өндірістік-техникалық, әлеуметтік-саяси, діни және басқа да факторларды шешуші деп таныды [59]. Т. Кун ғылымның позитивистік тарихнамасын тарихқа қарсы деп бағалады, ғылым тарихын ғылыми парадигмалардың өзгеруіне әкелетін ғылыми революциялардың тізбегі ретінде ұсынды [60].

XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылым өнеркәсіппен, практикамен, өмірмен тығыз байланысты көрсетеді, ғылым мен өндірістің өзара өркендеуі бар. Ғылыми зерттеу құралы ретіндегі бірегей оқиғаның орнына эксперимент практикаға тереңірек енді: ғарыштық эксперименттер, әлеуметтік эксперименттер, өнеркәсіптік деп аталатын эксперименттер пайда болды.

XX ғасырдың екінші жартысында, іс жүзінде барлық ғылым салаларында зерттеушілер барлық құбылыстар мен оқиғалардың маңызды параметрін – ақпараттық компонентті тануға әкеледі. Бастапқыда бұл параметр кері байланыс жүйелерінде, кибернетикалық құрылғыларда басқару тетіктерін түсіндіру үшін енгізілді.

«Кибернетика» ұғымын (қазіргі мағынасында) 1948 жылы Норберт Винер жаңа ғылыми бағытты белгілеу үшін енгізді. Бұл бағыт «машиналарды, тірі организмдерді және олардың бірлестіктерін белгілі бір «ақпаратты» қабылдау, бұл ақпаратты «жадыға» сақтау, оны «байланыс арналары» арқылы беру және олардың қызметін тиісті бағытқа бағыттайтын «сигналдарға» айналдыру қабілеті тұрғысынан зерттейді» – деген тұжырымды көрнекті академик-математик А.Н. Колмогоров берген [61]. Кибернетиканың құрамына кіретін ғылыми бағыттардың дамуымен жаңа мәселелер мен теориялар пайда болды, алгоритмдер теориясын, теориялық және қолданбалы программалауды, компьютерлер мен ақпараттық желілер теориясын, мәліметтер қорын, компьютерлік лингвистиканы қамтитын зерттеулердің өте кең өрісі қалыптасты. Кейінірек ақпарат ұғымы – генетикалық кодсыз – даму мен тіршілік ету механизмдерін түсіндіру мүмкін еместігі белгілі болды, (тірі организмдер мен қоршаған орта арасындағы сигнал алмасу жағдайында туындайды), сонымен қатар ақпараттық қоғам деп аталатын қазіргі заманғы өркениеттің мәнін түсіну мүмкін емес.

Ақырында, ақпарат ұғымы әлемнің негізгі заңдарын ашатын зерттеудің физикалық саласына да енгізілді. Бұл ұғымның көмегімен энтропияға қарама-қайшы процесстер сипатталады: егер энтропия физикалық жүйе күйіндегі тәртіпсіздік өлшемін сипаттаса, онда, керісінше, ақпарат тәртіптің өлшемі болып табылады. Сондықтан ақпарат теріс энтропия (немесе негентропия)

ретінде сипатталады; тәуелділік тұжырымдалады: энтропияның жоғарылауымен негэнтропия төмендейді, бұл ақпараттың жоғалуын білдіреді. Ақпараттық компоненттің ғылымның барлық кіші жүйелеріне енгізілуі «ақпараттық жарылыс» ретінде бағаланады. Ақпарат ұғымының жалпы ғылыми-философиялық мәнін ашуға тырысқанда, олар көбінесе ол жоқ нәрсені ашады, яғни теріс анықтамалар береді, яғни ақпарат зат немесе энергия емес. Бірақ бұл оның маңыздылығын растайды: ол объектілердің материалдық және энергетикалық сипаттамаларымен бірге бар және тәртіптің өлшемі болып табылады.

XX ғасырдың соңғы ширегі – XXI ғасырдың басы жоғары технологиялар әлемі деп аталады. Кейбір зерттеушілер бұл үдерістің мәнін ғылым мен техниканың конвергенциясы ретінде бағалайды, бұл кезде технологиялық үдерістер мен құралдар білімділікті қажет етеді және өз кезегінде алдын ала болжау қиын инновациялардың пайда болуын ынталандырады. Жоғары технологиялар әлемі заманауи адам өмірінің барлық аспектілерін қамтиды, бейорганикалық, органикалық және әлеуметтік-гуманитарлық салаларда (нанотехнология, телекоммуникация, биотехнология, ғарыш, интеллектуалды, медициналық және тіпті саяси технологиялар және т.б.) жаңа материалдар мен үдерістерді құрумен байланысты, және жоғары экономикалық әсерге ие.

Ғылымды институционализациялаудың түбегейлі жаңа әдісі XX ғасырдың екінші жартысында Новосибирск қаласындағы Академгородок, Дубна, Обнинск сияқты ғылыми қалалар мен технопарктер, Силикон алқабы, Сколковоның болашағы сияқты қоғамдық ұйымдардың пайда болуымен байланысты [62].

1950-ші жылдардың соңына қарай Сібірдің табиғи ресурстарын игеру және Шығыста ғылымды дамыту мақсатында партияның шақыруы бойынша математика мен механика, физика, геологтардың көрнекті ғалымдары КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі деп аталатын Сібір ғылыми орталығын құра бастады. Новосибирскідегі Академқалашық жаңа ғылыми орталық ретінде орасан зор интеллектуалды, мәдени және рухани күштерді біріктірді. Новосибирск мемлекеттік университетінің ондаған ғылыми-зерттеу институттары мен көптеген кафедралары барлық іргелі, техникалық және гуманитарлық бағыттар бойынша жетекші мамандарды біріктірді: математика, информатика, физика, химия, геология, биология, экономика, әлеуметтану, медицина, экология, философия, филология, тарих. Сібір бөлімшесінің құрылуы және жаңа ғылыми орталықтың зерттеушілерінің кейінгі жылдарда жасаған орасан зор шығармашылық жұмыстары КСРО информатика тарихының маңызды кезеңі болып табылады. Информатиканың ғылымның жаңа саласы ретінде қалыптасуына академик А.П. Ершовтың (1931-1988) қосқан үлесі зор.

1960 жылдары А.П. Ершов әріптестерімен бірге жалпы білім беретін мектептерде бағдарламалауды үйрету бойынша эксперименттерді бастады, бұл информатиканың алғашқы егжей-тегжейлі тұжырымдамасын құруға әкелді және «бағдарламалау – екінші сауат» тезисімен байытты. Біраз уақыттан кейін

бұл тұжырымдама еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде информатика мен компьютерлік технологиялар курсы енгізудің мемлекеттік бағдарламасының негізін қалады. А.П.Ершов пен В.М. Монахов «Информатика және есептеуіш техника негіздері» атты алғашқы оқулықтарын жасаған авторлар тобын басқарды, кейін оқулық КСРО-ның барлық республикаларының тілдеріне аударылды [63]. Осы ретте Қазақстанда Абай атындағы АлМУ-дың «Информатика және есептеуіш техника» кафедрасының меңгерушісі Е.Ы.Бидайбеков «Информатика және есептеуіш техника негіздері» курсы оқыту әдістемесі мен мазмұнын қалыптастыруға тікелей атсалысып, «Информатика және есептеуіш техника негіздері» деп аталатын оқушылар үшін байқау оқу құралын және мұғалімдер үшін «Информатика және есептеуіш техника негіздерін оқыту» әдістемелік құралының қазақша аудармасының арнайы редакторы болды [64, 65].

1970 жылы Мәскеу, Ленинград, Новосибирск қалаларында мектеп оқушыларын компьютермен байланысты мамандықтарға оқыту жұмыстары жүргізілді. Сол кездерде Қазақстанда Республикалық физика-математика мектеп-интернаты мен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің базасында есептеуші-программалаушы қосымша мамандыққа даярлау бағытында орасан зор жұмыстар жүргізілді. Осы жылы Білім министрлігі В.С.Леднев пен А.А.Кузнецов дайындаған «Кибернетика негіздері» факультативтік курсының бағдарламасын ұсынды.

1976-1984 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі А.Т. Лукьяновтың жетекшілігімен С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің мамандандырылған мектеп оқушыларын программалау мен ЭЕМ-де жұмыс істеуге үйрету жұмыстарын жүргізді [66, 67].

1982 жылы КСРО Білім министрлігінің мектептің оқу үдерісіне калькуляторларды енгізу туралы шешім қабылданды. 1984 жылы жалпы білім беретін және кәсіптік мектепті реформалаудың негізгі бағыттары әзірленіп, 1985 жылы «Информатика және есептеуіш техника негіздері» пәнінің бағдарламасы жасалды.

1985 жылдан бастап педагогикалық жоғарғы оқу орындарында физика-математика факультеттерінің қызметі халыққа білім беру мен халық шаруашылығына жоғары мамандандырылған мамандар: математика мен информатика мұғалімдерін; физика-математика ғылымы және орта мектеп пен жоғары оқу орындарындағы математика мен информатиканың кейбір тарауларынан сабақ беру әдістемесі салаларынан ғылыми қызметкерлер дайындауға бағытталды. Осыған орай, 1985-1987 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің «Информатика және есептеуіш техника» кафедрасының қызметкерлері республикадағы «Информатика және есептеуіш техника негіздері» атты мектеп курсының мазмұны мен оны оқыту әдістемесін қалыптастыруға ат салысты.

1985 жылдан бастап Қазақстандағы мұғалімдер дайындайтын қара шаңырақ Абай атындағы АлМУ-да «Математика және информатика», «Физика



және информатика» мамандықтарының оқу жоспарлары жасалып, сол бойынша орта білім беретін оқу орындары үшін «Информатика және есептеуіш техника негіздері» пәні бойынша мектеп мұғалімдерін дайындау жүзеге асырыла бастады. Оқу орындарының, мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейін Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының даму ерекшеліктері (менеджмент, ақпарат қажеттілігі және т.б.) нарықтық экономика жағдайында «информатика» мамандығы бойынша «информатика (оқытушысы) және компьютерлендіру менеджері» мамандандыруы, сол сияқты «информатика және ағылшын тілі», «информатика және экономика», тағы сол сияқты қосалқы мамандықтағы мамандар даярлауды талап етті. Мұндай мамандар дайындауды физика-математика факультеті базасында көп сатылы құрылымы бар оқу жоспарларына көшу арқылы іске асырылды. Осындай мамандарды дайындауға республикаға белгілі ғалымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ұ.М. Сұлтанғазин, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы Ш.С. Смағұлов, ғылым докторлары Н.Т. Данаев, Т.Н. Бияров, С.С.Оспанов, С.Я. Серовайский, А. Дүйсембаев және т.б. ғалымдар физика-математика факультеті информатика және қолданбалы математика кафедрасында қосымша оқытушылық қызмет атқара отырып ат салысты [68].

1992 жылы еліміз одақ құрамынан шығуына байланысты мектептерде ақпараттандыру жұмыстары жандана бастады. Мектеп информатикасының мәселелері, мемлекеттік стандарт жасау мәселесімен Е.Ы. Бидайбеков, Ж.А. Қараев, Н.Т. Ермеков, Қ.С. Әбдиев, Н. Стифутина, Б. Нақысбеков, Қ. Аганина отандық ғалымдар айналысты [68-72].

Информатика сияқты тез шарықтаған ғылым жоқ. Бұл ғылым қазіргі әлемде маңызды рөл атқарады және бұл оның маңыздылығын арта түсуде. Компьютерлік технологияны енгізу қоғамды «ақпараттандыру» деп аталатын үдеріске әсер етті. Қазіргі уақытта біздің өміріміздің барлық салалары ақпараттық үдерістерді қажет етеді. Ақпараттық технологияларсыз қазіргі қоғамды елестету мүмкін емес.

Соңғы жылдары информатика ғылым ретінде өзінің эволюциялық дамуының бірқатар кезеңдерінен өтті. Бүгінгі таңда ол техникалық жүйелердегі ақпараттық үдерістер мен технологияларды ғана емес, сонымен қатар табиғатта және қоғамда ақпараттық үдерістерді жүзеге асырудың негізгі заңдылықтары мен әдістерін зерттейді. Информатиканы кешенді пәнаралық ғылыми бағыт ретінде қалыптастыру үдерісі белсенді жүріп жатыр.

Информатика пәнаралық бағыт ретінде жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың тығыз интеграциясы үшін негіз бола алады, бұл табиғат, адам және қоғам туралы неғұрлым тұтас ғылыми білім қалыптастыруға мүмкіндік береді. Табиғаттың іргелі ақпараттық заңдары мен заңдылықтарын анықтау және оларға негізделген ақпаратты толық игеру адамға шексіз мүмкіндіктерді ашады. Сондықтан информатиканың іргелі негіздерін, оның ішінде оның тарихы мен философиялық мәселелерін зерттеу бүгінде тек

ғылыми қызметкерлер үшін ғана емес, сонымен бірге әрбір білімді адам үшін де өте қажет.

Есептеуіш техника мен информатиканың даму тарихын зерделеу қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды одан әрі табысты дамыту үшін басты міндет болып табылады. Әлемнің көптеген университеттерінде тиісті мамандықтардың (Computer Science, Computer Technology, Software Engineering, Information Systems) білім алушыларына есептеу техникасы мен ақпараттық технологиялардың даму тарихын оқыту міндетке айналуда. Бұл мамандықтар үшін әртүрлі оқу курстары мен әдістемелік материалдар әзірленді.

Информатика тарихын білу мұғалімнің педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді, оның жалпы мәдени көкжиегін айтарлықтай кеңейтеді, оның эрудициясына үлес қосады, қазіргі құндылықтар жүйесі мен кәсіби мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді, сонымен қатар оны зерттеу барысында білім алушылар жалпы оқу пәні ретінде информатика мен информатиканың жекелеген бөлімдерін енгізу тарихымен танысады.

Информатика тарихы құнды ғылыми-білім беру және тәрбиелік әлеуетке ие. Көрнекті ғалымдар мен инженерлердің өмірбаяндарымен танысу жоғары моральдық принциптерді таратуда ерекше рөл атқара алады. Әдетте, олар керемет шығармашылықты жоғары адамгершілік пен азаматтық батылдықпен үйлестірді. Бұл адамдардың өмірі мен қызметі жас ұрпақ үшін үлгі болып табылады.

## **1.2 Білім беруді цифрландыру жағдайында төңкерілген оқыту ресурстары оқытудың тиімді құралдарының бірі**

Білім беруді цифрландыру жайында сөз қозғамас бұрын, қоғамды ақпараттандыру туралы айтып өтейік. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білім беруді ақпараттандыру жетілдірілгенімен, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың кеңінен таратылуымен сипатталады [73].

Қоғамды ақпараттандырудың тарихи үдерісі өз уақытында жаңа технологиялардың пайда болуымен байланысты ақпараттық революциялар тізбегін қолдана отырып дәл суреттелген. Алты революция қоғамды өзгертті. Ақпараттық революция халықтың белсенді бөлігіне қол жетімді ақпарат көлемінің ұлғаюына әкелетін ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру әдістері мен құралдарын өзгертуден тұрады.

Ақпараттық және ақпараттық технологиялардың дамуы мен таралуы ақпараттандыру үдерістерінің болуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Ақпараттандыру қоғамның барлық салаларына революциялық әсер етеді, адамдардың өмір сүру жағдайлары мен қызметін, олардың мәдениетін, мінез-құлықтың стереотипін, ойлау тәсілін түбегейлі өзгертеді.

Ақпараттық технологиялар саласындағы айқын прогресс ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдарда «ақпараттық қоғам» терминінің пайда болуына әкелді. Кейбір ғалымдар ақпараттық қоғамның негізгі өнімі білім деп түсінеді. Ақпараттық қоғамның мәртебесін қоғамға берудің критерийі ретінде

адамзат жинаған білім көлемі сияқты көрсеткішті пайдалану ақталған, өйткені кейбір мәліметтер бойынша біздің эраның басынан бастап жинақталған білімнің бірінші еселенуі адамзат 1750 жылға қарай орын алды, екіншісі – ХХ ғасырдың басында, үшіншісі – 1950 жылға қарай. 1950 жылдан бастап әлемдегі білімнің жалпы көлемі әр 10 жыл сайын, 1970 жылдан – әр 5 жыл сайын, ал 1991 жылдан бастап – жыл сайын екі есе өсті. Бұл дегеніміз, бүгінде әлемдегі білім көлемі 250 мың еседен астам өсті.

Ақпараттық қоғамның қалыптасу тарихы ақпараттандыруға байланысты адам қызметінің жаңа түрлерінің пайда болуы мен даму тарихын қамтиды. Соңғы жылдары қоғамда компьютерлік техниканы пайдалануға және ақпаратты өңдеу үдерістеріне (операторлар, бағдарламашылар, жүйелік талдаушылар, дизайнерлер және т.б.), консультациялық, ғылыми ақпараттармен және басқа да қызметтермен байланысты адамдардың мамандандырылған кәсіби топтары пайда болды. Жаңа ғылыми және кәсіби бағыттардың пайда болуы мамандандырылған оқыту жүйесін қажет ететіні анық, онда оқытудың мазмұны ғана емес, әдістері мен құралдары да қоғамды ақпараттандырудың тиісті кезеңінің шындығына сәйкес келуі керек.

Үкімет қоғамды және оның барлық салаларын ақпараттандыру міндеттеріне, оның ішінде білім беру саласына ерекше назар аударады. Қоғамды ақпараттандыруды дамыту үдерісіне жүйелі мемлекеттік көзқарастың қажеттілігі өткен ғасырдың 90-жылдарының басында жүзеге аса бастады. Мысалы, 1990 жылы «Қоғамды ақпараттандыру тұжырымдамасы» әзірленді және қабылданды, ал «ақпараттандыру» ұғымы ғылыми және әлеуметтік-саяси терминологияда жиі қолданыла бастады, бірте-бірте «компьютерлендіру» түсінігін алмастырды.

«Ақпараттандыру» ұғымына салыстырмалы түрде кең анықтаманы академик А.П. Ершов еңбектерінде жариялады. Ол «ақпараттандыру – бұл адам қызметінің барлық әлеуметтік маңызды түрлерінде сенімді, жан-жақты және уақытылы білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені» деп жазды. Сондай-ақ, А.П. Ершов ақпарат «жалпы қоғамның стратегиялық ресурсына айналады, оның табысты даму қабілетін анықтайды» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, ЮНЕСКО қорытындысына сәйкес, ақпараттандыру – бұл ақпаратты жинау, сақтау және таратудың әдістері мен құралдарын кеңінен қолдану, бұрыннан бар білімді жүйелеуді және жаңа білімді қалыптастыруды қамтамасыз ету, және оларды қоғамның қазіргі кезде қолдануы, басқаруы және одан әрі жетілдіруі мен дамытуы [74].

Еліміздің ақпараттандыру үдерісін 1997 жылы Тұңғыш президентіміздің орта білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасын қабылдауымен байланыстыруға болады. Аталмыш бағдарлама бес жылға созылып, бағдарлама негізі мектептерді жаппай компьютерлендіруді талап етті. 2001 жылы бағдарлама өз жетістігін көрсетіп, мектептер 100 пайыз компьютерлермен қамтамасыз етілді. Ендігі кезекте мектептерді Интернет желісіне қосу болды. Ақпараттандыру үдерісін дамыту өз жалғасын 2005-2010

жылдары бекітілген білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында тапты [75].

Білім беруді ақпараттандыру – бұл білім мен тәрбиенің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету шеңберінде бар білімді жүйелеу және жаңа білімді қалыптастыру үшін ақпаратты жинаудың, сақтаудың, өңдеудің және таратудың әдістері мен құралдарын қолдануға бағытталған адамның ғылыми және практикалық қызметінің саласы.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің әр түрлі салаларына ақпараттық технологияларды енгізу барған сайын ауқымды және күрделі болып келеді.

Білім беруді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз ететінін түсіну маңызды. Олардың біріншісі – ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқу қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру. Екіншісі – ақпараттық қоғамның талаптарына жауап беретін ойлаудың жаңа түрімен мамандарды дайындау сапасын арттыру.

Педагогикалық технологиялар тәжірибесінде әр білім алушының оқу-тәрбие процесіне белсенді және мазмұнды қатысуын қамтамасыз ететін оқытудың белсенді әдістері барған сайын танымал болуда. Білімді тасымалдауға көбірек көңіл бөлетін дәстүрлі педагогика әдістерінен айырмашылығы, белсенді әдістер негізінен мәселелерді шешуге және топтық жұмыс дағдыларына бағытталған. «Жаңа» педагогикалық технологияның осындай әдістерінің бірі «Төңкерілген сынып» болып табылады.

«Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) – бұл оқытушы білім алушылардың өздігінен білім алуы үшін материал ұсынатын, ал білім беру ұйымындағы сыныпта практикалық тұрғыда өткізетін оқыту моделі. «Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) – бұл оқу бағдарламасында қарастырылған ұғымдарды игеруге, қолдануға және нақтылауға деген ұмтылысты тудыру арқылы білім алушылардың танымдық дамуының жоғары деңгейіне жетуге ынталандыратын оқыту моделі. Білім алушылар сабақ алдында тақырыпты зерделей бастайды, жаңа материалды меңгереді, сонымен қатар өтілген тақырыптарды еске түсіреді. Содан кейін олар бұл ұғымдарды әртүрлі белсенді сыныптық іс-әрекеттерде қолданады және талдайды. Соңында, аудиториялық сабақтан кейін білім алушыларға осы ұғымдарды түсінгендерін бағалауға, сондай-ақ алған білімдерін жаңа тәсілдермен кеңейтуге және қолдануға мүмкіндік беріледі [88].

«Төңкерілген сынып» – оқытудың инновациялық оқыту моделі. Оның дәстүрлі материалдан ерекшелігі – білім алушылар теориялық материалды сабақты бастамас бұрын АКТ (бейнелекциялар, интерактивті материалдар, презентациялар) арқылы өз бетімен оқып-үйренуінде және сабақта бос уақытын мақсатты түрде пайдалана алуында, мәселелерді шешуде, ынтымақтастықта, өзара әрекеттесуде, білім мен дағдыларды жаңа жағдайда қолдануда және білім алушылардың жаңа оқу өнімін жасауында [89].

Білім беруді цифрландыру процесінде цифрлық білім беру ресурстарының маңызы мен рөлі артуда. Бұл білім берудің аралас түрлерін енгізу қажеттілігінің артуына, сонымен қатар цифрлық контексті ескере отырып, білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді үлгілерін іздеуге байланысты. Оқу орындарының ақпараттық орталары сыртқы ақпараттық кеңістіктермен және жаһандық ақпараттық ортамен алмасу арналарын кеңейтеді, бұл ақпараттық байланыстардың көптігін, білім беру ресурстарының қолжетімділігін, бейімделуін білдіреді. Қашықтықтан оқыту

технологияларын, электронды оқытуды және аралас оқытуды заманауи түсінуде цифрлық ресурстар сыртқы және ішкі мотивациялардың, жеке мүмкіндіктер мен сұраныстардың, өзін-өзі ұйымдастырудың және білім беру бастамасының үйлесімі негізінде дербес оқу әрекетін ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Цифрлық білім беру ресурстарына педагогикалық көзқарас оларды игеруге дайындалған білімді беру құралы ретінде қарастырудан барған сайын ерекшеленуде. Басымдықтар оқу іс-әрекетін дербестендіруге, тәжірибеге бағытталған дағдыларды қалыптастыруға ауысуда, білім беру ресурстарын соңғы кәсіби ақпаратқа, тәжірибе мен технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағыттау маңыздырақ болып отыр.

### **1.3 Болашақ информатика мұғалімдерін информатика тарихы саласы бойынша цифрлық білім беру технологиялары негізінде дайындауды жетілдірудің қажеттілігі**

Қазақстан Республикасындағы білім беру бағдарламаларында заманауи жағдайда сұранысқа ие педагог кадрларды даярлау басты назарға алынып отыр [90, 91, 92].

Қазіргі уақытта информатика ғылым ретінде – өткенге қарап, жинақталған тәжірибені талдап, дамудың негізгі бағыттарын белгілеу қажет болған кезеңдегі деңгейге жетті. Кез келген ғылымның дамуы – қызықты, ұзақ және қиын процесс. Нағыз маман өзінің пәндік саласының тарихын, адамзат өркениетінің негізгі идеялары мен түсініктерінің дамуының тарихи жолын білуі тиіс.

Информатика тарихын оқу барысында, оның басты кейіпкерлерінің өмірі мен қызметін, олардың сәттілігі мен қателіктерін зерттей отырып, әрі қарайғы зерттеулер мен әзірлемелердің бағыттарын дәлірек таңдауға, жағымсыз салдардың алдын алуға, бірнеше ондаған жылдар бойы ғылыми теория мен практиканың дамуындағы сабақтастықты байқауға болады. Сонымен қатар, тарихты оқыту «Информатика» пәніне деген танымдық қызығушылықты арттырады және байланысты пәндер бойынша оқу материалын тереңірек түсінуге ықпал етеді [93].

Болашақ информатика пәні мұғалімін дайындау үдерісіне информатика тарихы курсы енгізу қажеттілігі оның кәсіби маңыздылығына, курстың көпфункционалдылығына байланысты екенін ескере отырып, оның көмегімен жоғары педагогикалық білім жүйесіндегі көптеген кешенді мәселелерді шешу болып табылады. Мұғалімдерді кәсіби даярлауда информатика тарихы курсының әр түрлі функцияларының мазмұнын толығырақ ашып көрсетейік.

Заманауи жағдайда білім беру жүйесін дамытудың жоғары динамикасы педагогикалық білім беру мазмұнын үнемі жаңартып отыру қажеттілігін талап етеді. Т.С. Полякованың докторлық диссертациясында көрсетілгендей пәнаралық байланыстың талабына ерекше көңіл аударылады. Ол «мұғалім білімінің мазмұны пәнаралық кешендерде қалыптасады» дегеннен туындайды және мұғалімді даярлаудың циклдік-блоктық құрылымына байланысты. Педагогикалық білім беру жүйесі пәндердің жалпы мәдени, психологиялық-

педагогикалық, жалпы пәндік және пәндік блоктарын қамтиды; блоктар ішінде пәндер циклдері бөлінеді [94]. Мысалы, «математика» мамандығының пәндік блогының ішінде математикалық пәндер циклін (алгебра және сандар теориясы, геометрия, математикалық талдау, математикалық логика, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, элементарлық математика) және ақпараттандыру бейіндегі пәндер циклін (информатика, жаңа ақпараттық технологиялар, ақпараттық модельдеу) бөліп көрсетуге болады.

Өкінішке орай, пәндердің жеке блоктары арасындағы байланыс анық емес, нүктелі, бұл кейбір зерттеушілерге Т.С. Полякова [94], Н.Л. Стефанова [95] бұл фактіні қазіргі білім беру жүйесінің кемшіліктерінің бірі деп санауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Т.С. Полякова бұл байланыстарды нығайтудың негізгі субъектілері арнайы пәндердің оқытушылары болуы керек деп санайды, өйткені «интерблоктық және интерпәндік байланыстарды нығайтудың тиімділігі «бөтен» блоктар мен пәндердегі осы қызмет субъектілерінің құзыретіне байланысты».

Психология-педагогикалық және жалпы мәдени блоктардың өкілдері көбінесе негізгі арнайы білімге ие болмайды, сондықтан олар пәнаралық функцияларды сауатты орындай алмайды; арнайы білімі бар әдістемелік бейіндегі кафедралар мен пәндердің оқытушылары кезінде жалпы мәдени пәндер блогын игерді, олардың басым бөлігі педагогикалық білім алған, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімді де меңгерген.

Бұл мәселені шешу үшін Т.С. Полякова екі жолды көрсетеді. Біріншісі – пәнаралық байланыстарда арнайы дайындықтың ішкі мүмкіндіктерін пайдалану, ол үшін арнайы пән мұғалімі тек өз пәнінің фактологиясын ғана емес, сонымен қатар оны арнайы пәннің құрамдас бөлігі ретінде ғана емес, сонымен бірге өркениеттік мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде тани отырып, қарым-қатынастың барлық мүмкіндігінде ұсынуы керек. Екіншісі – интерблоктық және интерпәнаралық байланысты нығайтуға арнайы бағытталған жаңа курстарды енгізу. Осындай жаңа курс ретінде біз болашақ информатика пәні мұғалімін кәсіби даярлауда информатика тарихы курсы енгізуді ұсынып отырмыз. Информатика тарихы белгілі интерпәнаралық, интерциклді және интерблоктық сипатқа ие. Мұны толығырақ түсіндірейік. Тарихи пән бола отырып, информатика тарихы жалпы мәдени блокқа енеді. Сонымен қатар, бұл ғылымның жеке саласы – информатиканың тарихы бола тұрып, пәндік блокқа кіретін аттас арнайы пәнмен өзара байланысты жүзеге асыра отырып, оның бір бөлігі деп санауға болады.

Информатика математикамен, физикамен және басқа ғылымдармен генетикалық байланысты болғандықтан, оның тарихының көптеген фактілері, құбылыстары мен тұлғалары сонымен бірге математика тарихының фактілері, құбылыстары мен тұлғалары болып табылады, бұл тиісті курстардың пәнаралық байланысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Информатика тарихы курсы әдістеменің элементтерін қамтиды, сондықтан жалпы мәдени блоктың

дүниетанымдық-әдістемелік циклмен жүзеге асады. Сипатталған қатынастарды төмендегі 1-суретте көруге болады.



Сурет 1 – Информатика тарихы курсының басқа пәндермен байланысы

Сонымен, интерпәнаралық, интерциклді және интерблоктық байланыстарды жүзеге асыра отырып, информатика тарихы курсы болашақ информатика мұғалімін кәсіби даярлау үдерісінде *интеграциялық (біріктірілген) функцияларды* белсенді жүзеге асырады. Информатика тарихы жалпы мәдени блоктың пәні бола отырып, болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығы мен жалпы мәдени білімінің байланысын едәуір күшейтеді.

Информатика тарихы курсының жалпылау және жүйелеу функциялары пәнаралық функциямен тығыз байланысты. Олар, ең алдымен, информатиканың жалпы курсынан, тарихи-мәдени және философиялық-әдістемелік блоктардан кейін оқылатындығына және негізінен жоғарыда аталған блоктардың, циклдердің және пәндердің соңғы компоненті болып табылатындығына байланысты.

Информатиканың жалпы курсына оның тарихының элементтері кіреді, ал олар информатика тарихы курсына жалпыланған және жүйеленген. Информатика тарихы курсына енгізілген информатика әдістемесінің

элементтері информатика ұғымын ғылым ретінде жинақтайды және сонымен бірге олар білім алушылардың сәйкес циклдегі пәндерді оқу үдерісінде қалыптастырған дүниетанымдық-әдістемелік, жеке оқу пәні ретінде – информатика туралы ойларын нақтылайды.

Информатика тарихы курсы негізінен гуманитарлық бағыт болып саналады, өйткені тарих гуманитарлық пән болып табылады. Сондықтан ол (ішкі мазмұнына байланысты) болашақ информатика мұғалімін даярлауды гуманитаризациялау функцияларын орындайды.

Білім беруді гуманитаризациялау – жоғары білім беру орындарының білім беруі студенттер мүдделері мен мәселелеріне басты мән беруді түспалдайтын, жоғары білім дамуының басты қағидаты, ізгілендіруге қатысты ізгілендірудің мақсатына жету шарты мен құралы болып, заманауи дүниеде табысты жұмыс атқара алатын, жаңа жағдайларға тез бейімделе алатын, жұмыс орны мен тұрмыста туындаған мәселелерді іс жүзінде шешіп, үнемі өзінің мамандық деңгейін асыруға ұмтылатын, яғни функционалды сауатты және білікті тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді [96].

Болашақ информатика мұғалімін даярлауды гуманитаризациялау мәселесінің өзектілігін негіздейміз. Бұл бірнеше факторларға байланысты. С.Г. Вершловский [97], А.В. Дорофеева [98], В.М. Монахов және Н.Л. Стефанова [99], Г.И. Саранцев [100], В.А. Слостенин [101] және т.б. зерттеушілер *бірінші фактор* заманауи білім берудің негізгі қағидаты, мектепті жаңартудың негізгі бағыты ретінде ізгілендіру идеяларымен байланысты деп есептейді. Гуманитаризациялау принципі қазіргі жағдайда қоғамды ұйымдастырудың тоталитарлық формаларынан жеке тұлға, оның құқықтары, бостандықтары мен жауапкершілігі басты назарда болатын азаматтық құқықтық ашық қоғамға көшу қажеттілігіне байланысты іргелі мәнге ие болады. Т.С. Полякованың пікірінше гуманитаризация – гуманитаризациялау қағидатын іске асырудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Отандық ғалым Ә. Мұханбетжанова, гуманитаризация – бұл ол кім немесе кім болғысы келетініне қарамастан барлық адамға қажетті білім, біліктіліктерді меңгертуге бағытталған білім мазмұнының жалпы бағыты» деп анықтама беріп, келесідей мысалдар келтірген, «олардың ішінен ана тілін, әдебиетін, тарих, өлкетануды атап көрсетуге болады. Білім мазмұнын гуманизациялауға тек қана гуманитарлық емес, сонымен бірге жеке тұлғаны қалыптастыруға көп ықпалын тигізетін мектепте оқылатын басқа да пәндерді кең қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Білім мазмұнын қалыптастыруда адам мен табиғаттың байланысын, адамдар арасында адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыруда зор ықпалын тигізетін гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің тең болуының, математика, биология, техникалық пәндерді адам жөніндегі білімдермен толықтырудың маңызы зор. Гуманистік бағыттағы мазмұнды игеру ойлаудың гуманистік типінің, тұлғалық бағытты дүниеге көзқарасты қалыптастыруда өмірдегі мәселелерге оптимистік көзқараспен қарауға тәрбиелейді» [102]. *Екінші фактор* білімге технократтық көзқарастың қауіптілігіне байланысты. Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, отандық білім



беруде «технократтық процестер басым», ол ең алдымен «білім беру стандарттарын енгізу бойынша жұмысты» күшейтетін білімнің білім беру бағдарымен байланыстырады.

Бұл тезиске күмән келтірместен, біз білім берудегі технократиялық тенденцияларды басқаша атап өтуге бейімбіз. Біздің ойымызша, технократиялық тенденциялар отандық білім беру дәстүрлерімен ғана емес, адамзат өркениеті дамуының объективті тенденцияларымен, технологияның рөлімен, оны бұрын қол жетімді емес салаларға енгізумен байланысты. Атап айтқанда, ең алдымен зияткерлік саланы және білім беру саласын жатқызамыз. Аталған салаларға дербес компьютерлердің пайда болуы мен технологияның динамикалық енуі оң және теріс әсерін тигізді. Теріс әсері ретінде адами, жеке тұлғалық қатынасты ысырып тастайтын «шынайылық» немесе қоғамда қалыптасқан термин виртуализацияны жатқызуға болады. Бұл үдеріс әсіресе жоғары білім беру саласында оқу үдерісінің компьютерлік технологиямен едәуір (оның басқа кезеңдерімен салыстырғанда) қамтамасыз етілуіне байланысты динамикалық сипатқа ие.

Жоғары оқу орнында технократиялық үдерістің жоғарылау қаупі, әсіресе, білім алушыларды дайындау оқу бағдарламасына информатиканың үлкен көлемін қамтитын мамандықтар бойынша күшті. Бұған, сөзсіз, технократизация түсінігінің қауіптілігінен қорғалуы тиіс информатика мұғалімдерін даярлау кіреді. Болашақ информатика мұғалімін даярлауды гуманитаризациялау қажеттілігі тұрғысынан информатика тарихы курсы қарастырып көрейік. Жоғарыда айтылғандай, ол өзінің тарихи сипатына байланысты гуманитарлық бағытындағы пән болып табылады. Екінші жағынан, ол Т.С. Полякованың (*интро-гуманитаризацияланған* курстың ерекшеліктері) терминологиясына сүйене отырып, ғылым мен мәдениеттің басқа гуманитаризациялау салаларымен байланысынан тұратын гуманитаризациялау әлеуетін барынша қолдана отырып, өзінің гуманитаризациялау функциясын едәуір арттыра алады.

Информатика тарихы курсының интро-гуманитарлығы көбінесе оқытушының мәдени әлеуетімен анықталады. Информатика тарихы курсы оқыту барысында осындай байланыстарды қолдану мысалдарын келтірейік.

*Мысал 1.* Бағдарламалау тілдерінің тарихын оқыту кезінде біз тарихтағы алғашқы бағдарламашы Ада Августа Лавлейс болғанына назар аударып, оның әкесі Лорд Байрон әлемдік поэзияның (соның ішінде отандық) дамуына ерекше әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде еркін ойлау дәстүрін құрғаны туралы да айтып өтеміз.

*Мысал 2.* Есептеу тарихын оқыту кезде біз В.Г. Лейбниц жасаған есептеу машинасының бірі туралы айтамыз. Сонымен қатар, кең ауқымын аша отырып, оның ғылыми зерттеулері мен тарих, әдебиетке деген қызығушылықтары туралы, соның ішінде оның Германияны біріктірудегі балама көзқарастарды және ымыраға келуге әрекеттерін, католик және протестанттық діндерді жақындастыру әрекеттерін, оның Петр I-нің көптеген жобаларына, соның ішінде білім беру жобаларына әсерін көрсетеміз.

Информатика тарихы курсының ізгілендіру (гуманитарлық) әлеуеті көбінесе оның авторы қандай әдебиет көздерін қолданатындығына байланысты, оның шеберлігі курстың ғылымилығын төмендетпей, оны қызықты ету қабілетімен анықталады. «Есептеу тарихы» тақырыбын зерттеуде әртүрлі әдеби көздерді қолдануға мысал келтірейік.

*Мысал.* Есептеу құрылғыларының ерте тарихын оқытуда біз И.А. Апокиннің, Л.Е. Майстровтың [103] «Есептеу техникасының тарихы: қарапайым құрылғылардан күрделі релелік жүйелерге дейін» және Р.С. Гутердің, Ю.Л. Полуновтың «Абактан компьютерге дейін» кітаптарын кеңінен қолданамыз [104]. Олардың біріншісі курстың ғылыми болуын қамтамасыз етеді; ондағы материал академиялық стильде берілген. Екіншісі әлдеқайда танымал, әр түрлі қызықты фактілерді, соның ішінде өмірбаяндық сипаттағы фактілерді қамтиды, біз оларды негізінен семинарларда кеңінен қолданамыз. Біз сипаттаған информатика тарихы курсының гуманитарлық функциясымен оның мәдениеттанымдық функциясы тығыз байланысты, ол қазіргі білім берудің негізгі принциптерінің бірі – мәдениеттілік қағидасымен байланысты.

Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, тұлғаның дамуы «әлеуметтік және биологиялық, табиғи қағидалар» арасындағы қайшылықтарды шешу процесінде жүреді, табиғат пен қоғам арасында «оларды біріктіретін және осы қайшылықтарды шешуге көмектесетін» мәдениет жатыр. Сондықтан қазіргі білім берудің «жаһандық мақсаты» ретінде Е.В. Бондаревская «адам мәдениетін қарастыруды» ұсынады. Бұл көзқарас жалпы әлемдік даму процестеріне толық сәйкес келеді. Осылайша, ЮНЕСКО шеңберінде Мәдениеттің Дүниежүзілік онжылдығы бағдарламасы әзірленді, онда мәдениет «қазіргі заманғы өркениеттің дамуының бастапқы қағидаттарының бірі» ретінде қарастырылады [105]. Оның негізгі мақсаттары ЮНЕСКО-ның Бас хатшысы Федерико Майор былай тұжырымдады: «дамудың барлық нысандарының мәдени аспектілерін назарға алу, қазіргі әлемдегі мәдени императивті түсінуге ықпал ету; кез келген қоғамда, оның экономикасы мен әлеуметтік – саяси бағдарының деңгейіне қарамастан, мәдениет дамумен тығыз байланысты екенін баса көрсету; мәдениет және оның маңызды салалары – білім, ғылым, коммуникация саласындағы зияткерлік ынтымақтастыққа жәрдемдесу» [106].

А.П. Валицкая, Т.С. Полякова сияқты жоғары педагогикалық білім беру мәселелерін зерттеушілердің пікірінше, мәдениеттілік принципі мұғалімнің білім беруінде ерекше мәнге ие болады, өйткені ол қандай арнайы пән оқытса да «... мәдениеттің бейнесін орындайды, оны өзінің рухани-адамгершілік бейнесінде «айтады». «Осы типтегі мұғалім өзінің пәнін басқа пәндермен пәнаралық байланыста әлем туралы тұтас білімнің органикалық бөлігі ретінде көруі, оның қоғамдық практикадағы маңыздылығын, яғни «өзінің» пәнінің ізгілік (гуманистік) құндылығын» түсінуі тиіс [107].

Біздің зерттеуімізде, Т.С. Полякованың зерттеуіндегідей кәсіби дайындық қарастырылатындықтан, біз болашақ информатика мұғалімін – мұғалім бола отырып, маңызды әлеуметтік функцияны орындайтын кәсіби мәдениеттің

тасымалдаушысы ретінде және кәсіби қызметті тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар информатика мұғалімі ретінде қабылдаумен шектелеміз. Сонымен, мәденилік принципіне сәйкес информатика мұғалімінің кәсіби мәдениеті құрамына педагогикалық мәдениет пен ақпараттық мәдениет компоненттерін құрамдас бөлік ретінде қамтиды және біздің ойымызша, олардың қалыптасуы информатика мұғалімін даярлау мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазіргі заманғы адамтану ғылыми әдебиетінде «Мәдениет адамы» ұғымы кеңінен қолданылады. В.Франкл «Мәдениет адамы» ретінде «мәдениет қорына» қосылып қана қоймай, оның құрылуына қатыса алатын, сонымен қатар жаңа мәдени нысандар құра отырып, яғни мәдени шығармашылыққа қабілетті адамды қарастырады [108].

Информатика тарихы курсы біз атап өткен информатика мұғалімінің кәсіби мәдениетінің әр компонентін қалыптастыруда үлкен әлеуетке ие. Осы мүмкіндіктерді толығырақ ашып көрсетейік.

«Ақпараттандыру мәдениеті» ұғымы қазіргі ғылымда кеңінен қолданылады. Біз бұл тұжырымдамаға мазмұнды және процестік қырлар (аспектілер) кіреді деп санаймыз. Мазмұндық қыры – жеке тұлғаның ақпараттық құзыреттілігін қамтамасыз ететін, информатика және оны қолдану мүмкіндіктері туралы білім; ал, процессуалдық қыры – жеке адамның компьютерді пайдалануы мен оны кәсіби қызметінде қолдануды сипаттайды. Сондықтан жеке адамның ақпараттық мәдениетті игеруі оның ақпараттық құзыреттілік пен компьютерде жұмыс жасаудың белгілі бір негізгі деңгейлерінің болуын білдіреді.

Информатика тарихы курсы компьютерді меңгеру деңгейінің жоғарлауына да әсер етеді, ол негізінен курсты оқу процесінде қолдану мүмкіндіктерімен ғана анықталады. Информатика тарихы курсы оқыту тәжірибемізде негізінен біз әзірлеген электрондық жүйе осындай мүмкіндіктерге ие, оны әрі қарай толығырақ 2 тарауда сипаттаймыз.

Информатика тарихы курсының информатиканың ғылым ретінде қалыптасуына, ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуына әсер етуін сипаттайық. Ең алдымен, ешқандай мәдениет өзінің қайнар көзінен тыс жерде болмайтынын атап өтейік.

Информатика тарихы білім алушыларды ғылым ретінде информатиканың генезисімен (түптегімен) таныстырады, осылайша оның ретроспективті нұсқасында мұғалімнің ақпараттандыру мәдениетін қамтамасыз етеді. Мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға курстың даралық (персоналистік) компоненті де әсер етеді, өйткені информатиканың дамуына үлес қосқан ғалымдарды сипаттау кезінде олардың жетістіктері туралы айтылады және қысқаша талданады, ал бұндай ақпарат іргелі курстардың бағдарламасына кірмейтіні анық.

«Ақпараттық мәдениет» термині жиі қолданылады, бұл біздің пікірімізше сәтсіз сияқты, өйткені ол «ақпарат» терминінен алынған және анықталған ұғымды айтарлықтай тарылтады. Біздің ойымызша «ақпараттандыру мәдениеті» терминін пайдаланған неғұрлым тиімдірек.

Сонымен қатар, біз әзірлеген информатика тарихы курсына жоғарыда айтылғандай, әдістеменің элементтері кіреді: информатика ұғымының генезисі, ғылым ретінде информатика туралы қазіргі идеяларды да талдайды; информатиканың құрылымы қарастырылады, оның негізгі әдістері талданады т.б. Осылайша, информатика тарихы курсы болашақ информатика мұғалімдерінде информатиканың өзі, оның құрылымы мен әдістері туралы барабар идеяларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл ережелердің барлығы мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда информатика тарихы курсының елеулі үлесін сипаттайды.

Біз Е.В.Бондаревскаяның педагогикалық мәдениет туралы берген анықтамасына сүйене отырып: «Жеке-даралық деңгейде біз педагогикалық мәдениетті мұғалімнің педагогикалық құндылықтарының, қызметі мен кәсіби мінез-құлқының динамикалық жүйесі болып табылатын мұғалімнің интегралды жеке басының маңызды сипаттамасы ретінде қарастырамыз», оның негізінде педагогикалық білім жатқандығын аңғаруға болады. Мәдениетті меңгеру арқылы адамда өзгерістер болады және ол шығармашылық тұлға ретінде қалыптаса бастайды.

Информатика тарихы курсының осылайша түсінілген педагогикалық мәдениеті туралы айтпас бұрын, заманауи мұғалімнің қалыптасуында анықтаушы рөл атқаратын екі мәдениеттің, яғни педагогикалық және ақпараттық мәдениеттердің өзара байланысын анықтап алайық. Көпшілік мойындағандай, заманауи мұғалім ақпараттық технологияларды игерген жағдайда ғана заманауи болып есептеледі және де осыған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Білім берудегі цифрлық технологиялар», «Информатиканы және робототехниканы оқытудың инновациялық әдістері» сияқты курстар бағытталғаны белгілі. Жоғарыда біз информатика тарихы курсы болашақ мұғалімнің ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына әсер ететінін көрсеттік, сондықтан, ол қазіргі заманғы түсіндірудегі педагогикалық мәдениеттің қалыптасуына жанама әсер етеді.

Информатика тарихы курсы мұғалімнің педагогикалық мәдениетіне тікелей әсер етіп, оның жалпы мәдени көзқарасын едәуір кеңейтеді, эрудициясына ықпал етеді, заманауи құндылықтар жүйесі мен кәсіби мінез-құлықты қалыптастырады.

Информатика мұғалімін даярлаудың қысқа тарихы бар, ал математика мұғалімін ақпараттық даярлау әлі қалыптасу барысында. Маңызды міндеттердің бірі – гуманитаризациялау мәселесі бола тұра, информатика дамуын қолданбалы векторға жатқызуға болады. Информатикаға іргелі пән мәртебесі ХХ ғасырдың 80 жылының соңында беріле бастады. Мұның себептері «базалық информатика курстарында жаңа ақпараттық технологияларды оқуға бағытталу, информатиканың жоғары даму әлеуетін және оның қазіргі ақпараттық қоғамды қалыптастырудағы ерекше рөлін тану» болып табылады.

Г.А. Бордовскийдің пікірінше, «білім қоғамына», кіре отырып, адамзат өзінің мүшелері алатын білімнің іргелі сипаты туралы қамқорлық жасауы

керек, көбінесе олардың «тез және салыстырмалы түрде ауыртпалықсыз қалпына келтіру, жаңа мамандықтар мен біліктіліктерді меңгеру» қабілетін қамтамасыз етеді [109].

Білім беруді гуманитаризациялау ЮНЕСКО-ның II халықаралық конгресінде «Білім мен информатика» ұлттық баяндамасында «қоршаған әлемнің әр түрлі үдерістері арасындағы терең маңызды негіздер мен байланыстарды анықтауға арналған» деп анықталған болатын [110]. Информатика тарихы курсының пәнаралық, блокаралық және цикларалық байланыстарының бай әлеуеті туралы сөз көтерген едік, ол курсты оқыту барысында белсенді түрде жүзеге асады және осылайша болашақ информатика мұғалімін даярлау процесін гуманитаризациялайды.

Бұдан бөлек, информатика тарихы курсы болашақ информатика мұғалімін даярлауда кемінде екі бағыт бойынша іргелендіруіне елеулі әсер етуге қабілетті. Соларды сипаттап өтейік.

*Бірінші бағыты*, информатиканың даму үдерісін оқыту міндеті болашақ информатика мұғалімінің ақпараттандыруға даярлығын іргелендірумен байланысты. Болашақ мұғалім дамудың нәтижесін ғана емес, оның қиын жолдарын да бағалай бастайды. Ол информатиканың ғылым ретіндегі сөзсіз фактілерін ғана емес, сонымен бірге оның неге осылай дамығанын және басқаша емес екенін түсінеді.

*Екінші бағыты*, курсты оқыту барысында үлкен мән берілетін әдістеме элементтерімен байланысты. Информатиканың өзі және оның негізгі бағыттары, информатика ғылым ретінде қолданатын әдістері туралы әртүрлі анықтамаларды талқылау, болашақ мұғалімдердің информатика туралы ғылым ретінде терең, маңызды түсініктерін іргелендіруге айтарлықтай әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандарды *қорытындылай келе*, болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсын оқытуды жетілдірудің қажеттілігі мен тиімділігін тағы атап өтейік:

– информатика тарихы курсы болашақ информатика мұғалімінің таңдаған қызмет саласындағы көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар жоғары педагогикалық білім беруді дамытудың қазіргі жағдайында басқа да маңызды функцияларды орындайды. Оларға біз интеграциялық, жалпылау, жүйелеу және нақтылау функцияларын жатқызамыз, олар информатика тарихы курсы пәндердің жалпы мәдени, жалпы пәндік және пәндік блоктары арасындағы шекара бола отырып, жеке пәндердің интерблоктық, интерциклдік және интерпәнаралық байланысын анықтайды. Информатика мұғалімін кейбір пәндер циклінде (тарихи, дүниетанымдық-әдістемелік, ақпараттандыру) дайындауды аяқтай отырып, курс белгілі бір дәрежеде осы циклдердің жеке жолдарын жинақтауға, нақтылауға және синтездеуге мүмкіндік береді;

– информатика тарихы курсы информатиканың ғылым ретінде қалыптасуымен, яғни генезисімен ғана таныстырып қоймай, сонымен қатар болашақ мұғалімнің тарихи-ақпараттық білімін жетілдіруге және тарихи-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

– гуманитарлық пәндер циклімен пәнаралық байланысты жүзеге асыра отырып, информатика тарихы курсы болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығын белсенді ізгілендіреді. Бұл бізге білім беру саласындағы компьютерлендіруге ең жақын пәнде технократиялық тенденцияларға белсенді түрде қарсы тұруға мүмкіндік береді;

– информатика тарихы курсы ізгілендіру оның қазіргі заманғы білім берудің негізгі принциптерінің бірі – мәдениеттілік принципіне сай келетін, оның мәдени функцияларын арттырады. Олар болашақ информатика мұғалімінің ақпараттандыру мен педагогикалық мәдениеттерін қалыптастыруға белсенді және оң әсер етуге мүмкіндік береді.

## **2 БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ИНФОРМАТИКА ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

### **2.1 Білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының мазмұны**

Білімді цифрландыру жағдайында информатика тарихын зерттеу, ең алдымен, болашақ мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді. Ешқандай мәдениет оның шығу тегінен тыс жерде жоқ. Информатика тарихы білім алушыларды информатиканың ғылым ретіндегі генезисімен таныстыратындықтан, ол ақпараттық мәдениетті оның кіріктіру нұсқасында қамтамасыз етеді. Әдістеме элементтерін қоса алғанда, бұл курс болашақ мұғалімдерінде информатика, оның құрылымы мен әдістері туралы барабар идеялардың қалыптасуына ықпал етеді, сонымен бірге ақпараттық мәдениеттің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

Информатика тарихы информатика мұғалімін даярлауды іргелендіруде айтарлықтай әсер етеді. Болашақ мұғалім осы дамудың нәтижесін ғана емес, оның қиын жолдарын да бағалай бастайды. Ол информатиканың ғылым ретіндегі күмәнсіз фактілерін ғана емес, оның неге басқаша емес, осылай дамығанын түсіне бастайды. Информатика ұғымының әр түрлі анықтамаларын және оның негізгі бағыттарын, информатика саласы қолданатын әдістерді талқылау болашақ мұғалімдердің информатика туралы ғылым ретінде терең, маңызды түсініктерін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді.

Информатиканың даму тарихы өзінің ішкі мазмұны бойынша болашақ мұғалімнің дайындығын гуманитаризациялау функцияларын орындайды. Информатика мұғалімін даярлаудың мәдени қызметі гуманитарлық функциямен тығыз байланысты, ол қазіргі білім берудің негізгі принциптерінің бірі - мәдени ерекшелік принципімен белгіленеді.

Цифрлық білім беру ортасын құру аралас оқытуда «1 білім алушы: 1 компьютер» моделі, e-learning, қашықтықтан оқыту технологиялары және т.б. сияқты заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы әдістемелік ұсынымдар шеңберінде біз аралас оқыту технологияларын оқу процесіне енгізуге ерекше назар аударғымыз келеді, өйткені олар әртүрлі цифрлық құралдарды белсенді пайдалануға жағдай жасайды және сонымен бірге техникалық құрылғыларды пайдалана отырып сабақты ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптарды орындауға мүмкіндік береді.

Аралас оқытуда келесі негізгі компоненттер қамтылады:

- дәстүрлі аудиториялық сабақтар түріндегі білім алушы мен оқытушы арасындағы жеке байланысы болған жағдайда тікелей оқыту;
- оқытушының көмегінсіз әр түрлі іс-әрекет түрлерін (бейнелекциялармен жұмыс, интернетте іздеу тапсырмалары, веб-квесттер және т.б.) қамтитын білім алушының өзіндік жұмысы;

– желіде әртүрлі тапсырмаларды орындаудан, вебинарларға, онлайн конференцияларға, викилерге және т.б. қатысудан тұратын бірлескен электрондық оқыту.

Аралас оқытудағы оқу процесінің тиімділігіне аудиториялық сабақтарды электронды ортадағы оқу әрекеттестігінің арнайы түрлерімен жүйелі түрде ауыстыру арқылы қол жеткізіледі, олар уақыт бойынша кезектесіп отырады. Аудиториялық сағаттардың қысқаруы (дәрістер, практикалар/семинарлар, зертханалық сабақтар) оқу процесінің дәстүрлі логикасын бұзуға әкеледі. Аралас оқытудағы тепе-теңдік білім беру процесінің негізгі компоненттерін қайта реттейтін «төңкерілген сынып» технологиясы арқылы қол жеткізіледі: жаңа материалды – үйде өз бетімен, ал бекіту – сыныпта мұғаліммен бірге [111].

*«Төңкерілген сынып»*. Бұл модель білім алушылардың үй тапсырмасы ретінде жаңа материалмен өз бетімен танысу мүмкіндігіне және сабақта оқылатын тақырыптың практикалық мәселелеріне көбірек көңіл бөлуіне негізделген. Бұл ретте Интернет желісін пайдалана отырып, электрондық білім беру мазмұны бар цифрлық білім беру ортасына қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте әрбір білім алушы қажетті оқу материалдарын үйдегі компьютер/планшет арқылы немесе мектепте мектеп кітапханасына немесе компьютер сыныбына бару арқылы алуы керек. Білім алушыларға оқытушымен қашықтықтан әрекеттесу құралын (сынып блогы, әлеуметтік желілердегі топ, мектеп веб-сайтындағы форум) қамтамасыз ету мүмкіндігіне назар аудару қажет, онда балалардың әрқайсысы сұрақтар, жаңа материалды оқу барысында туындайтын мәселелер бойынша өз ойларымен бөлісіп, ойларын тұжырымдай алады. Бұл мұғалімге алынған ақпаратты ескере отырып, сабақта жұмысты реттеуге мүмкіндік береді. Сабақтың басында білім алушылардың алған білімдерін блиц-сауалнама, тесттер, тренажерлар арқылы тексеріп, алынған нәтижелер бойынша әртүрлі деңгейдегі топтарда жұмысты ұйымдастыру қажет. Берілген тапсырмаларды сәтті орындаған білім алушылардың бір тобы жаңа материалды тек жаңа, тереңдетілген деңгейде оқуды жалғастыра алады, ал тест тапсырмаларын орындау кезінде қате жіберген екінші топ қиындық туғызған сұрақтармен айналысады (бұл жағдайда мұғалім де, бірінші топтағы білім алушылар да көмекші бола алады) [112].

*«Төңкерілген сынып» сынып моделі:*

– ең аз қажетті құрал-жабдықтар: электронды оқу материалдарына қол жеткізу үшін үйдегі әрбір білім алушыға Интернетке кіру мүмкіндігі бар компьютер (ноутбук, планшет, смартфон);

– қосымша цифрлық құралдар: жаңа материалмен танысу кезінде білім алушылар туындайтын сұрақтарды немесе мәселелерді белгілеу мүмкіндігіне арналған сынып блогы (веб-сайт, форум, әлеуметтік желілердегі топ); жаңа тақырыпты түсінуді бағалау үшін сабақтың басында білім алушылардың білімін жылдам тексере білу [113].

*«Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) цифрлық мазмұнына қойылатын талаптар.*



«Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) үлгісінің бөлігі ретінде пайдалануға болатын цифрлық мазмұнға қойылатын барлық талаптарды бірнеше негізгі топтарға бөлуге болады:

*Дидактикалық талаптар:*

– *ғылымилылық*, яғни оқу материалының мазмұны соңғы ғылыми жетістіктерді ескере отырып, дұрыс және сенімді болуы керек;

– *қолжетімділік*, яғни оқу материалын берудің теориялық күрделілік дәрежесі мен тереңдігі білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек;

– *көрнекілік*, цифрлық мазмұн білім алушылардың зерттелетін объектілерді сенсорлық қабылдауын жүзеге асыруға және оларға жеке бақылау жүргізуге мүмкіндік беруі керек;

– *жүйелілік*, яғни оқу материалы оқытылатын пәннің пәнаралық байланыстары ескеріліп, жүйеленген және құрылымдық түрде берілуі керек;

– *дискреттілік*, яғни цифрлық мазмұн жеке сабақтарда қолдануға ыңғайлы логикалық толық бірліктер болуы керек.

*Арнайы талаптар:*

– *интерактивтілік*, яғни цифрлық контент білім алушымен интерактивті диалогты және білім алушының жауаптарына байланысты ұсыныстық кері байланысты қамтамасыз етуі керек;

– *мультимедиялық*, яғни интерактивті мазмұнда қазіргі заманғы мультимедиялық формаларды (инфографика, 3D) қоса алғанда, әртүрлі бейне және аудио реттілігі болуы керек;

– *ашықтық*, яғни мазмұн сол немесе басқа дәрежеде оның құрылымы мен мазмұнын пайдаланушы тарапынан өзгертуге мүмкіндік беруі керек;

– *мемлекеттік білім стандартына сәйкестік*: цифрлық мазмұнның мазмұны мен жұмыс істеу әдістері негізгі жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес болуы керек.

*Техникалық талаптар:*

– *кроссплатформалылық (операциялық жүйеге тәуелді болмау – жалпылық)*: цифрлық мазмұн әртүрлі операциялық жүйелерде, соның ішінде мобильді құрылғыларда, сондай-ақ әртүрлі типтегі компьютер құрылғыларында (үстелдік немесе дербес компьютер, соның ішінде интерактивті тақтаға немесе проекторға, планшеттік компьютерге, смартфонға және т.б.) көрсетіліп, жұмыс істеуі керек;

– цифрлық мазмұнды кез келген уақытта және кез келген жерде офлайн және онлайн ойнатылуы керек;

– білім алушылардың цифрлық мазмұнмен жұмысының нәтижелері жинақталуы және мұғалімнің одан әрі өңдеу мүмкіндігімен алынған серверге берілуі керек (оның ішінде офлайн жұмыс – Интернет қайта қолжетімді болған кезде).

*Эргономикалық талаптар:*

– цифрлық мазмұнда тыңдаушыларға тапсырмаларды орындау үшін қажетті кеңестер мен нұсқауларды пайдалануға мүмкіндік беретін ыңғайлы интерфейс болуы керек;

– электрондық оқу материалдары компьютермен жұмыс істеудің гигиеналық талаптары мен санитарлық нормаларына сәйкес оқу процесінде пайдалануға мүмкіндік беруі керек.

Сонымен қатар, әртүрлі сыныптарда пайдалану үшін қажетті цифрлық мазмұнға қойылатын талаптарды ерекшелеуге болады:

– жаңа материалды зерделеу: олар бейне, анимациялық бейнероликтер арқылы ұсынылған материалды иллюстрациялауға мүмкіндік беруі, мұғалімге күрделі құбылыстар мен процестерді көрсету құралдарын ұсынуы керек;

– зертханалық жұмыстар үшін: эксперимент жүргізуге, эксперименттік мәліметтерді өңдеуге, зертханалық жұмыстардың нәтижелерін өңдеуге, жұмысты қорғауға арналған құралдар болуы керек;

– білім алушының өзіндік жұмысын, үй тапсырмасын ұйымдастыру: олар қажетті теориялық материалды немесе есептерді шешу алгоритмін ұсынуы керек; білім алушылардың білімін бағалау;

– бақылауды ұйымдастыру үшін: олар тапсырмалардың әрқайсысының нәтижесін кез келген білім беру мақсатына жатқызуға мүмкіндік беретін спецификацияға негізделуі керек (мысалы, бағдарлама мазмұнының белгілі бір элементін меңгеру).

Жоғарыдағы айтылғандарды ескерер болсақ, төңкерілген сынып – бұл білім алушылар үйде (әдетте бейне сабақ) оқу материалымен танысатын оқу тұжырымдамасы, ал сыныпта олар тапсырмалар бойынша бірге жұмыс істейді және талқылауларға қатысып, практикалық тапсырмалар орындау арқылы білімдерін бекіту. Ал, цифрлық мазмұн өткізілетін тақырып бойынша түсірілген аудио-видео сабақтар, тапсырмалар, есептер.

Жоғары педагогикалық білім берудің заманауи жүйесі білім алушының жеке басына және оның маман ретінде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге негізделген.

Болашақ информатика мұғалімінің бәсекеге қабілеттілігі, ғылымның дамуын бақылауға және қажет болған жағдайда оның маңызды жетістіктері туралы кеңінен айтуға мүмкіндік беретін жеткілікті жоғары білім деңгейіне ие болса қамтамасыз етіледі. Ол үшін информатика құрылымын тұтастай елестетіп, тек информатика бойынша классикалық пәндерді біліп қана қоймай, сондай-ақ информатиканың қазіргі салалары туралы түсінікке ие болып, сонымен қатар информатиканың әдістемелік мәселелерімен, оның тарихи даму процесінде пайда болған және түсіндірілген информатиканы негіздеу мәселелерімен таныс болуы және де информатиканың көптеген қосымшалары, оның басқа ғылымдармен байланысы туралы түсінікке ие болуы, өзі оқытатын пәннің тарихын білуі керек.

Тарихты білу маңыздылығына қарамастан, арнайы ғылымдар тарихы курстары білім алушыларды терең білім алуға ынталандырмай, қайта екінші дәрежелі рөл атқарады. Бұның бірнеше себебі бар:

– көптеген айтулы күндерді, тұлғалар мен оқиғаларды есте сақтау жадыға жоғары жүктеме түсіруі;

– информатиканың ғылым ретінде жүйелі түрде түсіну үшін информатиканың барлық пәндері мен салалары туралы білім қажеттілігі.

Информатика тарихын, аса маңызды оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтерді жинақтау, өңдеу және есте сақтау, зерттеу мектеп қабырғасынан басталуы қажет. Жастарға жоғары адамгершілік ұстанымдарды тәрбиелеу мен таратуда көрнекті ғалымдар мен инженерлердің өмірбаяндарымен танысудың алатын орны да ерекше. Ғылым тарихының ұлттық және аймақтық аспектілерін қарастыру кезінде білім алушылардың оқуындағы ынталандырушы және патриоттық факторлар туындауы мүмкін.

Сонымен қатар ғылым тарихы курстары философиялық – іргелі сипатқа ие, жүйелі және әдістемелік ғылыми-танымдық тұғырнамаға ие болып, білім алушаларды байыпты да жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Білім алушыларға нақты ғылымдар тарихын (математика, физика, информатика) оқытудың әдістемелік жүйелерін талдау мұғалімдердің сабақтың мазмұны мен өткізу әдістерін таңдаудағы әртүрлі көзқарастарын көрсетті. Әдетте, олар ғылымның белгілі бір саласындағы білім мен жетістіктерді хронологиялық жүйелеу мәселелерін, ғылыми идеялар мен технологиялардың прогрессивті дамуының себептері мен салдарын, ғылымның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан тұлғалардың өмірбаяндық мәліметтерін қарастырады. Ғылым тарихының заманауи курсы ғылыми саланың тарихи аспектілерін жүйелеуге және білуге ғана емес, сонымен бірге білім алушының жеке және танымдық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы керек. Сонымен қатар, білім алушының ізденуге деген ынтасын арттыру және ашылулардың себеп-салдар заңдылықтарын түсіну және ғылыми идеялар мен технологияларды игеру, бұл әсіресе жаңа буын жастары үшін маңызды.

Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын едәуір арттыру үшін білім беруді цифрландырудың қазіргі жағдайында ғылым тарихы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың неғұрлым барабар тәсілдерін іздеудің ғылыми-әдістемелік проблемасы туындайды.

Жоғары оқу орындарында информатиканы оқыту әдістемесін дамыту мәселелері теориялық-әдіснамалық бағыттағы көптеген ғылыми зерттеулердің тақырыбы болып табылады, алайда бұл зерттеулерде еліміздің информатика тарихы курсының құрылымы мен мазмұны теориялық тұрғыдан негізделмеген, курсты іске асырудың әдістемелік тәсілдері әзірленбеген.

Осылайша, болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының оқыту қажеттілігі, курс мазмұны және оқыту әдістемесі зерттеуіміздің өзектілігін анықтады.

Информатика тарихы курсының *мақсаты* – информатика тарихы курсының оқуға деген ынталарын арттыра отырып, болашақ информатика мұғалімдерінің тарихи-ақпараттық білімдерін арттыру және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету.

*Курс міндеттері:*

1. Информатиканың ғылым ретіндегі тарихи тәжірибесін, қозғаушы күштері мен оның даму жолдарын қазіргі заманғы көзқараспен түсіну;

2. Информатика саласындағы атақты тұлғалармен, өмір жолдарымен таныстыру;

3. Информатиканың негізгі ұғымдарының өзара тәуелділігі мен шығу тегі бойынша бағдарлау қабілетін дамыту.

Қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру үшін арнайы курс мазмұны жасалды. Бұл ретте білім берудің жалпы мақсаттарына сәйкес келетін және белгілі бір пән бойынша мазмұнды іріктеу тетігін нақтылайтын критерийлер қажет болды. Информатика тарихы курсы үшін оқу материалының мазмұнын іріктеудің әзірленген критерийлерін ұсынамыз:

– мазмұн тұтастығының критерийі. Бұл жағдайда тұтастық терминін мазмұнның ішкі байланысы, оның бірнеше негізгі ұғымдар, заңдар, әдістер төңірегінде шоғырландыру мағынасында қолдану болып табылады. Бұл болашақ мұғалімдердің күш-жігерін бір бағытқа бағыттауға мүмкіндік береді, ұсынылған оқу материалының қол жетімділігін арттырады;

– ғылыми және практикалық маңыздылық критерийі. Бұл критерий оқу курсы теория мен практиканы дамытудың маңызды бағыттарының бірін көрсетеді. Мазмұнның ғылыми және практикалық маңыздылығы критерийін жүзеге асырудың бір тәсілі – зерттелетін материалдың пәнаралық байланысын ашу;

– мазмұнның оқытудың тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарына сәйкестігі критерийі. Курстың мазмұнын арнайы тарих элементтерін, заманауилықты, қызықты деректерді кірістіре отырып құру қажет;

– мазмұнның қолжетімді уақытқа сәйкестік критерийі. Бұл критерий әр сабақтың оқу материалы көлемінің оған бөлінген уақытқа сәйкестігін, сондай-ақ курс мазмұнының бүкіл көлемінің оны оқуға бөлінген уақытқа сәйкестігін қамтиды.

Аталып өткен критерийлерге сәйкес Информатика тарихы курсының негізгі мазмұнымен таныстырайық. Оқу курсы 2 кредитке сәйкес құрылған. Оның ішінде 15 лекция, 15 семинар сабақтары қарастырылған. Курста қамтылатын тақырыптарға нақтырақ тоқталып өтетін болсақ, барлығы 8 тақырып қозғалған, оларды төмендегі кестеден көруге болады (1-кесте).

Кесте 1 – Информатика тарихы курсының жаңартылған төңкерілген сынып мазмұны

Информатика тарихы		Цифрлық контент		
1		2		
Мақсаты	информатика тарихы курсын оқуға деген ынталарын арттыра отырып, болашақ информатика мұғалімдерінің тарихи-ақпараттық білімдерін арттыру және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету	аудио	видео	баспа
Білім алушылар:	4 курс	үйде		

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ғылым тарихы	1.1 Информатиканың ғылым ретінде қалыптасуы.	Информатиканың ғылым ретінде қалыптасуы туралы білімдерін жетілдіру	Сыныпта: Уақыт ленталарымен жұмыс жасау Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	1.2 Қазіргі әлемдегі информатиканың рөлі	Қазіргі әлемдегі информатиканың рөлін білу	
Есептеу машиналарының пайда болуы және дамуы	2.1 Абактан компьютерге дейінгі идеяларға хронологиялық шолу	Абактан компьютерде дейінгі идеяларға хронологиялық шолу жасау	Сыныпта: Ментальды карталармен жұмыс жасау
	2.2 ІТ индустриясының дамуы	ІТ индустриясының дамуы кезеңдерін білу	
Информатиканың дамуы мен қалыптасу тарихындағы атақты адамдар	3.1 Информатика ғылымының дамуында ерекше рөл атқарған адамдар.	Информатика ғылымының дамуында ерекше рөл атқарған адамдар өмірбаянымен танысу.	Сыныпта: Ментальды карталармен жұмыс жасау  Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	3.2 Даму тарихына әсер еткен оқиғалар	Информатика даму тарихына әсер еткен оқиғаларға шолу жасау	
Есептеу техникасының тарихы	4.1 ЭЕМ буындары.	ЭЕМ буындарын даму кезеңдерімен білу	Сыныпта: Уақыт ленталарымен жұмыс жасау  Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	4.2 Есептеу техникасының дамуы	Есептеу техникасының дамуымен қазіргі жағдайы туралы ақпарат әзірлеу	
	4.3 Есептеу техникасының тарихы	Есептеу техникасының тарихымен таныс болу	
Мектеп информатикасы мен ЖОО-да информатиканың қалыптасу тарихы.	5.1 Қазақстанда информатиканың дамуы	Қазақстанда информатиканың дамуы мен оны дамутыға атсалысқан ғалымдар туралы білу	Сыныпта: Уақыт ленталарымен жұмыс жасау  Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	5.2 Шетелде информатиканың дамуы	Шетелде информатиканың дамуы мен қалыптасуын білу	

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ақпарат және кибернетика.	6.1 Автоматтар.	Алғаш пайда болған автоматтар туралы білу	Сыныпта: Ментальды карталармен жұмыс жасау  Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	6.2 Соңғы автоматтар тарихы	Соңғы автоматтар тарихымен таныс болу	
Программалау тілдерінің тарихы	7.1 Программалау тілдерінің тарихы	Программалау тілдерінің тарихын білу	Сыныпта: Уақыт ленталарымен жұмыс жасау  Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	7.2 Программалаудың қазіргі парадигмалары	Программалаудың қазіргі парадигмалары туралы хабардар болу	
Қоғамды ақпараттандыру және цифрландыру.	8.1 Қоғамды ақпараттандыру	Қоғамды ақпараттандыру тарихын білу	Сыныпта: Уақыт ленталарымен жұмыс жасау  Деңгейлік тапсырмаларды орындау
	8.2 Цифрландыру.	«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен таныс болу	
	8.3 Робототехника.	Робототехниканың өмірде алып жатқан орны туралы білу	
	8.4 STEAM оқыту.	STEAM оқытудың қазіргі жағдайы мен болашағы туралы ақпарат алу.	

Семинар сабақтары лекция тақырыптарына сәйкес тақырыптарда берілген. Семинар сабақтары студент-бейіндік әдісіне негізделген, яғни білім алушыға 3 деңгейлі тапсырмалар ұсынылады.

*I деңгей (59-69):*

1. Берілген тақырыптар бойынша реферат дайындау (6-7 бет).
2. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау (6-7 бет, Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon программаларын пайдалану).
3. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру

*II деңгей (70-89).*

1. Берілген тақырыптар бойынша реферат дайындау (6-7 бет).
2. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау (6-7 бет, Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon программаларын пайдалану).
3. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру
4. Берілген тақырыптар бойынша ментальды карта құру (canva, wordwall, Xmaind).

*III деңгей (90-100):*

1. Берілген тақырыптар бойынша эссе жазу (1-бет).
2. Берілген тақырыптар бойынша реферат дайындау (6-7 бет).
3. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау (6-7 бет, Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon программаларын пайдалану).
4. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру.
5. Берілген тақырып бойынша уақыт лентасын құру құру (canva, wordwall, Xmaind).

Барлық тақырыптар бойынша тапсырмалар бірдей берілген. Тек білім алушылар өздері таңдау жасап, қалауы бойынша тапсырмаларды орындауға болады. Сонымен қатар тапсырмаларды орындау кезінде жаңаша бағдарламалар (Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon, canva, wordwall, Xmaind) пайдалануды да ұсынып отырмыз [114]. Өз бетінше орындауға арналған эссе тақырыптары (Қосымша А)-да көрсетілген.

Оқытудың соңғы сатысында оқытылатын информатика тарихы курсы болашақ информатика мұғалімдерінің ғылыми дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді, информатиканың ғылым ретінде біртұтастығын жүзеге асыруға, жалпы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар болашақ информатика мұғалімдеріне заманауи информатиканың кеңдігі және сол арқылы жалпы білім берудің іргелі сипатын арттыру, информатиканың негізгі ұғымдарының, идеялары мен әдістерінің қалай дамығанын, информатикадағы жеке теориялардың белгілі бір тарихи кезеңде қалай қалыптасып, қалай дамығанын байқауға мүмкіндік береді.

## **2.2 Білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсы оқыту құралы**

Қазіргі цифрландыру уақытында оқыту құралдарының электронды немесе компьютермен сүйемелдеп оқыту құралдарына көп көңіл бөлініп отыр. Электронды оқыту дәстүрлі оқытумен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие: білім алушыларға қолжетімділіктің үлкен еркіндігі, оқудың икемділігі, жұмыс орнында оқу мүмкіндігі, сауатты, сапалы білім беру, білім алушылардың білімін бағалаудағы объективтілік, даму мүмкіндігі, заман ағымына сай болуы.

Педагогикалық еңбектерде құралдарды оқу материалының және еңбек іс-әрекеттерінің мәні мен мазмұнын ашатын және оны теория мен практикада жүзеге асыратын құралдар жүйесі, педагогикалық қарым-қатынас құралы, дидактикалық құралдар деп бөлу орын алады. Оқу процесінің нәтижелі болуы оның құрылымдық элементтеріне тәуелді, оның ішінде құралдарға. Құрал – адам іс-әрекетінің құрылымындағы ойластырылған, болжамды және анықталған мақсатты жүзеге асырудағы орталық буын. Құрал – адамның қандайда бір нәтижеге жетудегі әрекет әдістері мен тәсілдері [115].

«Оқыту құралы» ұғымы дидактикада басқа компоненттермен қатар оқу процесінің құрамдас бөліктерінің біріне сілтеме жасау үшін қолданылады. Оқыту құралдары оқытушының ақпараттық және басқарушылық қызметін жүзеге асыруда маңызы зор. Құралдар білім алушылардың танымдық

процестерін қозғауға және қолдауға, оқу материалының көрнекілігін жақсартуға, сонымен қатар, қол жетімді етуге, зерттелетін құбылыс туралы нақты ақпарат беруге көмектеседі.

Мысалға, Н.Т. Ошанова өзінің зерттеуінде «Құралдар оқушылардың дүниетанымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыза отырып, оқушылардың ойын дамытады, өз бетінше ізденіп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды. Негізінде оқыту құралдары мен әдістері ғылыми таным әдістеріне байланысты, өйткені оқушылардың оқытуда ең бастысы оқушылардың танымдық іс-әрекеті. Оқыту құралдарын пайдалану, практикалық сабақ пен теориялық сабақты жақындастыру оқушылар көзқарасының қалыптасуының, таным қабілеттерінің дамуының негізі болады» дей отырып, оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға көмегін тигізетін телекоммуникациялық технологияларды оқытуда қолданылатын Инфонет бағдарламасын (арнайы жасалынған, құрылымын өзгертуге болмайтын құрал) және телекоммуникациялық технологияларды оқытудың ақпараттық толықтыру құралын (мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне байланысты оқу материалдары таңдалынып және әр сабақта толықтырылып отырады) ұсынады [21, б. 71].

Сол сияқты, Т.С. Назарова мен Е.С. Полат оқу құралдары ретінде – материалдық объектілерді, оқу ақпаратын тасымалдаушыларды және табиғи заттарды, сондай-ақ адам жасанды түрде жасаған заттарды, олардың көмегімен оқытушы мазмұны мен оқыту әдістерін пайдалана отырып, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсатына жетеді [116].

П.И. Пидкасистый оқыту құралдары ұғымы дидактикада басқа компоненттермен (түпкілікті өнімнің бейнесі, түрлендіру пәні, іс-әрекеттің құралдары мен технологиясы) бірге оқытушы мен білім алушы қызметінің құрамдастарының бірін белгілеу үшін қолданылады деп тұжырым жасаған [117].

Біздің түсінігімізде оқыту құралы – оқытушы мен білім алушының арасында білімді меңгеру, танымдық және практикалық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру үшін қолданылатын материалдық немесе идеалды «орналастырылған» объект. Оқыту құралдарының білім алушылардың білім сапасына, олардың психикалық дамуына, кәсіби қалыптасуына ықпалы зор.

Осындай цифрлық оқыту құралының бірі – «Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) моделі.

«Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) оқыту моделін қолданудың негізгі мақсаты – оқу жұмысын төмендегідей болатындай етіп ұйымдастыру:

- жалпыға бірдей оқу әрекетін қалыптастыру;
- білім алушыларың жеке қасиеттерін және жалпы мәдениетін дамыту;
- білімнің құндылығын, ішкі мотивациясын және оқуға жауапкершілігін түсіну.

- әрбір білім алушының дамуына, 21 ғасырға қажетті қасиеттер мен дағдыларды:

- белсенділік, бастамашылық және дербестік;



- АКТ сауаттылық;
- шығармашылық пен инновация;
- сыни ойлау және мәселелерді шешу қабілеті;
- коммуникативті дағдылар және ынтымақтастық;
- ақпараттық сауаттылық;
- икемділік пен бейімделгіштік;
- өнімділік және белсенділік;
- көшбасшылық және жауапкершілік т.б. дамытуға қолдау көрсетуге мүмкіндік беру.

Алғашында төңкерілген оқытудың құрылымы өте қарапайым болып көрінеді – білім алушыларға үйде видеолекциялар көру тапсырмасын беру және сабақ уақытында алған білімдерін тәжірибеде талқылайсыз. Дегенмен, мұқият қарасақ, төңкерілген сыныптың көптеген ерекше және қызықты формалары бар.

Мысалы, EducationDive.com олардың 16 түрін анықтады – барлығын оқыту үшін: ең кішкентай оқушыдан бастап жоғары оқу орындарының білім алушыларына дейін. Осы мысалдардың барлығында ең таңқалдыратын нәрсе – оқу стильдерінен ақпараттық ресурстарға және білім алушылар арасындағы өзара әрекеттесу тәсілдеріне дейін әртүрлі. Біз олардың ішіндегі 7 түріне тоқталамыз:

1. *Стандартты төңкерілген сынып*: Білім алушылар үй тапсырмасын алады – келесі сабақтың тақырыбына қатысты бейне дәрістерді көру және оқу материалдарын оқу. Сабақта олар үйренгендерін тәжірибеде қолданады, ал оқытушылардың тақырыпты жаттықтыруға/бекітуге көбірек уақыты болады.

2. *Талқылауға бағытталған «Төңкерілген» сынып*: Оқытушылар дәріс бейнелерін, сондай-ақ сабақтың тақырыбына қатысты кез келген басқа бейне немесе оқуды береді (мысалы, TED Talks, YouTube бейнелері және т.б.). Содан кейін сабақтағы уақыт талқылауға және жобалық әрекеттерге арналады. Бұл тарих, өнер немесе шетел тілі сияқты пәндерде әсіресе пайдалы тәсіл болуы мүмкін.

3. *Демонстрацияға бағытталған «Төңкерілген» сынып*: әсіресе химия, физика және математика сияқты пәндер бойынша білім алушылар әрекеттерді дәл есте сақтау және қайталауды талап ететін жағдайда қолайлы. Бұл модельде оқытушы өз әрекеттерін жазу үшін программалық құралды пайдаланады, содан кейін білім алушылар өз қарқынымен жұмыс істей алады.

4. *Жалған «Төңкерілген» сынып*: EducationDrive әзірлеген бұл идея кез келген нақты үй тапсырмасын қолайсыз деп санайтын білім алушылар үшін өте қолайлы. Бұл модель білім алушылар дәріс бейнесін сыныпта өз қарқынымен көруге мүмкіндік береді және оқытушы кез келген жеке көмек көрсету үшін білім алушыдан білім алушыға ауыса алады.

5. *Топпен ауыстырылған сынып*: бұл модель білім алушыларға бір-бірінен үйренуге көмектесетін жаңа элемент қосады. Жаңа тақырып бойынша жұмыс үйдегі дәріс бейнематериалдар және басқа да ресурстар арқылы әдеттегідей басталады, ал жаңа тақырып білім алушылар топ құрып, тапсырмаларды бірлесіп орындағанда басталады. Бұл формат білім


алушыларды бір-бірінен үйренуге ынталандырады, дұрыс жауаптарды білуге ғана емес, серіктеске олардың неге дұрыс екенін түсіндіруге көмектеседі.

6. *Виртуалды «Төңкерілген» сынып:* білім алушылар үшін бұл төңкерілген сынып үлгісі дәстүрлі бетпе-бет оқыту қажеттілігін толығымен жоя алады. Оқытушылар көру үшін дәріс бейнелерін бөліседі, үй тапсырмасын береді және дайындарын жинайды – барлығы онлайн оқытуды басқару жүйелері арқылы ұйымдастырылады.

7. *«Төңкерілген» оқытушы:* Бұл модельде төңкерілген сыныпқа арналған барлық бейнелер интернеттен алынбайды және оқытушы емес, білім алушылар жасайды. Осылайша олар өздерінің білімдері мен дағдыларын көрсетеді. Бұл білім алушы оқытушының рөлін алатын ойын, оның мақсаты оқытушыны оқыту.

«Төңкерілген» сыныптағы басқа әдістер сияқты, оң және теріс жақтары бар (2-сурет).

- жоғары сапалы ЭББР;
- оқу мотивациясын арттыру;
- сабаққа деген ынтасын арттыру;
- өз қарқынымен жұмыс істеу;
- сабақ материалдары кез келген уақытта кез келген адамға қолжетімді;
- топтық жұмыстың маңыздылығын түсіну;
- ыңғайлы уақытта оқу;
- өз оқуына жауапкершілік;
- ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау



- компьютер алдында көбірек уақыт өткізу;
- интернетке қол жеткізудің теңсіздігі;
- сабақтың мұндай құрылысына дағдылану қиын;
- ақпарат көздерін табу және сыни тұрғыдан бағалау;
- үй тапсырмасы сабақтың міндетті бөлігі болып табылады

- үйлестіруші қызметін атқарады;
- оқуға жеке көзқарас;
- оқу әрекетін басқаша ұйымдастыру;
- білім алушылар тапсырма бойынша белсенді жұмыс істейді;
- білім сапасын диагностикалаудың жеңіл әдісі;
- ата-аналарды тарту мүмкіндігі бар процесс

- осы технология бойынша сабақтарды әзірлеуде үлкен жүктеме бар;
- АКТ технологияларын білу;
- жаңа талаптарға тез бейімделу қабілеті.
- үй тапсырмасы сабақтың міндетті бөлігі болып табылады;


Сурет 2 – «Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) сабағының артықшылықтары мен кемшіліктері

Ал, «төңкерілген сынып» оқыту моделі бойынша өткізілетін сабақта пайдаланылатын электронды ресурстарды төңкерілген цифрлық ресурстар дейді.

Бұдан аралас оқытудың «Төңкерілген сынып» оқыту моделінің білім беру ресурстарына, оларды жобалау және оқу үдерісіне енгізудегі оқытушының іс-әрекетіне ерекше талаптар қалыптасады. Бұл бетпе-бет сабақтардың бір бөлігін қашықтық форматқа көшіруде ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларында көбірек уақыт берілетін білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда және қашықтықтан қолдау көрсетуде жемісті. «Төңкерілген сынып» моделімен оқыту жеке пәндер, тақырыптар, тараулар деңгейінде қарастырылады. «Араластырудың» пайызы қандай болса да, оқытудың мұндай түрін енгізу білім беру өзара әрекеттестігінің елеулі инновациялық трансформациясымен, демек, білім беру нәтижелерінің сапасына әсер етумен байланысты. Бұл дәстүрлі оқыту курстарының құрылымы мен мазмұнын құруда, білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыруда және қолдауда өзгерістер енгізу қажеттілігімен байланысты. Формальды түрде цифрлық білім беру ресурстарын дамыту және оқу процесіне қосу оқытушы қызметінің маңызды бөлігі болып табылады, бірақ нақты педагогикалық тәжірибеде бұл көбінесе білім алушыларға заманауи білім беру ортасының мүмкіндіктерін толық ашуға әкелмейді. Білім алушылар цифрлық білім беру ортасында оқу әрекетінің сипатын айтарлықтай өзгерте алатын жалпы педагогикалық тәсілдердің жоқтығын сезінеді. «Төңкерілген сынып» әдісі бойынша цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу мен пайдаланудың мазмұны мен технологиялық ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар аралас оқытудағы олардың рөліне қатысты оқытушының кәсіби ұстанымы да маңызды. Оқытушының аралас оқытуды жүзеге асыруға арналған цифрлық ресурстарды әзірлеудегі қызметі білім беру субъектілерінің өзара әрекеттеріндегі позицияларын өзгертуге, білім алушылардың ашық білім беру позициясын қалыптастыруға байланысты басымдылықтарды көрсетуі керек деген болжамға негізделген. Білім алуды жекелендіруге ықпал ететін, сондай-ақ құзыреттердің перспективалы цифрлық контекстін көрсетеді. Бұл оқытушыға заманауи цифрлық ортаның білім беру әлеуетін барынша толық ашуды қамтамасыз ететін электрондық курстардың цифрлық ресурстарын жобалау тәсілдерін табуға мүмкіндік береді.

«Төңкерілген сынып» оқыту моделі бойынша білім беру процесінің цифрлық ресурстық базасын қалыптастырудың педагогикалық тәсілдерін іздестіру барысында оқытушы бірқатар күрделі проблемалық сұрақтарға жауап беруі қажет (3-сурет).

Оқытушы осы сұрақтарды өзіне қоя отырып, цифрлық білім беру ресурстарының білім беру үдерісін айтарлықтай өзгертін педагогикалық функционалдығын түсінуге, «Төңкерілген сынып» әдісі бойынша оқытуды жүзеге асыруда оларды жоспарлаудағы қажетті өзгерістерді жүзеге асыруға әкеледі.



Сурет 3 – «Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) оқыту моделі бойынша туындайтын сұрақтар

Бүгінгі таңда оқытылатын пәнді ақпараттық қамтамасыз ету үшін оқытушы әзірлеген электрондық оқу курсының ресурстары білім алушыға білім беру мазмұнын айтарлықтай мультимедиялық байытуды, автоматтандырылған бақылауды және өзін-өзі бақылауды қамтамасыз ететін оқыту, қосымша тақырыптық дереккөздерді пайдалану бойынша ұсыныстар ең көп таралған жағдай болып табылады. Білім беру мазмұнын цифрлық форматта ұйымдастырудың дамыған педагогикалық әдістемелері белгілі бір дәрежеде оқу қызметін (сызықтық мәтіндердегі немесе гипермәтіндегі статикалық және динамикалық цифрлық көріну, интерактивті модельдер, өзін-өзі бақылауға арналған тесттер, бекітуге, бақылауға арналған интерактивті тапсырмалар түсіну, дағдыларды дамыту және т.б.) белсендіруге ықпал етеді. Бірақ жалпы алғанда, білім алушы электронды оқыту курсына негізінен дайындалған білім беру мазмұнын қабылдайтын субъектінің ұстанымын сақтайды. Бағалау процедураларының да дәстүрлі оқу процесімен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Сонымен қатар, белсенді оқыту әдістерінің тиімділігі көбінесе оқу орнының заманауи цифрлық инфрақұрылымында белсенді өзін-өзі дамыту идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құралдар мен қызметтер қолжетімді болса да, бағытталған оқыту және білім алушының өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту тәжірибесін жинақтау цифрлық ресурстың «артында» педагогикалық әдістермен анықталады.

Заманауи цифрлық білім беру ресурстарының педагогикалық функционалдық критерийлері пән мазмұнын ыңғайлы, мәнерлі, көрнекі және тіпті интерактивті ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар субъектілерінің білім берудегі өзара әрекеттеріндегі дәстүрлі рөлдерінің елеулі өзгеруіне ықпал ету болып табылады. Білім алушы үшін бұл цифрлық мазмұнмен және

әріптестерімен интерактивті әрекеттесу жағдайында оқу мәселелерін өз бетінше шешу, кеңес алу үшін оқытушыға жүгіну, күрделі мәселелерді шешуге көмектесу және нәтижелерді сараптамалық бағалау мүмкіндігі.

Осыған сәйкес оқытушы үшін білім алушылардың өзіндік жұмыстарын педагогикалық қамтамасыз етудің міндеттері мен мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Педагогикалық басқарудың икемді әдістерін тікелей цифрлық білім беру ресурстарының мазмұнына технологиялық интеграциялау, кеңейтілетін цифрлық мазмұнға негізделген жеке немесе бірлескен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, цифрлық ортада ақпараттық процестерді автоматтандыру және алгоритмдеу тек мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар педагогикалық функциялары мен басымдықтары ақпаратты қайта бөлуге мәжбүрлейді.

Аралас оқытудың цифрлық ресурстарын жобалаудағы белсенділік тәсілі өнімді болып табылады, мұнда олардың құрылымы мен мазмұнын қалыптастырудың жетекші негізі цифрлық ортада дербестендірілген білім беру қызметін ұйымдастыру мүмкіндіктерінің өзгермелілігі және оны икемді аралас оқытудың таңдалған үлгісіне сәйкес педагогикалық қолдау мүмкіндіктері болып табылады.

Бұл тәжірибелік тапсырмалар мен өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындаудың мазмұны мен технологияларының, бағалау құралдары қорларының өзгеруімен байланысты және соның нәтижесінде аралас оқытуға арналған электронды оқыту курстарын әзірлеуге ерекше көзқарас қалыптасуда.

Аралас оқытудың цифрлық ресурстарының педагогикалық бағыты білім алушының ашық танымдық ұстанымын қалыптастыруға бағытталуы керек.

Бүгінгі таңда кәсіби дайындықтың педагогикалық мақсатын қою білім беру нәтижесі мен игерілген академиялық және қолданбалы білімдер мен дағдылардың жиынтығымен шектелмейді. Жүйелік ойлаудың, шығармашылық белсенділіктің, цифрлық құзыреттіліктердің, өнімді өзара әрекеттесу қабілетінің, өзінің даму мақсаттарын анықтаудың және т.б. маңыздылығы артып келеді. Білім алушылардан талап етілетін дағдыларын қалыптастырудың маңызды факторлары олардың ішкі белсенділігі, дербестігі, бастамасы, ашық танымдық ұстанымы болып табылады.

Е.Г. Гельфман және М.А. Холодная білім беру ресурстарының мазмұны дамушы әсерге ие болуы, интеллектуалдық тәрбие мәселелерін шешу керектігін көрсетті. Авторлар білім алушының ашық танымдық позициясын қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ресурстарының (оқу мәтіндерінің) қажетті сипаттамаларын анықтады. Бұл сипаттамалардың ішінде мыналарды атауға болады: әртүрлі мақсаттағы фрагменттерді біріктіруге мүмкіндік беретін ақпаратты құрылымдаудың ерекше формасы (декларативті және процедуралық білім, тарылған-кеңейтілген мазмұн, нұсқаулық ақпарат және т.б.); қарама-қайшылықтардың, баламалардың болуы, әртүрлі көзқарастардың қақтығысы, қиын жағдайлар және т.б. [118]. Білім беру ресурсының мазмұны мен құрылымының интеллектуалдық әрекеттермен өзара байланысы және оқу-танымдық іс-әрекет субъектісінің авторлары анықтаған ұстанымы аралас оқыту ресурстарында жаңа іске асыруды таба алады.

Дәстүрлі білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқытушы дайын, формальды білімді тиімді беру мүмкіндігіне ие, бірақ қазіргі өзгермелі білім мен технология кеңістігінде өзін-өзі дамытудың шарты ретінде білім алушыға білім беру іс-әрекетінің жеткілікті еркіндігін қамтамасыз ете алмайды, жаңа білімді одан әрі тұрақты дербес дамытуға сенімді түрде дайындала алмайды. Оқытудың әдеттегі түсінігінде білім алушы пайдаланатын ресурстардың мазмұнына оларды білім беру мәселелерін шешуде толық иелік етпесе, білім алушыға білім беру ақпаратының көздерін, оларды меңгеру және қолдану жолдарын таңдауға еркіндік берілсе, оқытушы үшін ыңғайсыз жағдай туындайды. Бірақ мұндай ыңғайсыздықты болдырмау енді мүмкін емес. Бүгінгі күні білім беру және кәсіптік қызметте адам ақпараттың көлемді массивтерімен жұмыс істеуі керек, білімнің пәнаралық синтезі маңызды рөл атқарады, интеллектуалдық әрекеттердің жоғары деңгейлерді қамтамасыз ететін әртүрлі ақпараттық құрылымдармен жұмыс істеудің тәжірибеге бағытталған қабілетін қалыптастыру [119].

Қазіргі білім беру ақпараттық кеңістігі желілік ұйымға ие және білім беру, ғылыми, мәдени және кәсіби мазмұнды біріктіреді. Білім беру процесінің ақпараттық базасындағы қажетті өзгерістер түлектің күрделі жүйелермен өзара әрекеттесу қабілетін қамтамасыз етуге, сонымен бірге олардың теориялық негіздерін, дамудың жоғары динамикасын есепке алу мен жүзеге асыруға кәсіби дайындықты бағдарлаумен байланысты әртүрлі факторлардың әсері және т.б. Күрделі ұйымдастырылған білімді дамыту аналитикалық қабілетсіз, сыни көзқарассыз және білім алушыларда өздігінен қалыптаспайтын, бірақ оқу ресурстарының сәйкес құрылысымен бірте-бірте дамитын арнайы аспаптық дағдыларсыз мүмкін емес [120].

Осы тұрғыдан қарағанда аралас оқытудың цифрлық ресурстық базасының ерекше қасиеттері болып келесілерді айтуға болады:

- қолжетімді цифрлық контенттің көптігі және көп форматтылығы, білім беру ортасына ену үшін ақпарат арналарының әртүрлілігі;
- ақпараттық қызмет формаларымен өзара байланысты білім беру мазмұнын жүйелеу принциптерінің вариативтілігі;
- ашық білім беру ресурстары мен өзін-өзі тәрбиелеу ресурстарының рөлін күшейту;
- білім беру мазмұнын өнімді дамыту үшін цифрлық құралдарды пайдалана отырып өңдеу мүмкіндігі.

Оқытушы қызметінде цифрлық ресурстардың инновациялық педагогикалық әлеуетін және олардың негізінде құрастырылған аралас оқыту үлгілерін білу шешуші мәнге ие [121].

Қорытындылай келе, білім берудегі өзара әрекеттесудегі цифрлық білім беру ресурстарының рөлін түсіну, аралас оқытудың әртүрлі үлгілеріне қатысты цифрлық ортада өзіндік жұмыс шеңберінде және сыныпта пәндерді оқыту процесі шешілетін білім беру тапсырмаларының таңдалған таралуымен анықталады деп қорытынды жасауға болады. Оқытушының цифрлық ресурстарды дамытудағы қызметі ашық желілік ақпараттық кеңістікте білім

алушылардың цифрлық білім беру мазмұнымен өзара әрекеттесуінің ерекше тиімділігіне бағытталуы керек. Аралас оқытудың цифрлық ресурстарын әзірлеуде басты назар білім алушының ашық танымдық құзыреттер позициясын қалыптастыруға, оқу әрекетін таңдау еркіндігін қамтамасыз етуге (мазмұндық және аспаптық аспектілерде) және цифрлық контекстті көрсетуге қолайлы жағдай жасауға аударылуы керек.

Цифрлық білім беру мазмұнын жобалауға икемді тәсіл келешегі зор болып саналады, ол білім алушының білім беру мәселелерін шешудің жеке стратегиясына бейімделу үшін мазмұн элементтерімен жүзеге асыра алатын ақпараттық әрекеттердің ауқымын кеңейтумен байланысты, оның ішінде жеке ақпараттық өнімдерді әзірлеу, цифрлық құралдарды пайдалана отырып, игерілген мазмұнды түрлендіру және белсенді түрде қосу. Аралас оқытудың электрондық курстары үшін цифрлық ресурстардың мұндай құрылысы білім берудің өзара әрекеттестігі субъектілерінің позицияларының айтарлықтай өзгеруіне әкеледі, репродуктивті білім беру нәтижелеріне барған сайын аз орын қалдырады. Жаңа педагогикалық басымдық – өздік жұмыс процесінде білім алушының білім беру ресурстарының цифрлық мазмұнымен дербестендірілген өзара әрекетін қолдау, бұл білімді тиімді дамытуға ғана емес, сонымен қатар өз білімін тереңдетуге және кеңейтуге, интерпретациялық құзіреттіліктерді қалыптастыру, қызығушылықтарды көрсету және пәнаралық байланыстарды өзекті ету.

Енді төңкерілген сыныпты ұйымдастыруда қандай ережелерді сақтау керектігіне тоқталайық:

1. Төңкеру керек пе? Керек емес пе?

Неліктен сабақты төңкергіңіз келеді? Мүмкін керек емес шығар? «Төңкеру» сіздің білім алушыларыңызға қандай пайда әкеледі? Бұл сіздің сыныбыңызға және сабағыңызға құндылық қосады ма? Төңкерілген оқытуды пайдалануды бастамас бұрын осы сұрақтарға жауап бере алуыңыз керек.

2. «Төңкерудің» басын әсерлі етіңіз («Шоу» деп шатастырмау керек!).

«Төңкеруді» неден бастау керектігін білмейсіз бе? Білім алушыларыңыз үнемі, күнде, әр сабақта кездесетін тақырыпты таңдасын. Төңкерілген сынып түсінігін түсіндіретін бейнероликті көрсетіңіз, содан кейін білім алушылар сұрақтарына жауап беру үшін қажет болғанша уақытты пайдаланыңыз, бір-біріне қалай көмектесуге болатынын үйретіңіз.

3. Білім алушылардың жоғары жылдамдықты интернет байланысы бар екеніне көз жеткізіңіз.

Білім алушылардың интернетке кіру мүмкіндігі бар ма? Егер жоқ болса, олар компьютерлік сыныптарды пайдалана ала ма? Егер екі сұраққа да жауаптар «жоқ» болса, білім алушылардың бейне мазмұнына қол жеткізуінің басқа жолдарын қарастырыңыз (мысалы, бейнені пайдалана алмайсыз немесе оны дәстүрлі дәрістің жақсы басып шығарылған нұсқасымен алмастыра алмайсыз :)!).

4. Өлшем маңызды!

Қысқа қызықты бейнелерді таңдаңыз! Олар 10 минуттан асқанда, сіздің білім алушыларыңыз қарауды тоқтатады. Есіңізде болсын: 3-4 орташа бейнеден 1-2 жақсы бейне жақсы, ал бір өте ұзақ бейнеден 2-3 қысқа бейне жақсырақ.

#### 5. Бейне көру дағдыларын үйрету

Білім алушылар нұсқаулық бейнелерді қалай көру керектігін біледі деп ойламаңыз. Мұны қалай жасау керектігін көрсетіңіз: алдымен олар барлық бейнелерді (жазбаларсыз) көруі керек, содан кейін қарауды қайталаңыз тек жазбалармен, соңында үшінші рет жазбалармен, өз ойлары мен өз жазбаларын қосып.

#### 6. Есептер туралы есте сақтаңыз!

Егер білім алушыларға бейнені көргенін тексеру қажет болмаса, олар оны көрмейді (әсіресе №7 ережені бұзсаңыз)! Олардан пішімдеу құралдарын (мысалы, Schoology) пайдаланып қарап жатқан кезде жазып алуды және өз ойлары мен идеяларымен бөлісуді сұраңыз. Қарап болғаннан кейін бірден қысқаша викториналар мен тесттерді қолданған дұрыс.

#### 7. Қайталаудан аулақ болу!

Сабақта үй тапсырмасы бойынша бейнелерді көрсетпеу. Бұл оқу уақытын ысырап етіп қана қоймайды, сонымен қатар ауыспалы оқытудың мақсатын - жеңіл оқу материалын (дәрістерді) сыныптан тыс (!) алу, осылайша сыныпта (!) № 8 ережені орындай аласыз ...

#### 8. Дәрісті екі рет оқымаңыз!

Егер білім алушы сабақтан тыс жерде бейнежазбаны қараған болса, онда олар сабаққа келгенде қайтадан дәріс оқымаңыз. Бұның орнына:

- қателер мен шатасуларды шешуге нұсқаулар беріңіз;
- білім алушыларды жоғары деңгейлі ойлауға баулу (егер жағдайды талқылау, мәселені шешу, тақырыпты талдау, түйінді ойларды жинақтау);
- білім алушылардың тақырыптың маңызды тұстарын түсінгенін бағалау;
- білім алушыларды үлкенірек, ерекше мысалдармен, мәселелермен немесе тапсырмалармен қызықтыру, ынталандыру;
- артта қалған және сенімсіз білім алушыларға көмектесіңіз, оларға көбірек тәжірибе беріңіз.

#### 9. Сөйлеу мәнеріне, таза, бір тілде сөйлеуге мән беріңіз.

Бейненің мазмұны қандай болса да қызықты, барлығын дикция немесе білім алушыларға бейтаныс шет тілі бұзуы мүмкін. Бейнедегі динамик анық, баяу және түсінікті екеніне көз жеткізіңіз. Мүмкін болса, YouTube-тің жабық субтитрлер мүмкіндігін қосыңыз. Бұл түсінуге көмектеседі.

#### 10. Өзіңіздің мазмұныңызды жасай бастаңыз

Бейнежазбаңызды жасау үшін PowerPoint, Podomatic, Echo360 бар экранды, Zaption немесе Jing сияқты кез келген қарапайым тегін құралдарды пайдаланыңыз.

#### 11. Айтпақшы: сіз бейнесабақсыз да жасай аласыз!

Білім алушыларға бейнежазбаларды мүлдем қараудың қажеті жоқ – олар мультимедиалық құралдармен өзара әрекеттесе алады. Бір мәселе бойынша қарама-қарсы пікірлерді (оқулықтарда, интернетте) оқып, сабаққа және




сыныпта талқылауға дайындалады. Flipped оқыту бейнеге немесе технологияға қатысты емес. Сіз жай ғана сабақ уақытын тиімді пайдаланасыз, осылайша білім алушылар мазмұнға терең бойлай алады.

12. Баяу төңкеріңіз және айналдырыңыз.

Қиындық жасамаңыз, кішкентайдан бастаңыз және оның қалай өтетінін көріңіз. Білім алушыларды берілген тақырып бойынша қызықты, сапалы мазмұнды табуға шақырыңыз.

Төменде дәстүрлі формат пен төңкерілген сынып айырмашылықтарын көрсетейік (4-сурет).



Сурет 4 – Дәстүрлі әдіс пен «Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) сабағының айырмашылығы

«Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) – бұл инновациялық оқыту моделі. Оның дәстүрлі сценарийден ерекшелігі – теориялық материалды сабақ алдында өз бетінше меңгереді. Оқытудың дәстүрлі және «төңкерілген» тәсілдерін бірнеше критерийлер бойынша салыстырайық: білім алушының рөлі, оқытушының рөлі, оқу-тәрбие процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі т.б. (2-кесте).

Кесте 2 – Дәстүрлі оқыту әдіс пен «Төңкерілген сынып» (Flipped Classroom) оқыту моделін салыстыру

Аталуы	Дәстүрлі тәсіл	Төңкерілген сынып
1	2	3
Білім алушы	Өз бетінше оқу іс-әрекетінде енжарлық, ынта мен ынтасыздық. «Тыңда, есте сақта, қайта жаңғырту» сызбасы бойынша жұмыс білім алушы мотивациясының төмендігі	Білім алушыларды оқу процесіне қатыстыру. Өзіңіздің оқуыңыз үшін жауапкершілік. Оқу процесінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесу. Мағыналы оқу. Оқу процесіне жауапкершілік

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3
АКТ	Білім беруде технология мен веб-құралдарын қолдану	АКТ арқылы жұмыстың әдістері мен формаларын өзгерту
Оқытушы	Білімді тасымалдау, сабақта тәртіпті сақтау, білім алушылардың білімін бақылау	Оқу жағдайын жобалау, білім алушылардың оқуға жауапкершілігін қалыптастыру, сыныппен сенімді қарым-қа тынас жасау
Әдістері	Ақпарат оқытушыдан білім алушыға өтеді	Білім алушылар бірігіп білімдерін ашады
Оқу процесі	Сыныпта білім алушылар оқытушының түсіндірмелерін тыңдайды. Сабақтан кейін үйге келген соң, олар үй тапсырмасын орындайды, көбінесе сәтсіз және сұрау мүмкіндігінсіз, кеңес алады	Жаңа тақырып бойынша оқу материалымен танысу (бейнефильм көру, тарауды зерделеу, АКТ арқылы білім алушылардың бірлескен жұмысы) және сабақта есептер шығару және жаңа жағдайда білім мен дағдыларды қолдану
Үй тапсырмасын орындау тәсілі	Оқытушы білім алушыларға сұрақтар қояды (кейде белгі бойынша)	Білім алушылар оқытушыға сұрақ қояды

Кез келген әдіс-тәсіл сияқты бұл оқыту моделінің де әлі де жетілдіретін тұстары бар. Бұл әдісті қолдану барысында кездескен қиындықтардың бастысы – жаңа тақырыпты аз уақыттың ішінде түсіндіру әрдайым оң нәтиже бермеуі мүмкін. Оқытушы оқу жоспарына қарай оқу материалымен танысып, тақырыпты меңгертуде «төңкерілген оқыту» әдісінің қаншалықты тиімді болатыны жөнінде алдын ала ойлануы қажет. Сонымен қатар, бұл әдісті қолдану үшін интернеттің қолжетімді болуы да негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Заманауи электрондық оқыту құралдарын келесі түрде ұсынуға болады: виртуалды зертханалар, зертханалық шеберханалар, компьютерлік тренажерлар, тестілеу және бақылау бағдарламалары, ойын оқыту бағдарламалары, бағдарламалық-әдістемелік кешендер, мәтіндік, графикалық және мультимедиялық материалы гиперсілтемелер жүйесімен қамтамасыз етілген электрондық оқулықтар, пәнге бағытталған орталар (микроәлемдер, имитациялық бағдарламалар), мультимедиялық ресурстар жиынтығы, анықтамалықтар мен энциклопедиялар, ақпараттық-іздеу жүйелері, білім беру деректер базасы; интеллектуалды оқыту жүйелері. Жоғарыда айтылғандардан қазіргі кезде цифрландыру жағдайында маңызы зор – электронды оқулықтарға тоқталып өтсек. Электрондық оқулық – бұл білім беру процесінде қолданылатын және дәстүрлі қағаз оқулығын алмастыратын арнайы құрылғы немесе бағдарламалық жасақтама.

Қазіргі уақытта «электрондық оқулық» сөз тіркесін түсіндіру кең мағынада біріледі: кейбір жағдайларда бұл қағаз оқулығының электронды нұсқасын білдіреді, ал кейбіреулерінде білім алушыларға мәтіннен басқа, интерактивті білім, тексеру блоктары бар мультимедиялық материалдарды

көрсетуге мүмкіндік беретін орталықтандырылған электронды құрылғылардағы бағдарламалардың күрделі жиынтығы.

Соңғы типтегі электрондық оқулықтар әзірлену үстінде, сондықтан қазіргі заманауи электрондық оқулықтар иллюстрациялары бар электронды мәтін болып табылады. Барлық оқытушылар электронды оқулықты қолданудың қарапайымдылығын, техникалық құрылғы көмегімен білім алушылардың оқу пәнімен жұмыс істеуге деген ынтасы мен қызығушылығын, сабақта және үйде электронды оқулықты қолданудың тиімділігін атап өтеді. Бұл құрылғымен жұмыс істеудің тиімділігі ғана емес – бұл безендірудің жоғары деңгейі, ақпараттың толықтығы, әдістемелік құралдардың сапасы, техникалық орындау, көрнекілік, логика, дәйектілік. Сонымен қатар өз бетімен білім алуға және қашықтықтан оқитындар үшін, таптырмас көмекші. Сондықтан білім беру процесінде электронды оқулықтарды пайдаланудың маңыздылығы дәлелдеуді қажет етпейді.

Электронды оқыту құралы келесідей бір-бірімен байланысты бірнеше бөлімдерден тұрады:

1. Құралдың түсініктемесі:
  - электрондық оқыту құралын құрудың мақсаты және бұл құрал кімге арналған;
  - электрондық оқыту құралының бөлімдер мазмұнына қысқаша шолу.
2. Тақырыпты оқытудың көкейкестілігі:
  - информатика бойынша жалпы білім беретін мектеп стандартында тақырыптың өзектілігі;
  - тақырыптың дүниетанымдық қуатын айқындау және негіздеу;
  - тақырыптың мақсаты мен міндетін анықтау.
3. Тақырыпты оқыту әдістемесі бойынша зерттеулерге шолу жасау:
  - тақырып бойынша авторлардың еңбектерін, оқыту-әдістемелік құралдарын талдау;
  - сабақ конспектілерінің мысалдары.
4. Тақырыпты оқытудағы автордың (өзіндік) әдістемелік нұсқаулары:
  - бағытты оқытудағы тақырыптық жоспарлау;
  - сабақ конспектісі;
  - білім алушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған оқыту тапсырмалары, танымдық, дүниетанымдық тапсырмалар (жағдайлар);
  - тақырып бойынша білімді бағалау сұрақтары, тапсырмалар, сауалнамалар және т.б.
5. Оқыту, көрсету және бақылау сипатындағы бағдарламалық құралдар:
  - тақырыпты оқытуға байланысты қолдануға болатын компьютерлік оқыту құралдарына, дайын электрондық оқыту құралдарына түсініктеме беру;
  - жеке авторлық презентациялар, оқытатын веб-қорлары;
  - тақырыпты оқыту үшін электрондық оқыту құралын негіздеу.
6. Ақпараттық жәрдем:

Бұл бөлім мұғалімдер мен оқушыларға арналған ақпараттық деректер тізімінен тұрады.

## 7. Құралды жасаушылар:

Бұл бөлімде электронды оқыту құралын жасағандардың аты-жөні, электрондық почта адрестері, суреті, өздері туралы мағлұмат (қажет деп санаса) жазылады.

Экономикалық және әлеуметтік өзгерістер жағдайында білім алушыларды өз бетінше білім алуға, өмір бойы білімін жаңартып, біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға үйрету өте маңызды. Өмірді және қоғамдық коммуникацияларды виртуализациялау жағдайында білім алушылардың қажеттіліктеріне көбірек бейімделген оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу және оқытушы рөлін өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты оқытушының алдында оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын таңдау сияқты күрделі мәселе тұр, оны оқу орнының нақты жағдайында жүзеге асыру маман дайындаудың жоғары сапалы деңгейін береді.

Соңғы уақытта шетелде гибридті немесе аралас оқыту деп аталатын түрі кең тарайды, ол қашықтықтан оқыту элементтерін, электрондық білім беру ресурстарын, бірлескен платформаларды, цифрлық технологияларды және Интернетті белсенді пайдаланудан тұрады. Дамыған елдердегі шетел педагогикасының соңғы процесінің бірі «төңкерілген сынып» технологиясы, ол аралас оқытудың бір түрі болып табылады.

Төңкерілген сынып – бұл оқуды ұйымдастырудың жаңа тәсілі, онда сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстар орны ауысып, керісінше болады. Сонымен қатар проблемалық оқытумен қиылыса отырып, бұл әдіс үлкен икемділікке ие және білім алушылардың оқу процесіне көбірек қатысуын қамтамасыз етеді, білім алушылар сыни ойлауға және тапсырмаларды бірлесіп орындауға үйренетін динамикалық және шығармашылық ортаны құруға мүмкіндік береді [122].

Жаңа тәсілдің айрықша ерекшелігі – толықтай немесе ішінара өз бетімен білім алуға көшіру болып табылады. Сонымен қатар, сыныптағы бос уақытты сыни ойлау мен шығармашылықты дамытатын интерактивті іс-шараларға пайдалануға болады.

«Төңкерілген педагогика» кітабы авторларының бірі М.Лебрен «Төңкерілген оқыту – бұл жаңа әдіс емес, керісінше жаңа ойлау тәсілі, оның мақсаты сыныптан тыс жұмыстар арқылы білім алушылармен сыныптағы жұмысты оңтайландыру, пәнді тереңдетіп оқытуда» деп жазады. Сонымен қатар оқытушының міндеті – білім алушыларды сыныптан тыс уақытта өз бетінше білім іздеуге ынталандыру, ақпаратты іздеп қана қоймай, оның дұрыстығын тексеруге, талдауға, сыни тұрғыдан түсінуге, содан кейін сабақта жаңа білімді игерудің қажетті шарты болып табылатын оқу материалына белсенді интеллектуалдық реакцияға қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі уақытта төңкерілген оқытудың бірнеше түрі бар. Төңкерілген оқытудың классикалық моделі білім алушының алдағы сабақтың теориялық материалымен алдын ала танысуын болжайды. Дайындыққа арналған материалдар негізгі дәріс конспектісі немесе оқулықтың параграфы түрінде де, слайдтар, бейне және аудио құжаттар түрінде де берілуі мүмкін [123]. Сабақта

оқытушы оқытылатын материалды талқылауды ұйымдастырады, қиын тұстарын түсіндіреді, сұрақтарға жауап береді, оқытудың интерактивті әдістерін қолданады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында сабақты ұйымдастыру барысында бірнеше әдістер қарастырылды [124].

*Студентке бейіндік оқыту* – бұл еркін білім беруге және оқуға ынталандыруды, білім алушының жеке басын дамытуды, білім алушыға ізгілікпен қарауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған жүйе. Ол білім алушыдан өзінің білім беру траекториясын құруда, оқу қарқынын, білім беру нәтижелеріне қол жеткізу құралдары мен тәсілдерін таңдауда белсенді және жауапты қатысушы болуды талап етеді [125, 126].

*Метапәндік оқыту* – білім алушыларға үлкен көлемдегі оқу пәндерін жалпыланған әдістер, тәсілдер, амалдар негізінде үйрену барысында ақпаратты өңдеу мен ұсыну жолдарын үйрету, сонымен қатар білім алушылар мен оқытушылардың әрекетін ұйымдастыру формаларын меңгертуді білдіреді. Оқушылардың нақты пәндік білімдері мен жеке пәндер шеңберіндегі дағдыларынан басқа, оқи білу білігі, жаңа әлеуметтік тәжірибені танымды және белсенді меңгеру арқылы тұлға ретінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіру қабілетін де кілттік күзіреттілік ретінде санауға болады. Әрбір адамның өмірлік әрекетінің әмбебап әдісі ретінде метаәрекет метабілімдер мен метақабілеттерді меңгеру деңгейімен, яғни тұлғаның даму деңгейімен анықталады [127].

*Мәселелік оқыту* – оқытушы ұйымдастырған оқытудың мәселелік мазмұнымен белсенді өзара әрекеттесу тәсілі, оның барысында ол ғылыми білімнің объективті қарама-қайшылықтарына және оларды шешу әдістеріне қосылады. Ойлауға, білімді шығармашылықпен меңгеруге үйренеді. Мәселелік оқыту схемасы процедуралар тізбегі ретінде ұсынылған, оның ішінде: оқытушының оқу-проблемалық тапсырмасын қоюы, білім алушыларға проблемалық жағдай туғызуы; пайда болған мәселені білу, қабылдау және шешу, оның барысында олар жаңа білім алудың жалпылама жолдарын меңгереді; есептердің нақты жүйесін шешу үшін осы әдістерді қолдану [128].

*Жобалық оқыту* – дидактикалық жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін, ал Жоба әдісі жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, білімді интеграциялауды ғана емес, сонымен қатар жаңартылған білімді қолдануды, жаңа білім алуды қамтамасыз ететін педагогикалық технология ретінде қарастырылуы мүмкін. Оқыту міндеттерін кешенді шешу үшін әртүрлі әдістер қолданылады, соның ішінде шығармашылық жобаларды орындау, олардың мақсаты білім алушыларды идеяны әзірлеуден бастап оны жүзеге асыруға дейінгі трансформациялық қызмет процесіне қосу болып табылады [129].

Айта кету керек, білім беру ішінара қашықтықтан жүргізілетініне қарамастан, бұл модель дәстүрлі білім беру жүйесіне ұқсайды және трансляциялық сипатта болады: алдымен теория, концепциялар мен модельдер зерттеледі, содан кейін оларды практикалық қолдану. Шартты түрде «ілгері» деп аталатын төңкерілген оқытудың келесі моделі де екі кезеңнен тұрады – сыныпта және сыныптан тыс, олар – тапсырмалар деңгейін бірте-бірте

күрделендіріп, іс-әрекетті кеңейтуді көздейді. Алдын ала дайындық барысында білім алушылар берілген тақырып бойынша ақпаратты өз бетінше іздейді, мақалалар оқиды, бейнероликтер көреді, шағын топтарда немесе жеке аудиторияға ұсынатын рефераттарды, пікірталасқа немесе дөңгелек үстелге сұрақтар дайындайды. Олар оқытушы мен басқа білім алушылардың жұмыс нәтижелерімен алдын ала танысып, сабаққа жақсы дайындалу мүмкіндігіне ие болу үшін, жұмыс нәтижелерін бірлескен электронды платформаға орналастырады. Осылайша әр білім алушының өзіндік жұмысы бақыланады.

«Төңкерілген сынып» технологиясы білімді жаңғырту және оны нақты белгіленген академиялық жағдайда қолдануға негізделген дәстүрлі бағалау процесін айтарлықтай өзгертеді. Технологияның әртүрлі үлгілері білім алушылардың алдында тұрған міндеттерге байланысты білімін бақылауға арналған формалардың кеңірек арсеналын пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпаратты оқытушы бермей, оны білім алушылардың өздері табуы қажет болған жағдайда ақпаратты іздеуде қолданылатын тәсілдер, сонымен қатар ақпараттың сапасы да бағаланады.


Төңкерілген оқыту білім алушылардың деңгейін ескере отырып, тапсырмалардың көлемі мен күрделілігін біртіндеп арттыруға және ақпараттық технологияның арқасында сыныптан тыс жұмыстың әрбір кезеңінде бақылауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың меңгеруі тиіс ақпараттың еселеп көбейетінін ескерсек, төңкерілген оқыту мақсатқа жетудің тиімді әдісіне айналады, өйткені саныптағы уақыт тең болған кезде білім алушы сапалы өзіндік жұмысын жасау барысында, әлдеқайда көп теориялық ақпарат пен практикалық дағдыларды алады. Осы ретте білім алушы оқу материалын бірнеше рет қайталап немесе қайта оқи алады, өзіне ыңғайлы қарқынмен, ыңғайлы жерде жұмыс істей алады, оқытушыға сұрақ құрастырып, жібере алады.

«Төңкерілген сынып» оқыту моделінің тиімділігін ескере отырып, біз өз жұмысымызда оны пайдалануды жөн көрдік. Осы модель негізінде «Төңкерілген оқулық» жасап, оны білім алушыларға пайдалануға ұсындық.

Төңкерілген оқулық негізінде жасалған электрондық оқу құралы Tilda ортасында жасалған. Бұл орта арнайы бағдарламалау тілдерін меңгермей, мазмұнға бағытталған жобаларды жасауға және жариялауға, оның ішінде: веб-сайттар, интерактивті мақалалар, оқу курстарын, фото альбомдар, портфолиолар және т.б. құруға мүмкіндік береді. Орта – үнемі дамып келе жатқан және веб-дамудың жаңа құралдарын енгізетін маңызды функционалдылық пен мүмкіндіктері бар платформа.


Аталған оқу құралын көрсетілген сілтеме арқылы көруге болады: <http://history-of-informatics.tilda.ws>. Онымен төменде көрсетілген суреттер арқылы таныстырып өтейік.

Төмендегі 5-суретте оқулықтың бастапқы беті көрсетілген.




Сурет 5 – Электрондық оқулықтың бастапқы беті

Жоғарыда 5-суретте көрсетілгендей, бастапқы бет «Тақырыптар», «Әдебиеттер», «Пайдаланушыға нұсқаулық» қосымшаларынан тұрады. Әр қосымшаға жеке-жеке тоқталып өтейік. «Тақырыптар» қосымшасы төмендегі 6-суретте көрсетілген.




Сурет 6 – «Тақырыптар» қосымшасы

Мұнда «Информатика тарихы» курсы бойынша қамтылған тақырыптар шеңберінде дәрістер материалы берілген. Әр тақырыпқа дәрістердің бейне роликтерін 7, 8 суретте берілген.




Сурет 7 –Тақырып бойынша 1 дәріс қосымшасы



Сурет 8 –Тақырып бойынша 8 дәріс қосымшасы


Тақырып бойынша дәріс бейне жазбасымен қатар, дәріс сабағына арнайы қарастырылатын сұрақтар берілген. Әр дәріске қатысты семинар сабағының тапсырмалары бөлек «Тапсырмалар» қосымшасында берілген. Оны төмендегі 9-суретте көрсеттік.






Сурет 9 – Тапсырмалар қосымшасы

9-суретте көрсетілгендей тапсырмалар 3 деңгейде жасалған, яғни білім алушы өз қалауымен, алатын бағаға қарай, кез келген деңгейдегі тапсырманы орындауға таңдау жасауына болады. Осы қосымшада орындалған тапсырманы жүктеуге арнайы батырма қарастырылған, яғни білім алушы орындаған тапсырмасын бірден жүктеуіне болады. Тапсырмалар деңгей бойынша 10-суретте көрсетілген.




Сурет 10 – Деңгей бойынша тапсырмалар

Электрондық оқыту құралында қолданылатын цифрлық білім беру технологиялар сілтемесі арқылы өтіп, практикалық тапсырламаларды жасауға болады (11-сурет). Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар (Қосымша Ә)-де берілген.



Сурет 11 – Уақыт лентасы мен ментальды карталар


Тақырып бойынша «Уақыт лентасы» қосымшасына тоқталып өтейік. «Уақыт лентасы», «Ментальды карталар» дәріс сабағын пысықтауға арналған құрал. Білім алушының ментальды ойлауын дамытуға ментальды карталардың орнын ерекше атап өтуге болады [130]. Ол 12-суретте көрсетілген.



Сурет 12 – Уақыт лентасы

Жоғарыда көрсетілген уақыт лентасы time graphics-те жасалған. Уақыт лентасы, менталды карталар теориялық материал негізінде құрылған. Олардың көмегімен өтілген тақырып бойынша алынған білімдерін қорытындылауға және хронологиялық түрде еске сақтауға үлкен септігін тигізеді.


Келесі кезекте, басты беттегі «Әдебиеттер» қосымшасы төменде 13-суретте көрсетілген.



Сурет 13 – «Әдебиеттер» қосымшасы

«Әдебиеттер» қосымшасында «Информатика тарихы» курсына пайдаланылған әдебиеттер берілген. Әдебиеттер кезең бойынша 3-ке бөлінген, яғни 1986-2006, 2006-2016, 2016-2021. Тізімі QR арқылы ашылады.

Бастапқы бетте «Пайдаланушыға нұсқаулық» қосымшасы туралы айтып өтейік. Бұл қосымшада білім алушыларға арнайы электронды оқу құралы жайлы, қандай қосымшалардан тұратыны, тапсырмаларды орындау, әдебиеттер тізімін пайдалану жайында жазылған. Төмендегі 14-суретте берілген.



Сурет 14 – Пайдаланушыға нұсқаулық қосымшасы

Қорыта келе, әзірленген электронды оқу құралы жоғарыда айтылып өткендей «Төңкерілген сынып» негізінде жасалған. Эксперимент барысында оқу құралы эксперименталды топқа беріліп, осы негізде оқытылды. Білім алушылар әр дәріске дейін бейне дәріспен танысып, дәріске арналған сұрақтарын дайындап, тақырыпқа байланысты жаңа ақпарат іздеп, өзіндік жұмыстар жасады.

Қазір ЖОО-да оқыту процесінің электрондық оқыту құралдары, оқу орнының ғылыми-зерттеу, ұйымдастырушылық-басқару ісі мен сабақтан тыс өткізетін жұмыстарын біртұтас ақпараттық білім ортасына біріктіруге байланысты жұмыстар жүргізілуде. Бұл зерттеулердің негізгі принципі жоғары кәсіби білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың теориясын, әдістемесін және практикасын толық есепке алу болып табылады. ЖОО-ның ақпараттық білім беру ортасы алдыңғы қатардағы цифрлық білім беру технологиялар негізінде құрастырылу қажет. Ал, өз кезегінде бұл құралдар педагог мамандарды дайындау мәселесіне елеулі әсерін тигізеді.

### **2.3 Болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсы төңкерілген оқыту ресурсын пайдаланып оқыту әдістемесі және педагогикалық эксперимент нәтижелері**

Елімізде 2018 жылдан бастап, бес басым бағытты анықтаған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды, оның ішінде ең маңыздылары «Экономика секторларын цифрландыру» және «Адам капиталын дамыту» [77]. Трансформацияның бұл бағыттары жаңа шындыққа – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін жасампаз қоғам құруға әкеледі. Осы тұрғыда білім беру саласын цифрландыру мәселесі жаңартылуда. Сонымен қатар, жалпы білім беру сапасы бойынша әлемнің 30 озық елінің қатарына қосылу мақсатына жету цифрлық технологияларды жүйелі дамытпай, оқу процесінің технологиялық тиімділігін арттырмай, 21 ғасырдағы білім беруді цифрландыру жағдайында жаңа дағдыларды дамытпай, ол мүмкін емес.

Бұл адамның бүкіл өмірінде қалыптасатын шығармашылық, әлеуметтік дағдылар, сыни тұрғыдан ойлау, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті сияқты дағдыларды дамыту, 21-ғасырдың басты құндылықтарына айналуы, заманауи білім берудегі көзқарастарды өзгерту, оның цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне бейімделу. Сонымен қатар, өткен ғасырдағы білім мен дағды қазір жеткіліксіз. Жаһандану жағдайында цифрлық экономика мен өндірістік технологиялардың белсенді дамуы, цифрлық технологиялардың күнделікті өмірге енуі қоғамды белсенді түрде өзгертуде, бұл өз кезегінде мектепте, жоғары оқу орындарында білім беру мазмұнына жүйелі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Білім берудің цифрлық трансформациясының мақсаты – цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін барынша пайдалану, сондай-ақ педагогикалық міндеттерді тиімді шешу үшін қолданыстағы цифрлық технологиялар мен ресурстарды бейімдеу. Білім беруді цифрландыру заманауи

білім беру процесін бүгінгі күннің шындығына ғана емес, болашақта да жаңа технологиялық сын-қатерлерге бейімделген икемді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі ұрпақтың цифрлық дағдыларын, цифрлық мәдениетін қалыптастыру мен жетілдіруге ерекше жауапкершілік бүкіл педагогикалық қауымға жүктеледі. Сондықтан да қазіргі басшылар мен оқытушылар үшін білім алушыларға не қызықты екенін, оқу процесіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізу процесін қалай басқару керектігін, онсыз технологияларды қалыптастыру мүмкін емес екенін білу маңызды.

Заманауи цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру және дамыту мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді:

- жеке білім беру траекториясын құру және білім алушылардың оқу жетістіктерін, олардың тұлғалық және кәсіби дамуын бақылау негізінде оқу процесін даралау;

- тұрақты оқу мотивациясын қолдау және әрбір білім алушыны белсенді әрекеттерге тарту;

- оқу іс-әрекетінің жобалық сипатын қамтамасыз ету, теориялық және практикалық оқытуды біріктіру, оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі жеке және ұжымдық формаларын пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту;

- мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтендіру және оқыту мүмкіндіктерін жасау және кеңейту;

- оқу тапсырмаларын орындау барысында жедел кері байланысты қамтамасыз ету, оқу нәтижелерін тез және объективті бағалау;

- басқару қызметін автоматтандыру, оқытушыны күнделікті жұмыстардан босату.

Бүгінгі таңда цифрлық технологияларды пайдалану бойынша көптеген педагогикалық тәжірибе жинақталған, бұл модельді жүйелік талдау қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Оны Массачусетс технологиялық институты мен Гарвард университеттерінің түлегі Салман Хан білім берудегі ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін көрсетті. Оның Khan Academy ([www.khanacademy.org](http://www.khanacademy.org)) коммерциялық емес жобасы 2008 жылы «төңкерілген сынып» технологиясын таратуды бастады. Академияның веб-сайтында химия, биология, физика, математика және басқа пәндер бойынша бейнелекциялар орналастырылған, бұл жоғары сапалы білім беруді кез келген жерде кез келген адамға қолжетімді етеді.

Төңкерілген оқыту – Flipped learning – аралас оқытудың негізгі нұсқаларының бірі, ол келесі формулаға негізделген: жаңа материалды өздігінен меңгеру (оның ішінде онлайн) және тәжірибеге бағытталған сыныптық жұмыс барысында бекіту. Білім беруді даралау мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған аралас оқыту технологиялары білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін толығымен ескеруге мүмкіндік береді. «Төңкерілген оқытуды» жүзеге асыру кезінде цифрлық білім беру ресурстарының әртүрлі түрлерін пайдалануға болады. Бүгінгі таңда оқытушы жоғары сапалы ресурстарды көптеп таба алатын «Bilimland» сияқты дайын білім беру платформалары бар.

Оқытушы «төңкерілген оқытуды» жүзеге асыру үшін оқытуды басқару жүйелерін де жиі пайдаланады. Мысалы, LMS Moodle дәстүрлі қашықтықтан оқыту курстарын ұйымдастыру үшін де, аралас оқытуды қолдау үшін де қолайлы. «Төңкерілген оқыту» үлгісімен жұмыс істеу үшін оқытушы мазмұнды жариялау және білім алушылармен өзара әрекетті ұйымдастыру үшін өз курсына жасай алады.

Төңкерілген оқыту моделінде цифрлық технологиялардың көптеген түрлері қарастырылды. Бұл технологиялар ақпаратты түсіруге және өңдеуге мүмкіндік беретін ойлауды оңтайлы визуализациялау әдісі.

*Бейне дәріс* – жаңа білім алушының ыңғайлы және тиімді әдісі болып табылады. Сонымен қатар бұл анимациялық графикамен сүйемелденген бейне кескіндер мен дыбыстар жүйесі. Бейне дәрісте ең өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары, мамандардың беделді пікірлері (соның ішінде басқа қалада немесе басқа елде орналасқан), типтік қателерді талдау және тәжірибеге шолулар талқыланады. Бұл өнім ең алдымен жаңа білім іздеп, өзінің кәсіби деңгейін көтеруге бағытталғандарға арналған. Білім алушы дәрісті көру үшін уақыт пен орынды таңдай алады және оны қайталай алады, бұл ретте әрбір дәріс уақыт шектеусіз оқуға болатын көрнекі диаграммалар мен кестелермен қамтамасыз етіледі [131].

*Презентация* – ақпаратты ұсыну тәсілі ретінде объект туралы қажетті ақпаратты алушыға ыңғайлы формада беруге мүмкіндік беретін ақпараттық немесе жарнамалық құрал болып табылады. Әдетте, презентация мәтінді, графиканы, кестелік деректерді біріктіре алады, сонымен қатар гипермәтіндік сілтемелерді, компьютерлік анимацияны, бейнені, музыканы және дыбысты (кейде барлығы бірге немесе бөлек) пайдалана алады [132].

*Уақыт лентасы* – оқиғалар хронологиялық тәртіпте сызылған уақыт шкаласы. Көбінесе уақыт шкаласы оқиғалар тізбегін көрсететін жылдармен (немесе кезеңдермен) белгіленген көлденең сызық болып табылады. Заманауи ақпараттық технологиялар хронометражға тек мәтінді ғана емес, суреттерді, бейнелерді және дыбыстарды да қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәтін бөлігі немесе сурет үшінші тарап ресурсына гиперсілтеме ретінде орналастырылуы мүмкін, онда оқиға толығырақ ашылады. Уақыт шкаласын кез келген пәндік салада қолдануға болады, ол белгілі бір күнге байланысты емес (кезеңдер мен оқиғалар дерексіз). Ол оқиғалардың хронологиясын бейнелеуге мүмкіндік береді және олардың сипаттамасында әртүрлі электрондық ресурстарды енгізуге болады [133]. Төңкерілген уақыт таспаларын SmartDraw, time graphics, line time, т.с.с. бағдарламаларда жасауға болады.

*Ментальды карта* – ойлауды визуалдау техникаларының бірі. Радиалды және иллюстративті құрылымына сәйкес ментальды карталар ақпаратты ұсынуды қарапайым мәтін, тізім мен кестеге қарағанда жылдам әрі көрнекі етіп, ақпаратты жақсы меңгеруге әсер етеді. Белгілі бір ассоциативті қабылдауды тудыратын жарқын бейнелер, графикалық суреттер мен сөздер сызықтық әдістерге қарағанда жадыда жеңіл сақталады, сонымен қатар қажет кезде жылдам еске түседі. Ментальды карта құру технологиясының тиімділігі –

өтілген тақырыпты меңгеру сапасын тексеруде де байқалады. Оқу сабағының рефлексия кезеңінде білім алушыға қысқа уақыт аралығында орталық тақырыптың бір тармағын сипаттау ұсынылу мүмкін. Негізгі тармақтар санын оқытушы дәрістің мақсатына сәйкес таңдайды. Екінші деңгейдің тармақтарының санын ментальды карта авторының өзі таңдауы мүмкін. Интеллект картаның тағы бір артықшылығы – толық аяқталған ментальды карта сирек кездеседі, олар үнемі толықтырылып, жаңа идеялар пайда болуына сәйкес кеңейтіліп отырады. Ментальды карта білім алушылардың білімін тексерудің таптырмас шешімі бола алады, бақылау мен жобалық жұмысты қорғау барысында жоспарлау, орындау, жүзеге асыруда көмекші құрал рөлін атқарады. Электрондық ментальдық карталарды жасау үшін, мысалы, MindMeister, Text2, MindMap немесе FreeMind, XMind, Explane компьютерлік программаларын тиімді пайдалану. Программаларды пайдалану оқытушы мен білім алушылардың жұмыс өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді [134].

*«Төңкерілген» оқыту үлгісінде жасалған сабақ үлгілеріне тоқталып өтейік:*

*Тақырыбы:* Ғылым тарихы. Информатиканың ғылым ретінде қалыптасуы. Қазіргі әлемдегі информатиканың рөлі.

*Дәріс 1.* Ғылым – тұтас көпқырлы күрделі құбылыс. Ғылым – шындық туралы объективті білімдерді теориялық тұрғыдан жүйелейтін, өңдейтін адам қызметінің нәтижесі. Ғылым адамның ойлау мәдениетіне, шығармашылық қабілетіне, интеллектінің шексіз дамуына бағдарланады. Ғылым тек сыртқы дүниені ғана емес, өзіне-өзі де үңіледі: ғылым тарихы, логикасы, білім мен ғылым социологиясы, ғылымтану т.б. Соның маңызды терең салаларының бірі – ғылым философиясы мен әдіснамасы. Ол ғылыми танымдық қызметтің заңдылықтарын, ғылыми білімнің құрылымы мен динамикасын, ғылыми таным әдістері мен құралдарын, білім дамуын зерттейді.

Бүгінгі таңдағы еліміздің ғылым мен білімге басымдылық беру саясатына орай, оны тереңірек игеру және зияткерлік деңгейді көтеру білім беру процесінен бастау алады.

Біріншіден, ғылым дамуын тарихи кезеңдерсіз қарастыру мүмкін емес болғандықтан, 19 ғасырдың екінші жартысында арнайы ғылым тарихы ілімі қалыптасты. Ғылымның түпбастауының кезеңін анықтау да жалпы алғанда қиындық туғызатын мәселе болғандықтан, ол туралы мынадай әр түрлі көзқарастар қалыптасқан: ғылым адамзаттың пайда болуымен бірге, еңбек құралдарын қолданып, табиғатқа үстемдік жүргізе бастағаннан-ақ қалыптасты; 2500 жылдай бұрын Грек философиясы кезеңінде пайда болған; 400 жылдай бұрын жаратылыстану білімдерінің пайда болуынан, екі ғасыр бұрын позитивті ойлау машығының ықпалымен пайда болған.

Екіншіден, ғылым дегенді анықтаудың өзі қиындықтар туғызады, ғылыми мен ғылыми еместі ажыратудың өзі қиындықтар туғызады, ғалымдар тарихи дамудың барысында да ғылымды анықтауда әр түрлі шешімдерге келіп отырған. Сондықтан да оның шығу тегін анықтау қиынға түседі. Сонымен қатар ғылым әр мәдениетте де әр түрлі қарастырылады.

Дж. Бернар «Ғылымның басты ағымы алғашқы қауым адамының практикалық техникалық тәсілдерінен туындайды. Біздің механикаландыру мен ғылымға негізделген барлық күрделі өркениет байырғы өткен дәуірдегі әлеуметтік институттар мен материалдық мәдениеттен өркендеп шыққан, басқаша тілмен айтқанда, біздің ата-бабаларымыздың қолөнері мен дәстүрлерінен» - деп тұжырымдайды.

Адамның өмір сүру салтындағы алғашқы түбегейлі өзгеріс терімшіліктен жер өңдеуге көшкен кезде, жануарларды қолға үйретудің арқасында осыдан он мың жыл бұрын болған еді. Аграрлық революция өндірісті, тасымалдау мен қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жануарлар мен адамның күшін біріктіре пайдалануға құрылған болатын. Соның нәтижесінде біртіндеп азық-түлік өндірісінің тиімділігі артты, өз кезегінде ол адам санын көбейтуге жағдай жасап, олар тұратын үлкен елді мекендердің тіршілік қамын жақсартты. Уақыт өте келе қалалардың өркендеуіне, адамдардың ірі елді мекендерге шоғырлануына ықпал жасады.

Аграрлық революциядан соң, XVIII ғасырдың екінші жартысында, басталған тағы бірнеше индустриялық революция өтті. Бұлар бүгінгі тарихи сәтке жетелеген бұлшық етті пайдаланудан механикалық қуатқа ауысу кезеңдері болды. Ал төртінші индустриялық революция процесі адамның таным қызметінің өзгеруі арқылы дамиды болады.

Бірінші индустриялық революция 1760 жылдардан 1840 жылдарға дейін созылды. Оны іске қосқан тегершік темір жолдың салынуы мен механикалық өндірістің дамуына ықпал еткен бу машинасының ойлап табылуы болды. XIX ғасырдың соңында басталып, XX ғасырдың басына дейін жалғасқан екінші индустриялық революция электр мен конвейердің таралуы арқасында жалпыға ортақ өндірістің пайда болуына алғышарт жасады. Үшінші индустриялық революция 1960 жылдары басталды. Әдетте оны компьютерлік немесе цифрлық революция деп атайды. Оның қозғаушы күші жартылай өткізгіштер, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары пайдаланылған алып ЭВМ-дер, жетпісінші-сексенінші жылдардағы жеке компьютерлер, тоқсаныншы жылдардағы интернет жүйелері болды.

Информатика жаңа оқу пәні ретінде барлық типтік мектептерге 1985 жылдың 1 қыркүйегінде енгізіліп, ол пән «Информатика және есептеуіш техника негіздері» (ИЕТН) деп аталды. Жалпы білім беретін мектепте бұл пән жоғарғы екі сыныпта оқытылды (ол кезде бұл 9-10 сыныптар болатын).

Информатика жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарына біртіндеп енуі айтарлықтай бұрын басталып, бұл процесс оқушылардың кибернетика және программалау элементтерін оқып үйрену тәжірибелерінен бастау алды. Сол кездегі кеңес білім беру тарихында мектептің білім беру жүйесінде ғана емес, сонымен қатар, қоғамда да маңызды орын аларлық ілгерілеуді сипаттайтын, бірнеше барынша нақтылы кезеңдерді атап өтуге болады. Осы ілгерілеу (дүниетанымдық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық, тағы тағылар) өткен ғасырдың 1980 жылдарының ортасында информатиканың жеке оқу пәні ретінде мектепке енгізу мен қалыптасуын қамтамасыз ететіндей



жағдай жасалды. Төменде бұрынғы кеңестік социалистік республикалар одағы (КСРО) елдерінің барлығында дерлік, орта мектептеріне ИЕТН пәнін енгізудің алғышарттарына қысқаша шолу жасалынған.

Алғашқы электрондық есептеуіш машиналар бұрынғы КСРО-да ХХ ғасырдың 50 жылдарының басында пайда болды. Бұған қоса адамзат қызметінің жаңа саласы – электрондық есептеу машиналарына (ЭЕМ) программа жасау – программалау қарқынды дами бастады. Өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңінде-ақ, тіл құралдары мен әдістерінің жетілмегендігіне қарамастан, ЭЕМ-де программалау оқушылардың оны түсініп, қабылдау мүмкіндіктеріне шек қоятындай қандай да бір түбегейлі қиыншылықтарды қамтымағандығын айта кеткен жөн, өйткені ЭЕМ үшін күрделі емес оқу программаларын құру жеткіншек жастағы оқушының шамасы келетін, қарапайым және жалпыға бірдей ұғымдардың шектеулі ауқымына сүйенеді.

Алғашқы ЭЕМ-дердің ғылыми-зерттеу мекемелерінде және жоғарғы оқу орындарының ірі орталықтарында пайда бола салысымен-ақ, оған мамандардың құлшынысы және оқушылармен ізденушілік жұмыс жүргізуге деген қызығушылықтары ЭЕМ-де программалау бастамаларын оқып үйренетін оқушылар (көбіне әртүрлі жастағы) топтары құрылды.

Осы сияқты практика ең алғаш рет қай жерде іске асырылғандығын анықтау қиын. Мысалы, 50-жылдардың соңына қарай осындай тәжірибе КСРО Ғылым Академиясының болашақ академигі және мектеп информатикасының алғашқы нұсқасын жасауды ұйымдастырушы, математиктер мен программалаушылардың ең әйгілі өкілі А.П. Ершовтың қатысумен (1931-1988) және ол кісінің басшылығымен Академқалашыққа тиесілі Новосібірдің бірқатар мектептерінің есептеуіш техника базасында даму алғандығы белгілі. Қысқа мерзім ішінде осындай бағыттағы жұмыстарға еліміздің ғылыми-зерттеу институттарынан және университеттерінен жаңашыл-оқымысты ғалымдары қосылды. Бұл алғашқы қадамдардың оқушыларға жүйелі программалау оқу курсының жасалуына тікелей қатысы болмаса да, олар оқушыларға программалауды оқыту идеясын түбегейлі жүзеге асыруға болатындығын көрсетті.

Информатиканың дамуы ақпаратты сақтауға және өңдеуге арналған құрылғылар ЭЕМ-машиналардың шығуымен байланысты. Ал ЭЕМ–тенологияның негізгі құралы. Бұл ғылым – ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған.

Информатика – ақпарат алу, жіберу, өңдеу, сақтау, ұсыну процестерін зерттеумен қоғам өмірінің барлық саласында ақпараттық техника мен технология жасау, ендіру және тиімді пайдалану мәселелерін шешумен шұғылданатын ғылыми-техникалық прогрестің басты бағыттарының бірі.

Информатика:

– ақпарат жинау, сақтау, жіберу, өңдеу және беру әдістері мен құралдарын зерттеумен байланысты – техникалық;

– ақпараттың мәнін сипаттау тәсілін анықтайтын, оның сипаттау тілдерін зерттейтін-семантикалық;

– ақпаратты кодтау әдістерін сипаттайтын – прагматикалық;

– ғылыми-ақпараттық іс-әрекеттің кейбір түрлерін, оның ішінде индекстеуді, автоматты реферлеуді, машиналық аударманы формальдау және автоматтандыру мәселелерін шешумен байланысты мәселелер топтарын зерттейді.

Информатика ұғым ретінде біздің өмірімізге берік енген, ғылыми-техникалық үдеудің синонимдердің біріне айналды. Бұл сөз ХХ ғасырдың 60 жылдарының басында француз тілінде (information- ақпарат және automatique-автоматика) қоғамда ақпаратты автоматты түрде өңдеуді белгілеу үшін пайда болады. Ғылымның, техниканың және өндірістің көптеген салаларының одан ары дамуы ақпаратты өңдеудің сандық және сапалық мүмкіндіктерінің өсуін, адамның ақыл-ой әрекетінің артуын қажет етті. Информатиканың қалыптасуы мен дамуында ғылыми-техникалық дамудың басты бағыттарының бірі, оның нақты катализаторы – ЭЕМ мен қазіргі компьютерлік техниканы жасау негізгі рөл атқарады.

ЭЕМ-ны қолдану – тек ақпарат жинақтауға, сақтауға, өңдеуге ғана емес, жаңа ақпарат, жаңа білім алуға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технология (ЖАТ) жасауға негіз болды. ЖАТ ақпаратпен жұмыс істеудің белгілі сатыларын ретімен орындау. Қазіргі компьютердің ерекшелігі – олардың көпшілігі есеп шығару үшін емес, ақпаратты алуан түрде өңдеу үшін қолданылатынында. Бұл – мәтін өңдеу, графикалық жұмыс орындау, әр түрлі дерек жинау мен оны тез шығарып беру, компьютермен оқыту процесінде ақпаратты программалық түрде ұсыну, білім сапасын автоматтандырылған түрде бақылау және т.б.

Қолданылған әдібет тізімі:

1. Б.М. Аташ, Л. Асқар., Ш. Абуева. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. – Алматы, 2014. – 120 б.

2. Шваб К. Төртінші индустриялық революция / ауд. Н.Б. Ақыш, Л.Ә. Бимендиева, К.І. Матыжанов. Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. – Алматы, 2018. – 198 б.

3. Бидайбеков Е.Ы., Лапчик М.П., Нұрбекова Ж.К. және т.б. Информатиканы оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы, 2014. – 588 б.

*Бейне дәріске сілтеме: <http://history-of-informatics.tilda.ws/theme1>*

*Жаңа сабақтың басталуы:*


1. Ғылым тарихының қалыптасу кезеңдері қандай?

2. Ғылым дамуында неше индустриялық революция қарастырылады?

3. Информатика мектептерге қай жылы енгізілді?

*Студенттердің жауабы:*

*Сабақты нысықтау:* Төменде берілген уақыт лентасын толтырыңыз. Уақыт лентасында тақырыпқа байланысты кезеңдер белгіленген, жылдар жазылған, соларға сәйкес осы уақытта болған оқиғаларды, тарихи жағдайларды жазып, толтыру қажет (<https://time.graphics/ru/line/564479>), (15-сурет).



Сурет 15 – Уақыт лентасы

*Семинар сабақ тақырыбы:* Ғылым тарихы. Информатиканың ғылым ретінде қалыптасуы. Қазіргі әлемдегі информатиканың рөлі.

*Деңгейлік тапсырмалар:*

- 1 деңгей – 50-69;
- 2 деңгей – 70-89;
- 3 деңгей – 90-100.

*1 деңгей тапсырмалары:*

1. Берілген тақырып бойынша реферат дайындау. Реферат көлемі 6-7 бет: оған мұқаба беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдібиеттер кіреді. Рефератқа жазылған мәлімет нақты, анық, жүйелі болуы шарт. Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі. Рәсімдеуге келесідей талаптар қойылады: MS Word, қаріп 14, азат жол 1,25, жол аралық интервал 1, қажетінше Ж, К, Ч пайдалануға болады.

2. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау. Презентация көлемі 6-7 бет, реферат мазмұнына сәйкес болуы қажет. Презентацияны *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon* программаларын пайдаланып жасауға болады.

3. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру. Тапсырма құру барысында тақырыпты, тақырыптың толық ашылуын, мәлімет толықтығын, нақтылығын ескеру қажет. Тапсырмаларды *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon, Canva, MS Office, wordwall, Xmaind, Tilda, Timeline*, т.с.с. бағдарламаларды пайдаланып жасауға болады.

*2 деңгей тапсырмалары:*


1. Берілген тақырып бойынша реферат дайындау. Реферат көлемі 6-7 бет: оған мұқаба беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдібиеттер кіреді. Рефератқа жазылған мәлімет нақты, анық, жүйелі болуы шарт. Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі. Рәсімдеуге келесідей талаптар қойылады: MS Word,

кәріп 14, азат жол 1,25, жол аралық интервал 1, қажетінше *Ж, К, Ч* пайдалануға болады.


2. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау. Презентация көлемі 6-7 бет, реферат мазмұнына сәйкес болуы қажет. Презентацияны *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon* программаларын пайдаланып жасауға болады.

3. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру. Тапсырма құру барысында тақырыпты, тақырыптың толық ашылуын, мәлімет толықтығын, нақтылығын ескеру қажет. Тапсырмаларды *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon, Canva, MS Office, wordwall, Xmaind, Tilda, Timeline*, т.с.с. бағдарламаларды пайдаланып жасауға болады.

4. Берілген тақырып бойынша ментальды карта құру, ол үшін *Canva, Wordwall, Xmaind*, т.с.с бағдарламаларды пайдалануға болады. Мысалға төмендегі ментальды картамен танысыңыз (16, 17-суреттер).



Сурет 16 – Ментальды карта



Сурет 17 – ЭЕМ буындары ментальды картасы

### 3 деңгей тапсырмалары:


1. Берілген тақырып бойынша эссе жазу. Эссенің ұзақтығы 1 бет, 250-300 сөзден аспауы керек. Тақырып айқын және түсінікті болуы, қысқаша және түсінікті жазылуы, артық ештеңе болмауы, идеяңызды ашуға қажетті ақпараттарды ғана қамтуы, композициялық құрылымға ие болуы, логикалық, құрылымы айқын болуы, әр абзацында тек бір ғана негізгі ой болуы, тақырып бойынша айтылған ұстанымға сенімді дәлелдер болуы қажет. Эссе құрылымы: кіріспе – эссенің негізгі сұрағын, өзектілігін анықтау, негізгі бөлім – қойылған сұрақтың жауабы, қорытынды – жасалған қосымшалардың қорытындысы және эссе сұрағына соңғы жауап.

2. Берілген тақырып бойынша реферат дайындау. Реферат көлемі 6-7 бет: оған мұқаба беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдібиеттер кіреді. Рефератқа жазылған мәлімет нақты, анық, жүйелі болуы шарт. Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі. Рәсімдеуге келесідей талаптар қойылады: MS Word, қаріп 14, азат жол 1.25, жол аралық интервал 1, қажетінше *Ж, К, Ч* пайдалануға болады.

3. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау. Презентация көлемі 6-7 бет, реферат мазмұнына сәйкес болуы қажет. Презентацияны *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon* программаларын пайдаланып жасауға болады.

4. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру. Тапсырма құру барысында тақырыпты, тақырыптың толық ашылуын, мәлімет толықтығын, нақтылығын ескеру қажет. Тапсырмаларды *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon, Canva, MS Office, wordwall, Xmaind, Tilda, Timeline*, т.с.с. бағдарламаларды пайдалануға болады.


5. Берілген тақырып бойынша ментальды карта құру, ол үшін *Canva, Wordwall, Xmaind, Smartdrow* т.с.с бағдарламаларды пайдалануға болады. Мысалға төмендегі ментальды картамен танысыңыз, ментальды картаны өз қалауыңыз, талғамыңыз бойынша рәсімдеуге болады (18-сурет).



Сурет 18 – Ғылым тарихы тақырыбындағы ментальды карта

2-ші сабақ үлгісі.

Тақырыбы: Қоғамды ақпараттандыру және цифрландыру. Қоғамды ақпараттандыру. Робототехника. STEAM оқыту. Цифрландыру (19-сурет).



Сурет 19 – дәріске берілген презентация

Дәріс 8. Бүгінгі ақпараттандыру заманында қазіргі өмірді ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық революцияның екпінді дамуы нәтижесінде ақпарат мемлекеттік басқарудың басты ресурсына айналды. Тіпті ақпараттық мемлекет деген жаңа термин пайда болды. ҚР Президентінің

жарлығымен 2013 жылы 8 қаңтарда «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Ақпараттық қоғамда басты ресурс ақпарат болып табылады, дәл осы ақпаратқа ие болу негізінде әр түрлі процестер және құбылыстар туралы кез келген қызметті тиімді және оңтайлы құруға болады. Ақпараттық қоғамды дамытудың негізгі белгілері компьютерлердің болуы, компьютерлік желілерді және сондай-ақ күнделікті қызметте ақпараттық және коммуникациялық технологияны пайдаланатын, ақпараттық салада қамтылған халықтың санын дамыту деңгейі болып табылады.

Ақпараттық қоғам дамыған және қол жетімді инновациялық және ақпараттық технологиялардың және қол жетімді инновациялық және ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымы есебінен халықтың хал-ахуалының жоғары деңгейіне жетуге бағытталған.

Қазақстан өз кезегінде жаһандық ақпараттық қоғамның қалыптасу процесіне барынша үлес қосуда. Сол себепті барлық қажетті шарттарды тудыру үшін «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламасы әзірленген, олар біздің елдің ақпараттық қоғамға толыққанды ауысуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар қоғамды жаңғыртудың маңызды факторлары адамдардың өмір сүру салтына, экономикалық көрсеткіштерге ықпалы АКТ қазіргі Қазақстан азаматтарының өмірі мен экономикасы үшін АКТ даму маңыздылығын сипаттайды. Соңғы жылдары АКТ секторында Қазақстан маңызды серпін жасады. Почта байланысы, телекоммуникация саласы және интернетке рұқсат белсенді дамып келеді. Халыққа және бизнеске ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» қызметін жақсарту бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары, виртуалды қабылдау, интернет-конференциялар арқылы халық пен мемлекеттің кері байланысы мен диалогының механизмдері іске асырылды. Бірақ ақпараттық қоғамды құру осымен аяқталмайды, үздіксіз жұмыс жүргізілуде.

*Робототехника.* Күні кешеге дейін роботтарды пайдалану қатаң қалыпқа бағынатын міндеттерге байланысты жекелеген салалармен ғана шектеліп келген еді. Мәселен, автомобиль жасауда. Бүгінде роботтарды пайдалану жер өңдеуден бастап, сырқат адамды бағып-қағуға дейінгі барлық салалар мен міндеттерді түгелге жуық қамтиды. Робототехниканың жедел дамуының арқасында адам мен машиналардың тығыз қарым-қатынасы көп ұзамай әдепкі жағдайға айналады деп ойлаймын. Оның үстіне, бүгінгі күні конструктивтік және функционалдық дизайны күрделі биологиялық құрылым негізінде (биомими-крия процесін дамыту, былайша айтқанда, табиғи үлгілер мен стратегияларға ұқсату) жасалатын технологиялық прогресс роботтардың бейімділігі мен икемділігін арттыра түсуде. Сенсорлар (sensors) саласындағы жетістіктер роботтарды үй шаруашылығындағы тірліктен бастап, аса ауқымды міндеттер атқаруға тарта отырып, олардың қоршаған ортаны жақсы қабылдау мен оған әсер ету қабілетін арттыра түседі. Егер бұрындары роботтар жеке

құрылғылар үшін бағдарламаланса, енді олар «бұлт (cloud) технологиялары» арқылы басқа жүйедегі роботтарға қосыла отырып, ақпаратты оқшауланған желіде ала алады. Роботтардың келесі ұрпағы – адамдар мен машиналардың арасындағы қарым-қатынасты күшейту жағына қарай ойыса дамиды.

Робототехника – өндірістен бастап, ауыл шаруашылығына, жеке саудадан қызмет көрсетуге дейінгі көп салаға ықпал етуде. Халықаралық робототехника федерациясының мәліметтеріне сәйкес, қазіргі таңда әлемде 1,1 млн. робот жұмыс істейді. Автомобиль өндірісіндегі жұмыстың 80%-ын роботтар атқарады. Бизнес саласында болжамды әрі тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін, роботтар жабдықтау жүйесін модернизациялай алады.

Робототехника – білім берудегі әмбебап құрал. STEAM жүйесінің жаңалығы болып табылатын – робототехника аты айтып тұрғандай «роботтармен» байланысты. Робот – бұл механикалық іс-әрекеттерді орындайтын әмбебап құрал. Олардың бірнеше түрі болады: адаптивті роботтар, өндірістік роботтар, жасанды интеллектті роботтар. Робототехника – автоматтандырылған жүйелерді, роботтарды құрумен айналысатын қолданбалы ғылым. Ол математика, физика, информатика, механика секілді ғылымдарға сүйенеді. Оны мектеп пәні ретінде, сабақтан тыс іс-шаралар ретінде және қосымша ретінде оқытуға болады. Барлық жастағы адамдарға сәйкес келеді, мектепке дейінгі балалардан бастап кәсіптік білімге дейін. Сонымен қатар, робототехникалық құралдарды пайдалана отырып балаларды оқыту – бұл ойын барысында оқыту және техникалық шығармашылық болып табылады және өздеріне сенімді, өз ісіне қызуғышылықпен және жауапкершілікпен қарайтын тұлғаларды тәрбиелеуге жетелейді. Робототехниканы бастауыш, жалпы орта, кәсіптік және жоғарғы білім беруде және арнайы оқытуда қолдануға болады. STEAM жүйесінің элементі ретіндегі робототехниканың қызықтырарлығы, оқушылар оқу барысында уақыттын көп бөлігін партада емес, өз жобаларын жасау, программалау, тестілеу, жаңарту үстінде болады.

*STEAM оқыту.* Әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі – STEAM білім беру, төрт академиялық облысты (science, technology, engineering and mathematics) біріктірген. STEAM білім беру негізінде – пәнаралық және қолданбалы тәсілді қолдана отырып, оқушыларды оқыту идеясы. Әрбір бес пәнді жеке оқытудың орнына, бұл тәсіл оларды оқытудың бірыңғай схемасына біріктіреді. Бұл мектептен тыс мектепте жобалық және оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру бағыттарының бірі.

Жақын болашақта елімізде: IT-мамандар, бағдарламашылар, инженерлер, жоғары технологиялық өндіріс мамандары және т.б. қазір елестету қиын мамандықтар пайда болады, олардың барлығы ғылымдармен түйіскен жерде технологиямен және жоғары технологиялық өндіріспен байланысты болады. Әсіресе био- және нанотехнологиялар мамандары қажет болады. Болашақ мамандарына жаратылыстану ғылымдарының, инженерия мен технологияның әр түрлі білім салалары бойынша жан-жақты дайындық және білім қажет болады. Жалпы білім беретін мектептер жаңартылған білім беру стандарттарына көшті. Білім берудің жаңартылған мазмұнының оқу



бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара байланыстылығына және нәтижелердің мектептен нақты пәнді оқыту мақсаттары жүйесімен «шығу» нәтижесімен негізделген тәрбие мен оқытудың бірлігі қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламаларының ерекшелігі тек пәндік білім мен шеберлікті емес, сондай-ақ кең ауқымдағы дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы болып табылады.

*Цифрландыру. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.* «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болған. Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді: «Қазіргі экономиканы цифрландыру» - нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту. «Болашақтың цифрлық индустриясын құру» - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу. 2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылатын Бағдарлама еліміздің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етті және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды.

Экономикалық әсерге қол жеткізуден және бәсекеге қабілеттілікті өсіруден басқа цифрландыру халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік салаларға оң ықпалын тигізу – Бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі болды. Бұндай бастамалар қысқа мерзімді келешекте инвестициялардан тікелей қайтарылымды болжамайды, бірақ олар Бағдарламаның ұзақ мерзімді табысты болуына және елдің дамуына (мысалы, білім беруді дамыту) маңызды, сондай-ақ, мемлекет рөлінің квинтэссенциясы (денсаулық сақтауды, электрондық үкіметті, «ақылды қалаларды» дамыту) ретінде қажет. Осындай бастамалардан келетін жиынтық әсер кейінге қалдыру сипаттамасына ие және тек жылдар өте толығымен белгілі болады. 2022 жылдары білім берудің, денсаулық сақтаудың және инвестициялық орталардың сапалы дамуынан әсердің басталуы күтілді. Бұл әсер Бағдарламаны іске асыру аясында елеусіз, бірақ ұзақ мерзімді перспективада әлемнің топ-30 дамыған елдерімен әлеуметтік-экономикалық дамуда алшақтықты айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді деді. Сонымен қатар, Қазақстанның БҰҰ АКТ даму индексындағы 30 алдыңғы қатарлы елдердің құрамына кіруі Бағдарламаны іске асырудың маңызды нәтижесі болады – деп болжанды. Бұдан да кең ауқымда цифрландыру бағдарламасын сәтті енгізу елді алғашқы бейнелері енді

білініп келе жатқан ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамудың келесі тегеуріндеріне дайындайды.


*Бейне дәріске сілтеме:* <http://history-of-informatics.tilda.ws/theme8>.

*Жаңа сабақтың басталуы:*

1. Қоғамды ақпараттандыру бағдарламасы туралы білесіз бе?
2. STEAM оқыту туралы не білесіз?
3. Цифрландыру бағдарламасы қалай жүзеге асырылды?

*Студенттердің жауабы:*

*Сабақты нысықтау:* Төменде берілген ментальды картаны толтырыңыз. Картаны тақырыпқа байланысты толтырып, қалауыңызша өзгертуге болады. <https://www.mindmeister.com/ru/map/2164465886?t=5LYMeAPSIa> (20-сурет).



Сурет 20 – Ақпараттардыру және цифрландыру тақырыбындағы ментальды карта

*Семинар сабақ тақырыбы:* Қоғамды ақпараттандыру және цифрландыру. Қоғамды ақпараттандыру. Робототехника. STEAM оқыту. Цифрландыру

*Деңгейлік тапсырмалар:*


- 1 деңгей – 50-69;
- 2 деңгей – 70-89;
- 3 деңгей – 90-100.

*1 деңгей тапсырмалары:*

1. Берілген тақырып бойынша реферат дайындау. Реферат көлемі 6-7 бет: оған мұқаба беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдібиеттер кіреді. Рефератқа жазылған мәлімет нақты, анық, жүйелі болуы шарт. Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі. Рәсімдеуге келесідей талаптар қойылады: MS Word, қаріп 14, азат жол 1,25, жол аралық интервал 1, қажетінше *Ж, К, Ч* пайдалануға болады.

2. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау. Презентация көлемі 6-7 бет, реферат мазмұнына сәйкес болуы қажет. Презентацияны *Google*

*Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon* программаларын пайдаланып жасауға болады (21-сурет).



Сурет 21 – Google slides парақшасы

3. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру. Тапсырма құру барысында тақырыптың толық ашылуын, мәлімет толықтығын, нақтылығын ескеру қажет. Тапсырмаларды *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon, Canva, MS Office, wordwall, Xmaind, Tilda, Timeline*, т.с.с. бағдарламаларды пайдалануға болады.


*2 деңгей тапсырмалары:*

1. Берілген тақырып бойынша реферат дайындау. Реферат көлемі 6-7 бет: оған мұқабә беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер кіреді. Рефератқа жазылған мәлімет нақты, анық, жүйелі болуы шарт. Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі. Рәсімдеуге келесідей талаптар қойылады: MS Word, қаріп 14, азат жол 1,25, жол аралық интервал 1, қажетінше *Ж, К, Ч* пайдалануға болады.


2. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау. Презентация көлемі 6-7 бет, реферат мазмұнына сәйкес болуы қажет. Презентацияны *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon* программаларын пайдаланып жасауға болады (22-сурет).

3. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру. Тапсырма құру барысында тақырыпты, тақырыптың толық ашылуын, мәлімет толықтығын, нақтылығын ескеру қажет. Тапсырмаларды *Google Slides, Prezi, Zoho Show, PowToon, Canva, MS Office, wordwall, Xmaind, Tilda, Timeline*, т.с.с. бағдарламаларды пайдалануға болады (23-сурет).

4. Берілген тақырыптар бойынша ментальды карта құру, ол үшін *Canva, Wordwall, Xmaind*, т.с.с бағдарламаларды пайдалануға болады. Мысалға төмендегі ментальды картамен танысыңыз (24-сурет).



Сурет 22 – Powtoon қосымшасы



Сурет 23 – Мектеп информатикасы ментальды картасы



Сурет 24 – Ақпараттандыру ментальды картасы

### 3 деңгей тапсырмалары:

1. Берілген тақырып бойынша эссе жазу. Эссенің көлемі 1 бет, 250-300 сөзден аспауы керек. Тақырып айқын және түсінікті болуы, қысқаша және түсінікті жазылуы, артық ештеңе болмауы, идеяңызды ашуға қажетті ақпараттарды ғана қамтуы, композициялық құрылымға ие болуы, логикалық, құрылымы айқын болуы, әр абзацында тек бір ғана негізгі ой болуы, тақырып бойынша айтылған ұстанымға сенімді дәлелдер болуы қажет. Эссе құрылымы: кіріспе – эссенің негізгі сұрағын, өзектілігін анықтау, негізгі бөлім – қойылған сұрақтың жауабы, қорытынды – жасалған қосымшалардың қорытындысы және эссе сұрағына соңғы жауап.

2. Берілген тақырып бойынша реферат дайындау. Реферат көлемі 6-7 бет: оған мұқаба беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер кіреді. Рефератқа жазылған мәлімет нақты, анық, жүйелі болуы шарт. Рефератты тексеру барысында материалдың мазмұны, стильдік сауаттылығы ескеріледі. Рәсімдеуге келесідей талаптар қойылады: MS Word, қаріп 14, азат жол 1.25, жол аралық интервал 1, қажетінше Ж, К, Ч пайдалануға болады.

3. Реферат тақырыбына сәйкес презентация дайындау. Презентация көлемі 6-7 бет, реферат мазмұнына сәйкес болуы қажет. Презентацияны *Google Slides*, *Prezi*, *Zoho Show*, *PowToon* программаларын пайдаланып жасауға болады.

4. Берілген тақырып бойынша білім алушыларға арналған тапсырма құру. Тапсырма құру барысында тақырыпты, тақырыптың толық ашылуын, мәлімет толықтығын, нақтылығын ескеру қажет. Тапсырмаларды *Google Slides*, *Prezi*, *Zoho Show*, *PowToon*, *Canva*, *MS Office*, *wordwall*, *Xmaind*, *Tilda*, *Timeline*, т.с.с. бағдарламаларды пайдалануға болады.

5. Берілген тақырыптар бойынша ментальды карта құру, ол үшін *Canva*, *Wordwall*, *Xmaind*, т.с.с бағдарламаларды пайдалануға болады. Мысалға төмендегі ментальды картамен танысыңыз (25-сурет).



Сурет 25 – Білім беруді ақпараттандыру ментальды картасы

«Информатика тарихы» курсының жаңартылған мазмұны бойынша барлығы 8 тақырыпта осындай төңкерілген сабақтар жасалды. Барлық тақырыптар бойынша бейне сабақ, дәріс материалы, қарастырылатын сұрақтар, пысықтауға арналған уақыт ленталары мен ментальды карталар, семинар сабақтарының деңгейлік тапсырмалары жасалған. Олармен электронды оқулықта танысуға болады.

Информатика тарихы курсын төңкерілген оқыту ресурсын пайдаланып ұсынылған әдістеме болашақ информатика мұғалімдерінің тек тарихи-ақпараттық құзыреттіліктерін ғана жетілдіре қоймай, сонымен қатар өз мамандықтарын терең түсінуге, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, информатиканы қалыптастыруға атсалысқан ғалымдар өмірімен, информатиканың қазіргі жағдайы мен болашағы туралы ойлардың қалыптасуын қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Зерттеу жұмысының гипотезасы мен міндеттеріне сәйкес үш кезеңнен тұратын педагогикалық эксперимент жоспары жасалды. Нақтырақ кезеңдерге тоқталып өтейік.

*Бірінші кезең 2018-2019 оқу жылы анықтау кезеңінің негізгі міндеттері:*

- зерттеудің өзектілігін негіздеу;
- эксперимент басында білім алушылардың информатика тарихы бойынша білім деңгейін анықтау;

Бұл кезеңде болашақ информатика мұғалімдерінің информатика тарихы бойынша білімдерін жетілдіруге бағытталған «Информатика тарихы» курсының әдістемелік жүйесі жасалып, мазмұны жаңартылды. Сонымен қатар эксперимент басында білім алушылардың информатика тарихы бойынша білім деңгейін анықтау үшін сауалнама сұрақтары жасалды. Болашақ информатика мұғалімінің мотивациялық бағыты мен оның тарихи-зерттеу қызметінің өзара байланысын анықтау негізінде информатика мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, М.Х. Дулати Тараз өңірлік университетінде зерттеу жүргізілді (Қосымша Б).

ЖОО-да болашақ информатика мұғалімдерінен информатика тарихы бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында 109 білім алушыдан сауалнама алынды. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады, олармен (Қосымша В)-да танысуға болады. Өткізілген сауалнама нәтижесі келесі 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Сауалнама нәтижелері

Деңгейлер	Студент саны
Төмен	70
Орташа	30
Жоғары	9

Өткізілген сауалнама нәтижесінде білім алушылардың басым көпшілігінде информатика тарихы бойынша білім деңгейінің төмен екенін байқауға болады.

*Екінші кезең 2019-2020 оқу жылы қалыптастыру кезеңі:* Информатика (B011 (6B015011)) бағыты бойынша білім алушы, 4 курс студенттеріне жүргізілді. Экспериментке барлығы 109 студент қатысты. Студенттер бақылаушы (55 студент) және эксперименталды (54 студент) болып екі топқа бөлінді.

Бұл кезеңде эксперименттік топ студенттерінің информатика тарихы бойынша білімдерін жетілдіруге бағытталған жұмыс жүргізілді. Эксперименттік топ арнайы әзірленген «Төңкерілген сынып» моделі негізінде оқытылды, ал бақылау тобы дәстүрлі әдіспен оқытылды.

*Үшінші кезең 2020-2021 оқу жылы бақылау кезеңінде:*

– бақылаушы және эксперименталды топтардың информатика тарихы бойынша білім деңгейіне талдау жүргізілді;

– эксперименттік және дәстүрлі әдістермен оқу нәтижелері арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы туралы болжам тексерілді;

– ұсынылып отырған жүйе студенттердің информатика тарихына қызығушылығын және тарихи-зерттеу қызметіне мотивациялық әсер ету туралы субъективті пікірін алу үшін сауалнама жүргізілді.

Бақылау-өлшеу материалдары ретінде тест, сауалнамалар қолданылды. Сараптамалық бағалау әдісімен тесттердің сәйкестілік өлшемдері анықталды. Әзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігі болашақ информатика мұғалімдерінің информатика тарихы бойынша білім деңгейімен анықталды.

Эксперимент барысына нақтырақ тоқталып өтейік. Жоғарыда айтылып өткендей «Информатика тарихы» бітіруші 4 курс студенттеріне 7 семестрге енгізіліп, пән ретінде оқытылды. Білім алушылардың информатика тарихы бойынша білім деңгейін және белгілі бір өзгерістерді анықтау үшін, тест экспериментке дейін және эксперименттен кейін алынды [135].

Экспериментке дейін өткізілген тест 20 сұрақтан құралған. Тестілеу нәтижелері бойынша *төмен, орта, жоғары* деңгейлерді белгілеп, оларға сәйкес төмен деңгей 10-ға, орта деңгей 15-ке, жоғарғы деңгей -20-ға тең деп анықтап алдық. Онымен 4-кестеде танысуға болады.

Кесте 4 – Тест нәтижелері бойынша деңгейлер


Деңгей	Дұрыс жауаптар саны
Төмен	10
Орта	15
Жоғарғы	20

БТ және ЭТ экспериментке дейін тест тапсырмасын орындау нәтижелерін төмендегі 5-кестеден көруге болады. Нақтырақ тоқталып өтсек: екі топтың да нәтижелері бердей екені, оның ішінде төменгі деңгей бойынша – 70 студент, орта деңгей бойынша – 30 студент, жоғарғы деңгей бойынша – 9 студент анықталып отыр.

Кесте 5 – БТ және ЭТ экспериментке дейінгі жауап беру деңгейлері

Деңгей	БТ	ЭТ
	жиілік (студент саны)	жиілік (студент саны)
Төменгі	35	35
Орта	15	15
Жоғарғы	5	4
Ескертулер: 1. БТ – Бақылау тобы 2. ЭТ – Эксперимент тобы		

Бұл мәліметтерді және жауаптардың жиілігін гистограмма арқылы көруге де болады (26-сурет).




Сурет 26 – Білім алушылардың жауаптар жиілігі

Мәліметтерді пайыздық көрсеткішпен 6-кестеден көруге болады.

Кесте 6 – БТ және ЭТ экспериментке дейінгі жауап беру деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері

Деңгей	БТ (%)	ЭТ (%)
Төмен	63,6%	64,8 %
Орта	27,3%	27,8 %
Жоғарғы	9,1%	7,4 %
Ескертулер: 1. БТ – Бақылау тобы 2. ЭТ – Эксперимент тобы		





Сурет 27 – БТ мен ЭТ экспериментке дейінгі пайыздық көрсеткіштері

Өткізілген тестілеу нәтижелерін сараптай келе, студенттердің басым көпшілігінің информатика тарихы бойынша білім деңгейі төмен немесе орташа деңгейде екені анықталып отыр.

2019-2020 оқу жылы арнайы жаңартылған «Информатика тарихы» курсы жасалды. Эксперименталды топқа жаңартылған әдістеме бойынша, ал бақылау тобына дәстүрлі әдіспен сабақ жүргізілді. Курсты жүргізу барысында эксперименталды топ студенттерінің пәнге деген қызығушылықтары байқалып, белсенділіктері артты. Курстың барлық тақырыптары қамтылған соң, білім деңгейлерін тексеру мақсатында БТ және ЭТ қайта тест алынды.

